



**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ**

**№2 (50)
2015**



ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ

№2 (50)
2015

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Республикалық терминология комиссиясының бюллетені

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ

№2 (50)
2015

Құрылтайшы:
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт
министрлігі
Тілдерді дамыту және
қоғамдық-саяси жұмыс
комитеті

ҚР Ақпарат министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы 2004
жылғы 11 тамызда № 5336-Ж
куәлігі берілген

Редакциялық алқа:

Мұхамедиұлы Арыстанбек
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің жанындағы
Республикалық терминология
комиссиясының төрағасы

Әзілханов Марат Алмасұлы
төрағаның орынбасары

Нұрғалиев Ербол Жолдаспекұлы
Комиссия хатшысы

М. Бақтиярұлы
К. Бұрханов
Д. Таумұрат
М. Ахметов
А. Тоқсаба
Д. Омашұлы
Б. Сағын
С. Әбдірахманов
А. Мәди
С. Әлісжан
С. Ибраим
Ш. Пәтеев
К. Юсуп

Бас редактор

Шерубай
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ



*Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Журналистика факультетінің деканы
ф.ғ.к., доцент,
ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері.*

ҰЛЫ ДАЛА ҰРПАҒЫ МӘҢГІЛІККЕ ӨЗ ТІЛІМЕН ЖОЛ ТАРТСА...

Немесе әріптеске хат Сөз басы

Қадірлі әріптес! Тіл мәселесінің таласты тұсында терең таным қажет. Өз басым тіл теориясы бақайшығының ішіндегі басбармақтай майын алып ішкен емеспін. Мамандығым бөлек, бірақ тілге тікелей қатысы бар болғандықтан да жілігін шағып көруге талшынып келе жатқаным рас. Талшынғанда, талғампаздықпен таңдап алуға ерінген емеспін.

Айтаман, айташы, айтарман және айтын мен айтым...

Бұған дейін «безен» «безенші» ғана емес талай аталымдарды айналымға ендіруге талпынғанмын. «Түркістан» газетінде белгілі радиожурналист, Қазақ радиосындағы «Інжу-маржан» айтылымының иесі Қойшығұл Мұстафаұлы туралы жарияланған «Айтаман» деген тұлғаттық (портреттік) мақалама байланысты бірнеше пікір жарияланды. Пікір айтқандардың ішінде ғалымдар да, журналистер де болған. Олар менің «айтаман» деп атаудағы негізгі ойымды қолдаған еді. Оған құлақ асқан құзырлы орындар болса, шіркін... «Айтаман» деген атаудың қазақ халыққорында (фольклорында) болғандығына дәлел ретінде келтіргенім халық ертегілерінің бірінен алынған «Хан бұқараға айтайын дегенін айтаманына айтқызды» деген бір ғана сөйлем еді. Осыдан бір-екі ай бұрын журналистика факультетінің 80 жылдығына арналған кітапты құрастыру барысында «Айтаманов» деген фамилияны (1974-1979жж. оқыпты) кездестірдім де дереу «Білім және мәдениет» арнасының Бас редакторы Аязби Бейсенқұлов мырзаға телефон шалдым. «Айтаман» деген адам есімі бар, демек ол - ерекше атау. Ата-ана жақсылыққа жорып, ізгі ырыммен ат қояды. «Айтаман» деп қойғанындағы бір себеп «балам патша жанында жүрсін, елге соның сөзін жеткізетін, дегенін істететін адам болғай» деген таза ниетінен туған. Осы «айтаман» деген атауды теле-радио-ада жиі қолданатын «жүргізуші» дегеннің орнына жұмсау үшін ұсынған

едім. Орысшаға аударсақ «жүргізуші» дегеніңіз «водитель» болып шығады.

(Айтса да, 2000 жылы іссапармен барғанда білгенім -Таулы Алтайдағы және Монғолиядағы қазақтар «шофер» дегенді «тізгінші» деп атайды екен.) Орыстар хабардың тізгінін ұстаушыларды «ведущий» дейді. Біз,қазақ журналисте, оны ойланбай «жүргізуші» деп аударсақ салдық та қолданысқа енгізіп жібердік. Осы келеңсіздіктен арылудың оңтайлы жолы табылған соң радио-айтылымдар тізгінін ұстаған маманды «айтаман» деп, ал телекөрсетілімдертізгінін ұстаған маманды «айташы» деп атасақ және олар бүгінгі телерадиожурналистикаға тікелей қатысы бар кәсіп иесінің, маманның ресми лауазымы болса дегенмін. (Штаттық кестеге осы атаулармен еңсе деп едім)

Белгілі бір сұхбаттың, әңгіменің болмаса сырашардың радиостудиядағы жазылымына немесе болашақ көрсетілімнің телестудиядағы түсіріліміне келген қатысушыны «қонақ» деп жүр. Қазақтың ұғымында қонақтың жөні де, еркі де басқа. Журналистикаға адам қонақ болып келмейді, елге қызмет ету үшін, халыққа қажетті сөзді айту үшін келеді. Ендеше студияға келген адамды «қонақ» дегеннен гөрі «айтарман» деп атаған жөн деп білемін. Сонда бір айтылым барысында тындарман – айтаман – айтарманқатысымы немесе көрсетілімбарысында көрермен – айташы – айтарман қатысымы орнығады. Енді осы айтушы, айташы, айтаман, айтармандардың өзара қатысымына байланысты қолданылуға тиісті аталымдар бар. Солардың қатарында «айтын» және «айтым» деген бір -бірімен мағыналас екі сөздің басын ашып алып, қолданысқа алуымыз керек деп ойлаймын. *Айтын* – ойдың, пікірдің ауызша айтылған(!) кез-келген нұсқасы. Басқаша тұжырымдасақ, ауызша айтылған ой-пікірлердің сөйлемдік нұсқаларының жиынтығы. (Сөз реті келгенде айта кетейін, жоғарыда қолданылған «жазын» – ойдың, пікірдің жазбаша жазылған нұсқасы. Қарап тұрсаңыз, тілімізде сөйлемнің ауызша түрін «айтын», ал жазбашасын «жазын» дейді екен). Ал айтым – ойды, пікірді ауызша айту мәнері, жеткізу машығы, айтушының немесе сөйлеушінің ауызша сөз саптау, сөйлем құрау шеберлігінің нәтижесі.(Бұларды ойдан шығарып отырғам жоқ, қазақ тілінде бар сөздер).

Жарлама, наақпарат және қосажар мен қосажаршы...

Алматы облыстық «Жетісу» газетінде Ақпарат бөлімінде



менгеруші болып істеп жүргенімде концертке, театрға, конференцияларға, басқа да болатын шараларға алдын ала шақыру мазмұнындағы, хабарлау сипатындағы ақпараттар мәгіндеріне «Жарлама» деген айдар аштым. Бұл «жарнама ғой» дегендер болды. Мен оны «афиша» дегеннің баламасы деп ұсындым. Афишаның, яғни жарламаның негізгі мақсаты - шақыру, болатын шараға келтіру, ал рекламаның, яғни жарнаманың мақсаты - тауарды насихаттау, алуға үгіттеу. Кейін әйгілі тележурналист, Тіл бағдарламасының айташысы, марқұм Бейбіт Құсанбек жүргізген кезекті көрсетілімде «афиша» дегенді тікелей аударып, «жарқағаз» деп ұсынғандар болды. Мен қарсы уәж айттым: «Афиша қазіргі заманда тек қағазға жазылмайды, темірге де жазылады, тек жарға немесе қабырғаға ілінбейді. Олардың электрондық нұсқалары да бар, ауызша айтылатын түрлері де болады» дедім. Сөйтіп, мен «афиша» дегенді «жарлама» деп, ал «реклама» дегенді бұрынғыша «жарнама» деп атауды тағы да ұсындым. Ол ұсынысымнан әлі бас тартқан жоқпын. Бас тартпаймын да. Маған қазақ тілінің бір сөзі ғана емес, әрбір әрібі қымбат. Кемелбек мырза өзіңіз айтқандай «бір сөз емес бір дыбыстан да» көз жазып қалуға болмайды! Сол Бейбіт Құсанбек тізгінін ұстаған «Тіл» бағдарламасының келесі бір көрсетілімінде «дезинформация» дегеннің қазақша баламасы талқыға түсті. Айтармандардың (студияда түсірілімге қатысып отырғандардың) бірі «жалған ақпарат», енді бірі «қарсы ақпарат» дегенді ұсынып, қолдап жатты. Мен «на(а)қпарат» деген баламаны (аударманы емес) ұсындым, ол ұсынысты шәкірттерімнің біріне жасаттым да, өзім қолдау көрсеттім. Дезинформацияның атқаратын қызметі - өтірік тарату немесе таралған ақпаратқа қарсы ақпарат тарату ғана емес, оның ең басты мақсаты –діттеген нысанын күйрету, қоғам алдында масқарасын шығару, абыройын айрандай төгу. Оған өтірік өрге баспай, қарсы ақпараттың шамасы келмей қалуы мүмкін. Ол үшін шын ақпарат қажет. Нысан туралы елге таратылуға тиіс емес, беделіне нұқсан келтіретін шындықты жайып салу - осы дезинформацияның басты мұраты. Ендеңе оны «жалған ақпарат» немесе «қарсы ақпарат» дегеннен көрі «наақпарат» деп алған көңілге әлдеқайда қонымды деп білемін. Сөз алдына қойылған «на» деген жалғаудың жағымсыздық мәні бар. Оны кезінде Алаш зиялылары қолданған. (мыс.: «нариза», «намақұл», «намәрт», т.б.)

Қазақта біреу сөйлеп немесе айтып жатқанда екінші біреу қатарласа, қосыла кеткенде, «қосамжарланба» деп тыйып тастайтын әдеп бар. Яғни, «қосыла жарлама», «қосыла сөйлеме» дегені. Осыны

негізге ала отырып, «осы біз «комментарий» дегенді «қосажар», ал «комментатор» дегенді «қосажаршы» деп аударып қолдансақ» деп жазғаныма да бірер жыл болды. Оны спорт журналистері оқыды. Оқығанмен, «бүгінгі футболды комментатор комментарийледі» дейміз бе, әлде «футболға комментатор комментарий берді» дейміз бе, болмаса «футболға комментатор комментарий жасады» дейміз бе деп дал. Қалай десе де қазақ тілінің орамына келіп тұрған жоқ. Өйткені, «комментарий» деген сөз «белгілі бір мәтінге немесе болған оқиғаға берілген түсінік» деген мағына береді. Егер осы мағынада қолдансақ, онда «футболға түсінікші түсінік берді» немесе «футболды түсіндіруші түсіндірді» деуіміз керек. Түсінік берудің мағынасы әлдеқайда кең. Және ол футбол жүріп жатқанда емес, басқа уақытта да берілуі мүмкін. Және бұл атаудың ғылыми мәні де бар. «Түсіндірді» десек те оның мағыналық реңкі басқаша болып шығады. Ал енді басқа саланы былай қоя тұрып, тек спорт журналистикасында қолданылатын «комментарий» деген терминнің қазақша баламасын «қосажар», ал «комментатор» дегенді «қосажаршы» деп алсақ, бізге кім қой дейді? «Бүгінгі футболды Есей Жеңісұлы қосажарлады» десек, әлдеқайда жатық естілмей ме? Бұл атауларды журналистер іс барысында қолданбайды. Өйткені, ондай лауазым ресми түрде тіркелмеген және бұйрықпен бекімеген. Олай болса, мәселе билік басындағыларға келіп тіреледі.

Жәрдемер, сырашар және лепес...

Ана бір жылы шәкірттеріммен журналистика саласында көп қолданылатын шет елден келген терминдердің қазақша баламасын түзіп көру талпынысын бастадық. Ол бүгін де жалғасуда. Тартыс тудырып келе жатқан аталымның бірі «суфлер» дегенге қатысты. Біз оны «жәрдемер» деп алдық. Кемелбек мырза, «бұл қай тілдің қыйсынына сай жасалды? Олай неге атаймыз, бұл қазақ тілінің тілжасам қағидасына келмейді» деп байбалам саларсыз- салмассыз, біз оған түсіністікпен қараймыз. Біздің түпкі мақсат - қайткенде қазақ тілін жат сөздерден бірте-бірте арылту. Тілді ұлтсыздандырудан қорғау. Рас, қай елден затындық (материалдық) игілік келсе, игілікпен бірге сол елдің рухани-мәдени һәм тілдік құндылықтары қабағаттаса келеді. Соларға қатысты ұғымдар мен түсініктер санамызға қатар енеді. Алғаш тосырқасақ та, жатырқасақ та амалсыз қабылдауға мәжбүрміз. Қабылдаған соң, уақыт өте келе, күнделікті қолданыс барысында әлгі игіліктерді толық игеріп



алғаннан кейін өзіміздің ұлттық санамызда соларға қатысты төл танымымыз пайда болады. Әлгі ұғым-түсініктердің қазақша нұсқасы өмірге келеді. Сонымен қатар, оларға қатысты аталымдар да пайда бола бастайды. Кейде еренсіздігімізден өз тілімізде бар баламаларды назардан тыс қалдырамыз, болмаса немкеттілікпен тіл үшін күресте енжарлық танытамыз. Дәл қазіргі жаппай жаһандану үдерісі сананы жаулап бара жатқанда ұлттық рухты сақтап қалу үшін ең алдымен тілдік құндылықтарға араша түсуіміз керек. Ол үшін ұрандап алаңға шығудың, қайта-қайта жиналыс жасаудың қажеті шамалы. Ол үшін әр қазақ тамшыдай болса да сеп болатын нақты іспен айналысу керек. Кемелбек мырза, мен берген сырашарға (Сіз айтқандай «сұхбат» емес) қатысты лепесіңізді (репликаңызды) сондай істің бірі деп түсінемін. Сондықтан да көкейімде жүрген ойларымды бірге бөлісуге ықластымын.

Кептелек, жолақыр, өтілөт, өтілмен және ...

Сөзжасам дейміз бе, терминжасам дейміз бе, осы іс ұлт патриоттарының күнделікті тірлігі болуы керек. Шеттен енген сөзді аудару үшін жылдап кітап ақтарудың кейде қажеті де болмай қалады. Оны мен өз тәжірибемнен білемін. Күн сайын кептелекке тап боламын. Кей құзырлы орындар мен БАҚ өкілдері пайдаланып жүрген «кептеліске» емес. «Кептеліс» деген сөз «кептелу ісі» деген мағына береді. Қазақ ұғымында іс- саналы, мақсатты түрде атқаралатын әрекеттер жиынтығы. Ендеше, ешкім ертелі-кеш әдейі жол ортасына саналы, мақсатты түрде көлігімен кептелу үшін шықпайды. Кептелу жағдайын ешкім алдын ала білмейді. Бұл жәйт кейбір ақпарат құралдары айтып жүргендей «көлік тығыны» да емес. Тығынның да атқаратын қызметі бар. Қазақ жол үстіндегі мұндай жағдайды ежелден «кептелек» депті. Бұл жөнінде осыдан төрт- бес жыл бұрын «Егемен Қазақстан» газеті жазды. Сөйтсек, «Ағын суда өткелек, керуен жолда кептелек бар» деген мәтел бұрыннан бар екен. Кептелек - күтпеген жерде кездейсоқ пайда болған уақытша кедергі. (Бұл сөздің арасында жеңіл-желпілік, тұрақсыздық мән бар. Мысалы, ебелек, көбелек, сүмелек, түнемек, тірелек т.б.с.)

Сол кептелекке тап болып, автобуста тұрсам, құлағыма жұмсақ болса да санама салқын естілген сөздің бірі «валидатор» болды. Күнде еститінім әлгі сөз: «Құрметті жолаушылар, жолақысын валидаторға төлеңіздер!» «валидатор қағаз ақша қабылдамайды», «валидатор... валидатор...» Бұл анау мектепте тарих сабағынан білген «гладиатор» сөзі секілді естіледі де тұрады. Ойланып келемін. Мұны қазақша

қалай атауға болады? Таптым. «Жолақыр!» Жол ақысын салатын ақыр... Келесі жолы айтудың орайы келді. Жолақыр билет бермеді. Автобус тізгіншісіне келіп: - Жолақыр істемей қалды, - дедім. Ол бірден түсінді. Аялдамаға тоқтаған соң жолақырдың ақауын жөндеп болып орнына отырды да; -Құрметті жолаушылар! Жолақысын жолақырға салыңыздар!- деді. Ол менен «мына сөзді қайдан алдың, неге олай дедің» деген жоқ. Бірден қолданысқа енгізді де жіберді. Біздің журналистерге осындай ілкімділік жетіспейді. Жаңа нәрсе көрсе шошына қарап, байыбына бармай жатып, байбалам салып, байыбына барса, іштарлығы ұстап, кедергі келтіріп жатады. Бізде журналистік ауызбірлік жетіспейді. Кемелбек мырза! Біріміз бастаған істі (әрине ұлтқа қатысты мәселелерде, әсіресе) екіншіміз «әп бәрекелді!» деп қолдап кету кемшін. Тіпті, жоқтың қасы. Журналистика айға барсаң да журналистика екендігін естен шығарып, санамызды жайлап алған құлдық-күндік түйсіктен арыла алмай, жеме-жемге келгенде жершілдік, жүзшілдік, рушылдық психологияның шеңберінде ғана әрекет етуден аспай жатамыз.

Жә. Тақырыбыма көшейін. Бірде ғалым, әрі ақын Бауыржан досым (Жақып) кэмпитүрге мәтінді дауыстап оқып беріп, тергізіп жатып:

-Осы, «стажировка» дегенді не деп қазақшаладық?- деп оқыстан сұрақ қойып, мен жаққа қарады. Мен ойланып тұрып:

- Өтілөт,- дедім. Ол «шын ба?» дегендей сұрақты пішінмен ойлана қалды. Мен:

-«Стаж» дегенді «өтіл» деп қолданып келе жатқанымызға көп болды. Барлық құжаттарға солай жазылып кетті. «Стаж»дегеннің баламасы «өтіл» болса, «стажировканын» баламасы өзінен өзі «өтілөт» болмай ма?- дедім.

Ол солай деп мәтініне қосты да жіберді. Сөзімнің қолдау тапқанына разы болған менің ойыма «стажер» дегеннің баламасы да келе кетті. Оны «өтілмен» деп ұсындым. Бұл туралы осыдан бір –екі жыл бұрын «Айқын» газетінде жарияланған атаулар мен аталымдар туралы мақаламда айттым. Тағы қайталап отырмын. Әдейі. «Мынау «безен» туралы қашан айтады?» - деп қарныңыз ашып отырған шығар, Кемелбек аға, асхана маңына бара кетейік. Алдымен Сіздерден жеткен, журналистер арасындағы мына бір әзілді есіңізге салайын: Журналистика факультетіне жаңа түскен студенттер асханаға келіпті. Адам көп. Тізіліп кезекке тұрады. Бір студент таза қазақ ауылынан келген екен. Асхана мәзіріндегі жазулы тұрған тамақтардың бірін

де танымайды, тіпті оларды айту тұрмақ, оқуға да тілі әрең келеді. Алдыңғылар білсін-білмесін таңдаған тамақтарының атын айтып, алып жатыр. Шницель, бифштекс, поджарок, люли-кебаб... Бұған да кезек келгенде еңсесін тіктеп:

-Сіздерде номпарель бар ма?- депті. Аспазшы «ол қандай тамақ?» дегендей анттарылып тұрып басын шайқапты. Мынау ренішті кейіппен:

-Сонда, не, сіздерде тіпті, қуырылған номпарель де жоқ па?- десе, аспазшы саспастан:

- Неге жоқ? Бізде бар. Тек бүгінгі менюде жоқ,- депті.

Әрине, сіз «номпарель» дегеннің не екенін білесізғой, біздің саладан тыс оқырман үшін айта кетейін, «номпарель» деген баспаэріп өлшемдерінің бірінің халықаралық атауы.Салмақ өлшемі - «килограмм», ұзындық өлшемі - «сантиметр» секілді.Олар аударылмайды, әрине. Бірақ, қазекем айта-айта келе тіліне икемдеп алған сәтінде килограммды «келі», сантиметрді «сәнті» дей салады ғой.

Біздің салада аударуға келетін, баламаларын табуға болатын атаулар жеткілікті. Мысалы «оттиск» дегенді «таңбағат» деп, ал «гранка» дегенді «пәттеғат» деп қолданып жүр кейінгілер.

Безен, безенші және безендіруші...

Жоғарыдағы жайттардың бәрін тізіп отырғандағы көздегенім – біріншіден, тіл мәселесі Сізге де, оқырманға да ортақ болған соң ортаға салып, ой бөлісу. Жөні келіп тұрған атаулармен аталымдарды айналымға қосуға түрткі болу; екіншіден, «безен» және «безенші» деген атауларды аузыма алғанға дейін де қазақ тіліндегі атаулар үшін тірлік етіп келе жатқаныдығымды білдіру; үшіншіден, «безен», «безенші» деген тұлғаларды білместіктен емес, біле тұра әдейі, мақсатты түрде қолданысқа енгізу ниетінде айтқандығымды аңғарту.

«Безен» деген түбірді бізбүгін қолдан жасап отырған жоқпыз. Ол бұрыннан тілдік қолданыста бар сөз. Егер «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің»1976 жылы шыққан 2-томының 214 - бетін ашсаңыз, мына анықтаманы оқисыз: «Безенді. С ы н. Сәнді, әшекейлі, өрнекті». Көрдiңiз бе, «безен» сөзi мұнда зат есiм ретiнде қолданылған да оған «-дi» жұрнағы жалғанып сын есiм пайда болған. Ол «әрлен», «сәнден» деген етістіктер қатарына жататын «-е+н» деген бұйрық райлы екі бірдей қосымшаны қабылдап тұрған етістік сөз» - «безен» емес. Тіпті осы сөздің өзі болса да қателеспес едік. Өйткені біз зат

есімнен туындаған етістікті қайтадан зат есімге әдейі айналдырып отырған болар едік. Ондай құбылыс қазақ тіліне жат емес екенін Өзіңіз де білесіз. Бірақ біз сөздің түбіріне «без» - «безе» - секілді тұлғаларды ғана алдық. Өйткені, қазақ тілінде қатты заттың бетіне (әсіресе металл) өрнек салуды, әрлеуді «безеу» дейді. Орақтың жүзінің біржағына бедер салуды да, араның жүзін бедерлеуді, найзаның ұшын қырлап үшкірлеуді, өткірлеуді «безеу» дейді. Безелген шалғының да, орақтыңда жүзі өткір, кескіш болады. Тиген жерін қиып түскіш болады. Безеу қайрау әрекетіне ұқсас үдеріс. Осыдан келіп қатты заттарға өрнек салу, жүз шығару өнерін «безеу» деп кеткен. («тілін безеді» деген тіркес осыдан келіп шыққан, сірә). Оны жай жұмсақ затпен жүзеге асыру мүмкін емес. Ондай құралды безелетін затыннан да қатты заттан жасайды. Ондай өрнек салу құралының бір түрін «безеубас» дейді. «Безеубіз» деген де құрал бар. «Без», «безе» сөздерінен туындаған «безелу», «безету», «безеулі» (егеулі деген секілді), «безеуші», «безеуіш» сияқты сөздік тұлғалар тілдік қолданыста бұрыннан бар.

Сонымен, біз «безе» деген бұйрық райлы етістікке зат есім тудырушы «н» жұрнағын жалғау арқылы жасалған «безен» деген атауды «дизайн» дегеннің баламасы ретінде алдық та қолданысқа енгіздік. «Неге өйтесің, «дизайн» деген халықаралық атау бар ғой» деп те қарсы шығатындар бар ғой Сіздің айналаңызда. Егер біз өзімізде ежелден келе жатқан кәсіпті өз атымен атамасақ, онда сырттан келген сырттан сөз басымдық танытады да, «ол өнер бізде мүлдем болмаған» деген ұғым тудырады, соның ықпалынан кейін біздің сонау атамзаманнан бері сабақтасқан төлтума өнеріміз жұртта қалған күшіктің кейпінде қалады. Бүгінде ЮНЕСКО-ның қорғауына алынбақ киіз үйдің безенін алсаңыз да, сонау үйсін, сақ дәуірінен бері уақыт талабына қарай жаңғыра дамып бізге жеткен киім-кешек безенін көрсеңіз де, жалпы ұлттық игілікке айналған басқа да безендік құндылықтарға қарасаңыз да біздің тарихымыздың, өнеріміздің тым тереңнен тамыр алатындығын танимыз. Танып тұрып оларды неге біз өзге елдің тілімен атап, солардың ұғым-түсініктері бойынша бағалауымыз керек?! Әлбетте, ел мен елдің араласуы нәтижесінде жүзеге асқан мәдени-рухани жаңғырулар үдерісінде енген жат сөзді тілдік қолданыстан ешкім бірден шығарып тастай алмайды. Бірақ екеуі де бір мағынаны беретін синоним сөздер ретінде де, терминдік баламалар санатында да қатар өмір сүруге қақылы. Десек те айналамыздағы жұрттың да тілдік қорына назар ударып қоюға

болады. Мысалы, қытайларда ағылшынның «**design** -дизайн» деген сөзін алмастыра алатын баламалар бар екен және олар біреу, екеу емес, оннан асады: хээ зураг, зурах, хээлэх, санал, бодол, хорон санаа, төсөл, хийц, , загвар, зураг, зохиох, төсөл(э.з), төсөл зохиолт(э.з) Осы секілді қазақ тілінде де дизайн мағынасына жақын атаулар жетерлік қой: ою, қию, ию, өрнек, бедер, кесте, бәдіз, без, батырма, тоқыма, оймыш, сырма, әр, т.б. Бұлардың бәрі жасау әдісіне, жасалатын затына қарай сала-салаға бөлініп кеткен. Осылардың бәрі де затты әсемдеуге, сәндеуге, көркемдеуге, әрлеуге, ажарлауға, көркейтуге, безендеуге қатысты айтылатындықтан, барлығының басын біріктіретін атауды «безен» деп алсақ, сөзімізді кемелдендіріп, ойымызды өрістетіп түспей ме. олай етудің ғылыми маңызы бар екенін де естен шығармалық. Егер біз «дизайн» деген атаудың өзін ғана қалдырсақ, онда бұл өнер бізде бұрын «мүлдем болмаған екен» деген пікір қалыптастырады, «кешегі кеңестер кезінде дизайнерлер одағы құрылғаннан басталған» екен деген де түсінік тудырады.

Қазақ «мал бағушы» деп те, «малшы» деп те айтады. Бірақ, екі қолданыстың мағыналық реңкі екі басқа. Алдыңғысы малдысәті түскенде бағушы адамды айтып отыр, ал екіншісінде сол іспен үнемі айналысатын кәсіп иесін айтып отыр. Мыс.: «үй жасаушы» мен «үйші» немесе «етік тігуші» мен «етікші» мәртебесі бір емес. Дәл осы сияқты безенші дегеніміз - безен өнерінің кәсіби шебері, сол мамандықтың иесі. Ал безендіруші - бір сәттік әрекет етуші, осы сәттен кейін ол бұл іспен айналыспауы да мүмкін. Біз өз сөзімізде «дизайн» деген мамандық атын өзіміздің ұлттық тілімізде «безен» деп, ал сол мамандықтың иесі, кәсіби күзиретті тұлға — «дизайнер» дегенді «безенші» деп алайық деп басын ашып айтып едік. «Безендіруші» дегеннің орысша баламасы «оформитель» немесе «иллюстратор». («дизайн» емес!)

Байынқол ҚАЛИҰЛЫ,

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университетінің профессоры, ф.ғ.д.,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты*

ҚАЗАҚША ТЕРМИН ЖАСАУ МӘСЕЛЕСІ

Тілдің заман талабымен бірге аттап, бірге адымдап отыратын саласы – оның терминологиясы. Қазақ терминологиясы – өзекті мәселелердің бірі. Ұлт терминдерін жасау, оның теориялық және практикалық мәселелері, шетел терминдерін аудару-аудармау ісі, терминдердің уәжділігі мен түсініктілігі, терминге қатысты тілдік, ұлттық, әлеуметтік, ғылыми мүдделер, терминдерге қойылатын талаптар, терминдер арқылы тіліміздің баюы, даму жолдары – бәрі-бәрі түбегейлі шешуді талап етеді.

Бұл мақалада біз бір-ақ мәселеге, атап айтқанда қазақша термин (сөз) жасау ісіне ғана баса көңіл аудармақпыз. Өйткені термин жасау – бірінші кезекте, шығармашылық іс, екінші кезекте ол ғылыми мәселе. Сондықтан да ғылыми терминдерге «қолдануға қолайлы, түсінуге жеңіл, уәжді, жүйелі болуы шарт» деген талап қойылады. Сонда ғана терминдер халық түсіне алатын, халық игілігіне жарайтын тілдік бірліктер болып табылады. Ондай терминдер халқымыздың рухани байлығын молайтады, тілімізді байытады.

Терминдердің ең басты қызметі – ғылыми ұғымды білдіру, сол арқылы ғылымды дамыту дейтін болсақ, бұған дейін бізге түсіндіріліп келгеніндей, термин – мамандарға, ғалымдарға ғана қажетті шартты таңба емес, ол – халықтың ақыл-ойы, санасы, ұлттық рухани қазынасы. Ендеше, терминдер шетел сөздерін қабылдай салу арқылы емес, халық тілі негізінде жасалуға тиісті.

Осы жерде біздің қазақша терминдер деген мен қазақ терминдері дегендердің айырмашылықтары бар екендіктерін ескерте кеткіміз келеді. Қазақ терминдері деп – бұған дейін және қазіргі күндері қолданылып жүрген орысшасы бар, ағылшыншасы бар, қазақшасы бар – барлық терминдердің жиынтығын айтамыз. Ал қазақша терминдер дегеніміз – солардың ішіндегі тек қазақша жасалғандары ғана. Төмендегі әңгіме осы соңғы топ төңірегінде болмақшы.

Несін жасырамыз, кеңестік саясаттың салдарынан одақтық, республикалық терминком құрылып, терминдерді одақ бойынша стандарттау орталығы (институт) ұйымдастырылып, ұлт тілінде



термин жасауға тыйым салынған кездер болды. «Қазақ тілінде ғылыми ұғымдарды білдіретін сөздер жоқ», «ғылыми ұғымдарды латын, грек сөздерімен беру керек», «оларды аударуға болмайды» деген жалған қағидасымақтар ұсынылды. Мұндай пікірлерді билік иелері ғана айтса түсінікті ғой. Ең жаманы оған өзіміздің ішімізден шыққан «оқығандар» қосылып, «қазақ сөздері термин жасауға жарамайды», «халықаралық терминдерді аударуға болмайды», «термин аударылса, оның түсінігі, мағынасы бұрмаланады», «термин шетел сөздері болса, халықтардың жақындасуы тездейді» деп ұрандатты. Соның нәтижесінде тіліміздегі терминдердің 70-80 пайызы шетел сөздері болып шыға келді.

Егер цифрмен айтар болсақ, тіліміздегі шетел терминдерінің саны жүз мың сөз екен. Бұл жүз мың сөз, сөз жоқ, тіліміздің құрылымы мен ерекшелігіне қайшы келіп, сөздік қорымызды шұбарлады. Терминдердің көбі көпшілікке түсініксіз болып, ғылым халықтан алыстатылды. Оның бірден-бір себебі – қазақ тілінде термин жасау ісінің ұлттық негізден қол үзгендігі еді.

Терминдер – «ғылыми ұғымның атауы» деген қағида негізінен дұрыс. Бірақ бұл – тар шеңбердегі ұғым. Термин ғылыми ұғымның атауы болумен бірге, ол ұлттық сананың, ұлттық ғылыми ойдың нәтижесі болуға тиісті. Сөйтіп, оның қоғамның ішкі-сыртқы сұранысын, рухани талаптарын, мұқтажын толық қанағаттандырғаны абзал. Ол үшін, тағы да қайталап айтамыз, термин ұлт тілінің негізінде жасалуы керек.

Қазақша термин жасау үшін не керек?

Қазақша термин жасау үшін бір-ақ нәрсе керек. Ол – қазақ тілін дамытуға, жетілдіруге деген ақ ниет пен шынайы намыс қана. Ниет пен намыс болса, бәрі де болады. Біз зардап шексек, сол ниет пен намыстың жоқтығынан ғана залал көріп жүрміз.

Қазақша термин жасау үшін, біріншіден, «мынау халықаралық термин, оны аударуға, қазақшалауға болмайды» деген теріс пиғылдан арылу керек. Ондай заң еш жерде жазылмаған. Оны шығарып жүргендер – белгілі бір себептермен қазақша термин жасағысы, жасатқысы келмей жүргендер ғана. Екіншіден, «халықаралық терминдер әбден қалыптасып кеткен, қалыптасқан терминдерді бұзбай-ақ қоялық» деген көлгірсіген сөзге тыйым салған жөн. Күшпен, зорлықпен қалыптастырған терминдерді күшпен, зорлықпен ғана жоюға болады. Үшіншіден, «уақыты болсын», «толғағы жетсін», «пісуі келіссін» деп, ырғалып-жырғалып жүргенді қойып, қазақша

термин жасауға үлкеніміз бар, кішіміз бар, қызметкерлеріміз бар, қызметкер еместеріміз бар – бәріміздің бірден бел шешіп кірісіп кеткеніміз абзал.

Мен басқа бір мақаламда «француздың *палетот* сөзін орыстар *пальто*, румындар – *палтон* деп, өзгертіп алыпты. Орыс тіліне бас ұрып, ол сөзді *пальто* дегенше, тіліміздің заңдылығына сай – *палте* деп алсақ, дұрыс болар еді» деп жазған едім. Осы жерде сол ойымды тағы да қайталағым келіп тұр. Сондағы мақсатым – «шет жұрттық сөздерді қабылдаудың осындай да жолы бар» дегенді баса айту. Жалғыз *палте* сөзін ғана емес, осы типтес кірме сөздердің де, терминдердің де көпшілігін қазақ тілінің заңдылығы бойынша айтып, оларды айтылуы бойынша жазсақ, ең дұрысы сол болған болар еді.

Өкінішке орай, қазірше ешкім олай істеп жүрген жоқ. Керісінше, түркі тілдерінің *тауар. шамадан* сөздерін орыстар біздерден алып, оларды *товар, чемодан* деп өзгертіп қабылдағандарында жұмыстары жоқ, біздің оқулық жазғыштарымыз: «бұлар орыс тілінен енген сөздер» – деп, білімдарлық танытып, оларды (товар, чемодан) 1-сыныптың «Әліппесі» мен 2-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығына және басқа да сөздіктерге сол күйінде ендіріп жіберген. Егер білімді, саналы, ұлтжанды болсақ, сөйтер ме едік?!

Тіл – халықтық болғанымен ол жеке адамға, жеке адамның ойы мен санасына, оның адами әрекетіне тәуелсіз емес. Олай болса, тілді, әсіресе оның терминологиясын саналы түрде бағыттап отыруға болады. Олай етпей, оны еркіне жіберсек, ол бей-берекет күй кешуі мүмкін. Себебі тілдің бай-кедей болуы немесе таза-былғанған болуы оның тұтынушыларына байланысты. Тұтынушылары шын мәнінде сауатты, білімді болса, олар өз тілін жете меңгерген болса, онда оның тілі де жүйелі, дамыған болады. Ал тұтынушылардың өзі будан немесе араласқан болса, оның тілі де шатасқан, будан болып шыға келеді.

Қазақ терминшілерінің бір жаман әдеті бар. Ол – қазақша термин жасауға мойындарының жар бермейтіндігі. Олар өздеріне түсінікті төл сөздерден термин жасағаннан гөрі халыққа түсініксіз шетел сөздерінен термин жасағанды, термин жасағанды емес, даяр терминді сол күйінде, соламайымен қабылдай салғанды қолайлы көреді де тұрады. «Неге олай?» – деп, сұрай қалсаң, «қазақ сөздері шетел терминдерінің мағынасын дәл бермейді», – деп жауап береді. Дұрысын айтсақ, бұл қазақша термин жасатпаудың сылтауы ғана. Әйтпесе сөзге, терминге (бір сөзбен айтқанда, таңбаға) кез келген

мағынаны таңуға болады.

Шындығында, гәп мағынаны дәл берген-бермегенде емес, гәп төл сөздерімізді менсінбеуде, оларды олқы тұтуда, қомсынуда. Баяғы «қолда бардың кәдірі жоқ», «ауылдағының аузы сасық» дегеннің кері. Өзіңді өзекке теуіп, жатты төрге шығаруды әдетке айналдырған бодандықтың сарқыншағы.

Бұл мәселенің басқа бір қыры бар. Ол – өз тіліміздің қыр-сырын өзіміздің жете білмейтіндігімізде, оның мән-мағынасын, күшін, әлеуеттілігін түсіне алмайтындығымызда. Ал шетел сөздерінің мәнді-мағыналы, жақсы болып тұрған себебі ол сөздерді әлгі адамның өзінің жақсы түсінетіндігінде және жиі пайдаланатындығында болып тұр. Басқа елдің, жалпы халықтың оны білетін-білмейтіндігінде, түсінетін-түсінбейтіндігінде жұмысы жоқ.

Мұндай кемшіліктерді бетке айтып, шындықты дәлелдей бастасаң, олар ішкі пиғылын жасыру үшін: «Халықаралық терминдер аударылмайды» - деп, екінші жағына жалт береді. Неге аударылмайды? Аударылады! Мысалы: *индикатив* дегеннің орысшасы – *изъявительное* (наклонение), қазақшасы – *ашық рай*; *локатив* дегеннің орысшасы – *местный падеж*, қазақшасы – *жатыс септік*; *сигнификат* дегеннің орысшасы – *обозначаемое*, қазақшасы – *таңбаланушы*; *гомогенный* дегеннің орысшасы – *однородный*, қазақшасы – *біртекті/біркелкі*, – деп, тағы да дәлелдей бастайсың. Қарсыласымыз енді бастапқы пікірін өзгерте қойып: «Халықаралық терминдерді аударуға болмайды. Сондай заң бар», – деп, үшінші жағына жантая кетеді. Бірақ ол заң қашан шықты, кім шығарды? – деген сұрақтарға берер жауабы жоқ. Оған әйтеуір қазақша терминдер жасалынбаса болғаны. Сылтау дегеннің оншақтысын ойлап табудан ұялмайды.

Айтқан сылтаулары мен келтірген дәлелдеріне тиянақты пікір айтып, қазақша термин жасаудың дұрыс екендігін теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік тұрғыдан да дәлелдеп берсең, қазақша терминнің жаулары сонда да берілмей: «Орысша терминдер тілімізге әбден қалыптасып кеткен. Қалыптасқан орысша терминдерді қазақшаға ауыстыру немесе олардың қазақша баламасын жасау – әдеби тілді бүлдіру болып табылады», – деп, төртінші жағына қисаяды.

Ұлттық терминдер сол ұлттың өкілдеріне түсінікті, қолданушыларына ыңғайлы болу керектігіне ешкім таласа қоймас деп ойлаймын. Егер мен сіздерден: *антье*, *гелокоид*, *дит*, *изоэдр*, *квантиль*, *моноид*, *нат*, *подера*, *ранг* (бәрі де математика терминдері) деген

терминдерді білесіздер ме? – деп сұраған болсам, сіздер, әрине, егер мамандықтарыңыз математик болмаса бірден жауап бере қоймаған болар едіңіздер. Ал *азайғыш, көпжақ, нөл, нөмір, сұлба, сызба, теңдік, үшбұрыш, шама* (бұлар да математика терминдері) дегендерді ше? – деп сұрай қалсам, оған тез жауап қайтаратындықтарыңызға күмәнім жоқ. Бар гәп терминдердің түсінікті-түсініксіздігінде. Егер терминдер қазақша жасалған болса, онда олар түсінікті болады. Олай болса, термин жасаған екенбіз, оның қазақша болу жағын, халыққа түсінікті болу жағын көбірек ескергендігіміз жөн болар еді.

Термин жасау дегенді көптеген адамдар орыс тіліндегі терминдерді қазақшаға аудару деп түсінеді. Бұл – қате түсінік. Оның қате болатын себебі: аудару – термин жасаудың бір ғана тәсілі. Термин жасаудың аударудан басқа да толып жатқан амалдары бар. Солардың бірі – жаңадан сөз жасау.

Термин (сөз) жасаушылардың көпшілігі – термин (сөз) жасап, бастарын ауыртқысы келмейді. Ал алда-жалда термин жасай қалса, әбден жауыр болған тәсіл – баяғы уәжді (мотивті) тәсілмен: не түбірге жұрнақ, жалғау арқылы термин жасайды (туынды сөз), не екі түбірді бір-біріне қосу, біріктіру арқылы термин жасайды (біріккен сөз) немесе екі сөзді тіркестіру арқылы термин жасайды (тіркесті сөз). Бұлардың бәрі дұрыс. Бірақ термин жасау бұлармен ғана бітпейді.

Термин жасаудың тиімді тәсілдерінің бірі – уәжсіз тәсілмен термин жасау. Мұны көпшілік терминшілер біле де бермеуі мүмкін. Сондықтан болар, кейбіреулер уәжсіз тәсілмен термин жасай қалса (мәселен, *мәнбі* – факт, *ләтір* – парафин, *тініке* – никель, *ысырат* – траектория т.б. деген сияқты), олардың төбе шаштары тік тұрып, «мынау не деген сұмдық», «қазақта ондай сөздер жоқ» деген сөздерді желеу етіп, жаңа терминдерді қалыптастырып жіберудің орнына жөргегінде жатқанда-ақ оның басына су құйып тынады.

Осы жерде айта кетер мәселе: термин әуелі жасалынады, содан кейін барып ол қолданысқа түседі. Жасалынған термин айтуға жеңіл, тілдік заңдылықтарға, үндесім қағидасына сай келіп, көпшіліктің көңілінен шығып жатса, термин сол тілде қабылданып кетеді. Олай болмаған жағдайда термин тілге қабылданбай, тек төлиелік (авторлық) сөз болып қалып қояды (Мұндайлардың кейбіреулері төлиенің беделімен сөздіктерге еніп кетуі де ғажап емес. Бірақ сөздікке енген – тілге енді деген сөз емес).

Біздің осы жерде айтып тұрған әңгімеміздің түп негізі бір-ақ нәрсеге келіп тіреледі. Ол – қазақша термин жасау мәселесі.



Шындығына жүгінсек, біз қазақша термин жасап жүргеніміз жоқ. Жасасақ та, оны қалыптастыруға күш салмаймыз. «Қазақ тілінің терминологиялық сөздіктеріне», «Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктеріне» қарап көріңіздерші, олар орысша немесе еуропалық терминдерден аяқ алып жүргісіз. Ол аз болғандай, осыдан біраз уақыт бұрын Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік терминологиялық комиссиясы «қазақшаға аударуға болмайды» деген ишарамен *акт, акция, аудитория, абсолют, аванс, банкрот, банк, бюджет, депозит, кредит, инвестиция, лицензия, лизинг, операция, сертификат, фильм* деген сияқты біраз шет жұрттық сөздерді осы жерде көрсетілгендей етіп бекітіп беріпті. Біз неге бұл сөздердің қазақша сыңарларын (мәселен, *аудитория* дегеннің орнына – *дәрісхана* деп) іздеуге, қолдануға құқылы емеспіз?

Жарайды-ақ, бұларды солай бекітіп берді делік. Ал, бекітілмеген орысша атауларды (терминдерді) қалай пайдаланып жүрміз?

«Капуста» деген орыс сөзінің өз тілімізде *қырыққабат* деген қазақша аты бола тұрса да, оны күнделікті тұрмыста да, оқулықтар мен сөздіктерде де «капуста» деп қолданамыз. Орысша «помидор» сөзінің *қызанақ, алжұмыр* деген бір емес, екі бірдей қазақша аты бола тұра, оны да «помидор» деп атаймыз, солай деп жазып жүрміз.

Мемлекеттік тілге деген қамқорлық қайда? Ұлтжандылық қайда? Өз сөздеріміз тұрғанда басқа тіл сөздерін неге соламайымен, ешбір өзгеріссіз ала береміз? Қысқасы, қойылар сұрақ көп. Бірақ оған жауап іздеп, бастарын қатырып жүрген қазақ жоқ.

Біздің ойымызша, әр ұлт өз терминдерін өздері жасап алулары керек. Жасағанда да біреудің даяр терминдерін сол күйінде ала салмай, оны өз тіліміздің негізінде өзіміз жасап алуымыз қажет.

*Сүлеева Г. М.,
Құрманғазы атындағы ҚҰЖ доценті, ф.ғ.к.*

ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР (өнер терминдері негізінде)

Қазақ тіліндегі халықаралық терминдердің қолданысы кеңінен талқыланып, даулы мәселелер қатарына жататындығы белгілі. Термин мәселесін зерттеуші ғалымдардың бірқатары қазіргі қазақ тіліндегі «халықаралық» деп аталатын терминдердің болуы дұрыс емес деп көрсетсе, басқа ғалымдар осы бағыттағы пікірлер ретін жалғастыра келіп, «халықаралық» деп жүрген терминдердің өзі белгілі бір тілдің негізінде жасалады, сондықтан бір тілдің терминінің негізінде жасалған сөздің басқа тілге аударылып берілмеуі мүмкін емес, екіншіден, басқа тілдің сөзі негізінде қалыптасқан терминдердің тіл-тілде қолданыс табуы тілдердің мүмкіндігін шектейді деп көрсетеді. Расында да, әр тілдің өз қолданушыларына түсінікті термин жасауға ұмтылуының дұрыс екендігі қазіргі қазақ терминологиясын зерттеушілер тарапынан ғана емес, терминология теориясын қалыптастыруға үлес қосып жүрген белді батыс және орыс терминологтары тарапынан әлдеқашан айтылып, қабылданған қағида ретінде орныққан ғылыми пікір.

Кез келген тілдің терминологиясын қалыптастыру қағидаттарының жобасын беруге ұмтылған ғалымдар бірінші қағидат ретінде мүмкіндігінше ұлт тіліндегі сөздердің термин ретінде қалыптастырылғанын, ұлт тілінде терминді аша алатын тілдік бірлік болған жағдайда, сол тілдік бірліктің термин ретінде алынғаны орынды деп көрсетіледі. Оның үстіне, бір тілдің негізінде жасалған атаудың барлық тілде міндетті түрде қолданылуы қабылданған шарт, қалыптасқан заңдылық емес. Ондай заңның болуы әлем тілдерінің арасында мүмкін де емес болып табылады. Әр тілдің өз мүмкіндігі мен заңдылығы, әр тілдің түрлі деңгейдегі мәртебесі, ұлт болмысы мен дүниетанымын айғақтайтын өз қолданушысы бар болатынын ескерсек, олардың арасынан бір тілді үстем етіп көрсетудің өзі ақыл таразысына сыя қоймайтын заңдылық болып есептеледі.

Қазірге дейін халықаралық терминдер немесе интертерминдер болып аталып, қолданылып жүрген терминдердің шын мәнінде негізгі табиғаты олардың кең тараған тілдердің басым көпшілігінде қолданылуымен түсіндіріліп келді. Олардың халықаралық терминдер



болып есептелуінде негізгі ерекшелік ретінде көрсетілген белгісі – осы тілдерде сол қалпында қолданылып, бірнеше тілге ортақ термин сөз ретінде қолданылуы. Өз кезегінде орыс терминологтары да халықаралық терминдер мәселесін талдай келіп, бұл мәселе төңірегінде әр түрлі көзқарастар мен ұстанымдарда болғандығы белгілі. Мысалы, халықаралық терминдер мәселесін зерттеген орыс ғалымы В.В. Акуленко да халықаралық терминдердің негізгі ерекшелігін осы бірнеше тілдерде қолданылуымен байланыстырып, ол жөнінде: «Каждое заимствованное слово можно квалифицировать как интернациональное. Чтобы стать интернациональным элементом, лексическая единица должна иметь соответствия в нескольких языках, в особенности в неблизкородственных, с сохранением сходства этих слов как по значению, так и по форме», – деп көрсеткен» [1, с. 18-19].

Демек, бір кездері осы бағыттағы пікір халықаралық терминдердің табиғатын түсіндіруде басты анықтама, айқын критерий болып есептелгендігін айғақтайды. Десек те, халықаралық термин аталуы үшін олардың осылай қолданылып жүргендігі де анық. Осы жерден халықаралық терминдердің қазіргі тілдердегі қолданысын, таралу дәрежесін нақты болмаса да, ғылыми қағидаттың, терминдердің халықаралық болып есептелуіне, ғылымда түсіндірілуіне қажетті белгінің дұрыс-бұрыстығына көз жеткізу мақсатында салыстырмалы түрде болса да анықтау қажеттілігі, талдау қажеттілігі туындайды.

В.В. Акуленконың «халықаралық» деп аталып жүрген терминдерді басқаша ұсынуы негізсіз емес. Мұнда олардың талапқа жауап бермеуі, негізгі тілдік үдерістерді шектеуі сияқты, ғылыми ойлау жүйесіне қайшы келетін себептер негізге алынып көрсетіледі. Бұл арада В.В. Акуленконың көрсеткен критерийі орынды. Ғалым осы критерийді көрсете келіп, осы талапқа «халықаралық» терминдердің сәйкес келу, келмеуі талданады. Негізгі критерийді көрсете отырып, «халықаралық» терминдердің туыс, туыс емес бірнеше тілдерде қолданылмайтындығын көрсетеді. Осы мысал «халықаралық» термин мәселесін бүгінгі таңда тіл-тілдердің терминологиясында талдануына себеп болып отыр.

Жалпы, «халықаралық» деп айдар тағылып жүрген терминдердің көпшілігінің ғылымы мен техникасы дамыған болып есептеліп, соның негізінде терминдерді жасаған еуропа елдерінің тілдерінде және бұрынғы Одақ құрамындағы ТМД халықтарының тілдерінде қолданылатындығы белгілі. Оған қоса осы ТМД елдері үшін «халықаралық» терминдердің шын мәнінде болатындығы,

қолданылатындығы хақында күмәннің туа бермейтіндігі, әлемнің барлық тілдерінде де сол біздің тілдегідей кірме нұсқасында пайдаланылып жүргендей көрінетіндігі де үйреншікті құбылысқа айналған жағдай. Үйреншікті болғандықтан да, көптеген жылдар бойы санамызға сіңгендіктен де халықаралық терминдерді қазақшалауға үрке қарауға дағдыланған сыңайлымыз. Яғни, бірінің себебі екіншісімен тығыз байланысып жатқан күрделі тілдік мәселе болып табылады. Оның екінші жағы – тілдік сана, ұлт өкілдері санасының өзгерісімен де байланысты. Жалпы, тілдік санасы өзге тілде ойлайтын ұлт өкілдерін ұлт тілін толық меңгерген тұлға ретінде танымау жөнінде де тұжырымдар бар. Ол негізсіз емес. Өзге тілде ойлайтын, өзге тілді меңгерген тұлғаның санасы міндетті түрде өзгеріске ұшырайды. Бұл өзгеріс тұлғаның тіл жөніндегі түсінігінің өзгеруіне, тіл тазалығы деген ұғымды дұрыс түсінбеуіне әкеліп соғады.

Халықаралық терминдері көп қолданыс табады деген Еуропа тілдеріне келсек, олардың өзінде де тілдерін, терминологиялық жүйелерін кірме терминдер мен сөздерден тазартуға ұмтылған реформалардың жасалып жүргендігі белгілі. Нақтырақ айтқанда, Еуропа елдеріндегі бұл жағдай немістердің ағылшынданудан, француздардың ағылшынданудан және немістенуден, түріктердің арабтанудан қашуы сияқты тарихтан белгілі құбылыстар түрінде жүзеге асырылып, соған сәйкес бұл елдердің тіл саясатындағы қазір де жүргізіліп отырған ұстанымдармен түсіндіріледі.

Еуропа елдерінде тілді тазарту бағытындағы реформаларды қолға алған Германия, Чехословакия, Түркия, Француз, Канада елдерінің тәжірибелері мен ұлт тілінде сөз жасауды дәстүрге айналдырған көрші Моңғолиядағы жағдайлар ғалым Ш. Құрманбайұлының еңбегінде жан-жақты талданып, «халықаралық терминдер» ұғымының шарттылығы дәлелденеді [2, 109-110-б.]. Дамыған еуропа елдерінің мұндай әрекеттерге баруы жүйелі, ретті түрде басқарылып, ол мақсаттарда арнайы терминологиялық орталықтар мен ғылыми-зерттеу ұйымдары жұмыс істейді. Мұның өзі де өзге тіл білімінде, терминология саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарына, терминологияны реттеумен айналысатын орындар мен ұйымдардың құрылуына бағыт-бағдар, негіз болып табылуға тиісті.

Соңғы кезеңдерде музыка мен өнер саласындағы терминдердің дублет нұсқаларда қолданылуы да осы тіл білімі терминдеріне ұқсас үдерістерді бастан кешіруде. Мысалы, тіл білімінде тіл білімі –



лингвистика, сингармонизм – үндестік заңы, форма – тұлға, единица – бірлік, оборот – оралым, т.б. көптеген терминдер дублет сыңарда қолданылып, қазақыландыру үдерісінен тыс қалмаған. Сол сияқты музыка саласында, өнер саласында да композитор – сазгер, мелодия – әуен, скульптура – мүсін, орнамент – өрнек түріндегі терминдер көптеп қалыптасып келе жатыр. Демек, халықаралықтарды қалыптастырып алу үшін немесе оны қазақ тілінде халықаралықтарды қалыптастырудың бірінші сатысы деп атасақ, сол бірінші сатыдан халықаралықтардың ұлт тіліндегі нұсқасын ұғынықты етіп қабылдату үшін дублет терминдердің қолданысы кедергі келтірмейді. Дублет терминдердің қолданысы керісінше, халықаралықтардың ұлт тіліндегі нұсқаларының қалыптасуына оның ықпалын тигізіп, ұлт тіліндегі олардың нұсқасын қабылдату үрдісін жеңілдетіп отырған үдерістердің қатарына жатады. Халықаралық дәрежеде қолданылатын болып есептелетін неміс, ағылшын тілдерінің өзінде де бір терминнің тұлғасы әр түрлі болып келіп жатады. Мысалы, антракт термині ағылшын тілінде *an interlude* болса, неміс тілінде *die Pause*, ал түрік тілінде *antrakt; perde arasi* түрінде қолданылады екен. Бұдан шығатыны – «халықаралық» деп жүргеніміз жалпыға түсінікті, бірақ әр тілде әр түрлі жасалып, қалыптаса алатын ұғымдар болуы керек. Тілі мен тілдік саясатын дамытуға үлкен мән беретін, өркениеті мен мәдениеті, сөйлеу, жазу мәдениеті дамыған батыс елдерінің тіліндегі мұндай мысалдар реті «халықаралық» термин ұғымы жөнінде осындай қорытынды жасауға жетелейді. Тереңірек ойлай түссек, жоғарыда айтып кеткеніміздей «халықаралық терминдер» деп ат қойып, түсіндіре алмай, таласып жүргеніміз ұлттар мен ұлыстардың барлығына түсінікті, соған сәйкес түрлі тілде сөйлейтін халықтардың бәрі білгенімен, барлық тілде бірдей айтылып, жазылып, бірдей қолданылуы мүмкін бола бермейтін жай. Халықаралық болып түсіндіріліп жүрген терминдердің көпшілігін зерттеуші ғалымдар көне грек, латын тілдерімен байланыстырып түсіндіріп, кезінде ғылым тілі болып қолданылған классикалық латын, грек тілдерінен бері қолданылып келе жатқан сөздердің халықаралық дәрежеде қолданылуы заңды, сондықтан халықаралық термин атауының да болуы, олардың тіл-тілдерде қолданылуы да заңды деп түсіндіруге ұмтылады. Қазақ терминологиясындағы бұл мәселені сөз ете отырып, кезінде ғалым Т. Мұсақұлов өз баяндамасында: «Международные термины, которые в русский и другие языки пришли из древних языков-латинского или греческого, могут быть приняты и в казахский

язык также без изменения, при сохранении вместе с тем равнозначных казахских слов» [3, с. 105]. Қазақ тіл білімінде дублет термин нұсқаларының қалыптасуына да әсер еткен пікірлер осы бағытта болған болуы керек.

Бұл мәселе де арнайы зерттелуі тиісті мәселелердің қатарына жатады. Десек те, тіл-тілдердегі, әсіресе, қазақ, орыс тілдерінде қолданылып жүрген «Шет тілдері сөздіктеріне», ондағы сөздердің этимологиясын түсіндірген түсіндірмелерге үңілсек, ғылыми ұғымдарды білдіріп жүрген терминдердің немесе терминдер құрамындағы терминдік элементтердің, терминдік элемент ретінде қолданылып жүрген префикстер мен қосымшалардың көпшілігі сол тілдерден аударғанда қарапайым ғана ұғымдар мен түсініктерді білдіреді екен. Демек, бұл ұғымдардың өзін тіл-тілдерде аударып, немесе басқа баламасын жасау арқылы жеткізуге болады деген сөз.

Тек, қазіргі қазақ, орыс терминологиясындағы халықаралық терминдердің аударылуына кедергі келтіретін мәселе-ғылыми ақпараттардың, ілім-білімнің білім мен тәжірибе жинақтауда түсініксіз болып қалатындығы және аударма терминдердің қолданысы ғылыми жүйедегі шынайы ізденістердің жасалуына, ғылыми ойдың, ғылыми жаңалықтардың тежелуіне әкеліп соқтыратындығы жөніндегі болжамдар болып отыр. Бұл жөнінде кейбір пікір білдірушілер бар интертерминдерді қолданудан бас тартуды былай қойғанда, ғылымның дамуымен байланысты жасалып жатқан кірме терминдерді кіргізуден бас тартсақ, ғылыми интеграциядан алшақтап, әлемдегі дамып жатқан ғылыми жаңалықтар ретінен тыс қаламыз дегенді де алға тартады. Бірақ, сөз бен терминнің кірме нұсқасы мен ана тіліндегі нұсқасын қатар қолдана отырып, дублет сыңар қалыптастыру бұл мәселенің шешілуіне ықпал ете алмақ. Демек, өзге тілдерде қабылданып, қолданылып жүрген термин емес сөздердің де тіл-тілдерге қабылдану, әлем халықтарының тілдерінде қолданылу дәрежесі әрқелкі. Олар да «халықаралық» сөздер деген атауға толық жауап бере алмайды. Бұған қоса, «халықаралық» деп қабылданып жүрген араб сөздеріне екі ұшты пікірлердің бар екендігін де айтып өту керек. Араб тілдеріне тән ортақ сөздердің бар екендігі, олардың әсіресе, араб тіліне еш қатысы жоқ, туыстық, құрылымдық қатысы жоқ түрлі түркі тілдерінде қолданылып жүргендігі белгілі. Солардың біршамасы қазақ тілінің сөздік қоры мен терминологиялық қорында бар. Бірақ араб тілі арқылы кіріккен сөздердің «халықаралық» мәртебесі жөнінде пікірлер бір тұжырымға келген жоқ. Ол араб тілді

сөздердің қолданыс аймағының әркелкілігімен де байланысты болса керек. Өйткені, араб тілді сөздер мен терминдер араб елдерінде парсы, иран елдерінде және түркі тілдерінде қолданылғанымен, еуропа елдерінде олардың барлығы дерлік сол қалпында қолданылмайды. Сондықтан Батыс елдерінде араб тілдінің сөздері арқылы қалыптасқан терминдерді белсенді қолдана бермейді. Демек, араб тілді сөздерді «халықаралық» мәртебеде қолданатын белгілі бір аймақтың қалыптасып отырғандығын байқауға болады.

Мұндай «халықаралық» мәртебесі бар лексикалық бірліктердің, терминологиялық бірліктердің қолданыс аймағын түркі тілдерінде де қалыптасытырып, түркі тілдеріне ортақ «халықаралықтарды» жасауға болады. Бұл жөнінде өз мақалалары мен еңбектерінде ғалым Ш. Құрманбайұлы да көрсетіп жүр [2, 89-93-б.]. Ғалым өз еңбегінде түркі халықтарына ортақ терминқор қалыптастырудың қажеттілігіне және маңыздылығына тоқталып, оған қатысты істелуге тиісті шаралар мен міндеттер ретін нақты атап көрсеткен болатын.

Жинақтай айтқанда, «халықаралық терминдердің» білдіретін ұғымдары мен түсініктері әлем халықтарының көпшілігіне ортақ деген біржақты тұжырым жасауға болмайды. Шет тілдерінің сөздігі сияқты еңбектердің немесе өзге де себептердің нәтижесінде көпшілігіне түсінікті болғанымен, әлем тілдеріндегі қолданысы бірдей емес, таралу аймағы әркелкі. Әрі тілдер табиғатына үңілсек, олай болуы мүмкін де емес көрінеді. Бұл тілдердің көпшілігінде қолданылуға тиісті «халықаралық термин» деп аталатын термин түрлеріне қойылатын негізгі белгінің жоқтығын дәлелдейді. Демек, «халықаралық», «интерұғым» деп жүргендеріміз көпке, көп тіл өкілдеріне түсінікті ұғыммен ғана шектеледі немесе көпшілігіне түрлі еңбектер мен факторлар арқылы таныстығымен айқындалады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Акуленко В.В. Вопросы интернационализации словарного состава языка. – Харьков: Изд-во Харьковского унив., 1972. – 212 с.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
3. Мусакулов Т. Выступления на всесоюзной конференции. Вопросы терминологии. // Вопросы терминологии. – М.: Наука, 1961. – С. 105-106

*Шүленбаев Н.Қ.,
А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты
терминология бөлімінің
ғылыми қызметкері*

ТЕРМИНЖАСАМ ҚАҒИДАТТАРЫ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Еліміз өз тәуелсіздігін алып, бар-жоғымызды түгендей бастадық. Атап айтсақ, ұлттық тілімізді қайнар бұлақ суындай таза сақтауға, ата ділімізді, мұсылман дінімізді қадір тұтып, оған жаңа бетбұрыс жасауға ешқандай кедергі, тосқауыл болмауы тиіс көрінген еркін заманда өз қал-қадірімізше әрекет ету қамына кірістік. Бірақ осы жолда ешкімнің өз білгендікке салынбауына, «бүйректен сирақ шығармауына», өз ата-бабасының атын алға тартып, қоғамдық, тілдік атауларға өз ата-тегінің ныспысын орынсыз тықпалауға жол бермеуіміз қажет тәрізді. Кейбіреулер өз ықпалын алға тартып, көше атауларына, мешіт атауларына өз тегін беріп, ешкімге қажеті жоқ, сырты «жалтырақ», ішкі мазмұны «қалтырақ» сөздік, ғылыми еңбек, түрлі тақырыптағы кітаптар шығаруға құмар болып кетті. Біздің ойымызша, кім немен шұғылданса да өз шаруасымен шұғылдануы қажет тәрізді. Сөздік шығарсақ, оны сала мамандары тіл мамандарымен бірлесе отырып шығарса, жұрт іздеп жүріп оқитын, құндылығы келешек ұрпаққа мирас болатын, мазмұнға толы еңбек шығарына еш күмәніміз жоқ.

Терминжасам үдерісі де осы іспеттес. Кейінгі кезде аталмыш науқан пәрменді түрде жүргізіліп жатқаны белгілі. Естір құлаққа жағымды, қысқа да нұсқа сөздер тілімізге еш кедергісіз еніп жатқанын, жалпы қауым оларды жатсынбай қабылдағанын, олардың тілдік бірліктің бір элементі болып кеткендігінің бәріміз куәсі болдық. Алайда, өзім білгендікке салынып, өзінің өресі жетпейтін, терминжасам қағидаттарынан мүлде мақұрым «жалған» ұлтжандылардың «еселі» еңбегінен де зәрезап болғанымыз да белгілі. Бүгінде құлаққа түрпідей тиетін, терминжасам қағидаттарына еш сай келмейтін немесе ұзақ-сонар, түсініксіз терминдердің де тілімізге «зорлап» енгізіліп жатқаны жалпы қауымды, әсіресе, тілшілерді қынжылтатыны баршаға аян.

Термин дегеніміз не? Бұл сауалға ғалымдар әр түрлі жауап айтады, өздерінше байлам жасайды. Әрине, әр жеке тұлғаның өз объективтік пікірі болатыны сөзсіз. Терминтанушы, академик Ө. Айтбаев терминге «негізінен, белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын



арнайы лексика» деген анықтама береді [1, 26].

Соңғы жылдары қазақ терминологиясын жан-жақты, жүйелі түрде зерттеп жүрген филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Құрманбайұлы терминге лингвистикалық тұрғыдан «ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғым атауы болып табылатын арнайы қолданыстағы дефинициясы (анықтамасы) бар сөз немесе сөз тіркесі» дей келе, оған арнаулы мақсаттар тілі теориясы тұрғысынан «адам қызметі мен салаларының жалпы, нақты немесе абстракті ұғымдарды белгілейтін белгілі бір арнаулы мақсаттар тілінің лексикалық бірлігі» [3, 244] деген анықтамалар берген болатын.

Ал И.З. Кателова өзіне дейінге ғалымдардың термин туралы пайымдауларымен келісе бермейді. Ол терминдерді «термин – синонимделген сөздердің негізгі бір нұсқасы («термин – один из основных разрядов синонимизирующих слов») деп таниды [2, 123].

Терминтану саласындағы зерттеулерде терминге қойылатын талаптар, оның өзіндік өлшемдері жайлы да пікірлер баршылық. Академик Ө. Айтбаевтың пікірінше, «терминге қойылатын басты талап: дәлдік, қысқалық, жүйелілік, бір мағыналылық» [1, 42].

Профессор Ш. Құрманбайұлы бұл мәселені індете, жүйелей зерттеп келеді. Ол терминге қойылатын негізгі талаптар ретінде бірмағыналылығын, мағынасының дәлдігін, қысқалығы мен ықшамдылығын, тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сай келуі, туынды сөз жасауға қолайлы болуын, эмоциялық пен экспрессиялықтың болмауын, эстетикалық талаптарға сай келуін санайды. Ал оның заманауилығын, халықаралықтығын, құпиялығын қосымша, жанама талаптар қатарында атап өтеді.

Шерубай Құрманбайұлы өз ойларын тереңдете, жүйелі дамыта отырып, терминді мағыналық, тұлғалық, прагматикалық жағынан қарастырып, оларға жек-жеке сипаттамалар берген. Семантикалық талаптарға мағыналық қайшылықтың болмауын, бірмағыналылық, толық мағыналылық, синонимдердің болмауын, тұлғасына қойылатын талаптарға тілдік нормаға сәйкес келуін, терминнің ықшамдылығын, сөз тудыруға қабілеттілігін, нұсқаларының болмауын, түсінікті, анық болуын, ал прагматикалық-функциялыққа қолданысқа оның тілге енгізілуін, жатық айтылуын жатқызған [3, 59-62].

Сонымен қатар, Ш. Құрманбайұлының еңбектерінде қазақ терминологиясының өткен тарихы, теориялық, практикалық өзекті мәселелері, алда тұрған келелі міндеттері жайлы, бүгінгі таңдағы терминологиямыздың күн тәртібінде тұрған даму үдерісі мен ерекшеліктері, терминжасамдағы қағидаттар мен қиындықтар туралы

қызғылықты байқаулар, ойқорытулар, ойтұжырымдар баршылық.

Бәрімізге белгілі, терминге қойылатын талап: ықшамдылық (сөздің қысқа да нұсқа болуы), дәлдік, ұғымды нақты белгілеу, яғни бір зат жайында дәл ақпарат беру, сөздің қарапайым халыққа мейлінше түсінікті болуы. Алайда салалық сөздіктерді жасау барысында бұл қағиданың кей жағдайларда сақтала бермейтіндігіне де көз жеткіздік. Енді тілімізге еніп жатқан сала сөздіктерінің біріне «Орысша-қазақша, қазақша-орысша «Дене тәрбиесі және спорт» аударма сөздігіне» шолу жасап көрелік.

Аталған сөздік жасау барысында сөздікте бірілетін сөздер жалпы сөздік жасаушылар, сала мамандары талқысынан, терминком мүшесінің сарабынан өтті. Сөздік түзу барысында енгізілілген бірнеше сөздерден тұратын сөздерге келсек, сала мамандары ондай сөздердің күнделікті жаттығу барысында жастар да, ересектер де осы сөздерді жиі қолданатындығын, оларды енгізбесек, сөздіктің сапасы төмендейтіндігін айтты. Әрине, сала мамандарын да түсінуге болады, өйткені дене тәрбиесі пәнінің әр саласында жиі, күнделікті қолданып жүрген сөздерді сөздікке енгізбеу де зор қателік болар еді. Олардың айтуынша, мұндай сөздер (көбінесе гимнастика саласындағы командалар мен жаттығу түрлерінің атаулары) орыс тілінде де дәл солай, бірнеше сөздер байланысында қолданылады екен. Сөздік бұқара халыққа арналғанмен, спортпен күнделікті айналысатын жұртшылық та терминдерді түсінуі шарт емес пе. Сондықтан мұндай күнделікті жаттығу барысында қолданылатын сөздерді бірнеше сөзден тұрса да, мүмкін болса, сөздікке енгізуіміз қажет сияқты.

Бірнеше сөздерден тұратын атаулардың тағы бір тобы – отандық және халықаралық спорт федерацияларының спорт түрлері ұйымдарының, қауымдастықтарының атаулары. Оларды сөздікке кіргізбей тастау біздің тарапымыздан моральдық та, азаматтық та қателігіміз болар еді деп білемін. Ондай сөздер сөздік сапасын арттырмаса, кемітпейтіні хақ.

Сөздікке қойылған басты талаптардың бірі ондағы сөздерді жалпы халық түсінетіндей етіп беру, кей тұстарда ұлттық ерекшеліктерді, ұлттық құндылықтарды көрсету болды. Осыған орай, балуанға байланысты (мысалы, *тәзімді балуан*, *шымыр балуан*, *арыс балуан*, *опырғыш балуан*, *зор балуан*, т.б.) сөздер, жебе түрлері (мысалы, *сарнама жебе*, *сырлы жебе*, *әндіген жебе*, *қу жебе*, *істік жебе*, т.б.), ұлттық ойын атаулары (мысалы, «Дүмпілдек», «Түйе мен бота», «Соқыртеке», *Етек-етек*», «Салма ілу», т.б.) енгізілді.

Сөздікке бұрынғы сөздікте берілген сөздермен қатар, соңғы

жылдары жасалған немесе авторлар ұжымы ақылдаса отырып бекіткен сөздер көптеп енгізілді. Ондай сөздердің бір парасы мынадай: *байдарка-қылқайық, батут – кермесериппе, каната – кермеарқан, аптечка – дәріқобдиша, бруся – қоссырық, жердь – сырғауыл, клюшка – сырғытпатаяқ, коньки – сырғы, конькобежец – сырғыменжүгіруші, кольцо – шығыршық, сақина, перекладина – аспа, рюкзак – арқақоржын, гантел – батпантас, гиря – кіртас, гриф – белтемір, штанга – зілтемір, штангист – зілтемірші, король – хан, конь – ат, ферзь – уәзір, слон – піл, пешка – сарбаз, ладья – кеме, акватория – суайдын, бесетка – сұхбатхана, бомбардир – сұрмерген, бухта – айлақ, гоницик – шабандоз, дебют – ойынбасы, парашют – желкерме, пьедестал – мәретұғыр, бита – соққытаяқ, фанат – әсірежанкүйер, тонус – межсекуат, экскурсия – топсеруен, молот – шарбалға, ядро – шарболат, параметр – мөлшеркөрсеткі және т.б.*

Ал енді спорт саласында соңғы кездері ғана қолданыла бастаған, аталған сөздікке енген жаңа сөздер жайына біраз тоқталайын. Біраз сөздер сыртқы пішініне, жасалу материалына, атқарар қызметіне байланысты аталды. Ондай сөздерге *байдарка-қылқайық, батут – кермесериппе, каната – кермеарқан, аптечка – дәріқобдиша, бруся – қоссырық, жердь – сырғауыл, клюшка – сырғытпатаяқ, коньки – сырғы, кольцо – шығыршық, сақина, перекладина – аспа, рюкзак – арқақоржын, жолқоржын* және т.б. Бұлардың ішінде *коньки* сөзін алғаш *мұзсырғы* деп қабылдаған едік, алайда мамандармен келісе келе, қазіргі кезде *конькидің* бірнеше түрі пайда болғандығын әрі *сырғы* сөзі *шаңғы* сөзімен бірізді болатынын ескеріп, *сырғы* сөзін қабылдадық. Сонда *коньки-сырғы, конькобежец – сырғымен жүгіруші* болады.

Халқымыз заттың ауырлығын білдіру үшін *зілдей екен, батпандай екен* десе, ауызекі тілде және көркем әдебиеттерде *кір тасы* деген сөз де қолданады. Осыған орай, *гантел – батпантас, гиря – кіртас, гриф – белтемір, штанга – зілтемір, штангист – зілтемірші* ретінде берілді. Бұлардың ішіндегі *белтемір* сөзі біресе *турник*, біресе *перекладина* және т.б. сөздердің аудармасы ретінде қолданылып жүрді. Жалпы *гриф* сөзінің мағынасы «екі затты қосатын, екі зат арасындағы темір» мағынасын беретіндіктен, оны *белтемір* деп беруді жөн көрдік. Спорттық снарядтың (гантель, штанга, гиря) екі арасындағы темірі, шынында да, *белтемір* болса керек. Ал *турник – турник, перекладина – аспа* ретінде берілді. *Перекладина* сөзінің қазақша *баған, маңдайша* нұсқасы да бар.

Шахмат тастарының (фигураларының) біразын бұрыннан қазақша атап жүргеніміз белгілі. Енді шахмат тастары атауларының *король – хан, конь – ат, ферзь – уәзір, слон – піл* нұсқаларымен қатар, *пешика – сарбаз, ладья – кеме* нұсқаларын да атауды жөн көрдік.

Сондай-ақ жаңадан қолданысқа ене бастаған *ажсиотаж – дүрлігіс, акватория – суайдын, бесетка – сұхбатхана, бомбардир – сұрмерген, бухта – айлақ, гонщик – шабандоз, дебют – ойынбасы, парашют – желкерме, пьедестал – мәретұғыр, клюшка – сырғытпатаяқ, бита – соққытаяқ, фанат – әсірежанкүйер, тонус – межеқуат, экскурсия – топсеруен, ядро – шарболат* және т.б. сөздер берілді.

Сөздікте «трасса» сөзін алғаш *күрежол* деп берген едік. Автокөлікке арналған жолды осылай (күрежол) атап жүргеніміз де белгілі. Алайда салалық ғалымдар, терминком мүшелері тарапынан жарыс өткізетін, әсіресе, шаңғы жарысжолын *трасса* деп қалдыруды ұсынды. Сонда «трасса» сөзі *трасса* күйінде қалып қойды. Бұл сөзден туындаған *трасса қоршауы (ограждение трассы), шаңғы трассасы (лыжная трасса), трасса инспекторы (инспектор трассы)* тіркестері алынды.

Ядро сөзінің екі нұсқасы берілді. Ядро I – *ядро*. Ядро II – *шарболат*. Екінші нұсқасы спорттың тікелей төл термині деуге болады. Бұл сөзді заттың басқа затқа ұқсастығына қарап алдық. Ядро – спорт снаряды, ал ол шарға ұқсайды әрі болаттан құйылған қатты зат. Бұл сөзбен қоса *шарболат лақтыру* (толкание ядра), *шарболат лақтыру қолғабы* (перчатка для толкания ядра) сынды тіркестер де берілді. Бұрын *балға* аталып келген спорттық снаряд енді *шарбалға* аталды. Оған қоса *шарбалға лақтыру (метание молота), шарбалға лақтыру қолғабы* (перчатка для толкания ядра) сынды тіркестер енгізілді. Бұл сөз де бір заттық басқа затқа ұқсас белгілері арқылы алынды.

База сөзінің тілімізде *негіз, база* сынды баламалары бары рас. Алайда «бір жерге орналасу», «бір орынға заттарды қою, орналастыру» мағыналарын еске ала отырып, сөздікке *орынжай* сөзін енгізуді ұйғардық. Бұл сөзбен қатар *есу орынжайы* (база гребная), *атспорт орынжайы* (база конноспортивная), *шаңғы орынжайы* (база лыжная), *спорттық орынжай* (база спортивная), *туристік орынжай* (база туристическая) тіркестері берілді. Осыған ұқсас *лагерь* сөзі *шатыржай* болып енгізілді. Мұнымен қатар *жаттығу шатыржайы* (лагерь тренировочный), *сауықтыру шатыржайы* (лагерь оздоровительный), *серуен шатыржайы* (лагерь походный), *спорттық шатыржайы* (лагерь спортивный), *туристік шатыржайы* (лагерь туристический), *оқу шатыржайы* (лагерь учебный) сөз

тіркестері де алынды.

Кезінде Терминком «атрибут» сөзін *толсипат* ретінде бекіткен екен. Алайда ғалымдар «төлсипат» сөзін орыстың *специфика* сөзінің баламасы ретінде беруді ұсынды. Ал атрибут қазақша да *атрибут* сөзі ретінде берілді.

«Цикл» сөзін алғаш *айналым* деп алу ұсынылған болатын. Кейін келе қайтадан *цикл* ретінде қалдыру кенесілді. Өйткені «айналым» сөзі орыстың *круг, оборот*, т.б. сөздерінің қазақша баламалары болып шықты. Осыған байланысты, *цикл гребка, цикл движений, цикл лыжного хода, цикл тренировочный, цикличные движение, цикличные упражнения, цикличный метод, цикличность, циклограмма* сөздері тиісінше, *есу циклы, қимыл циклы, шаңғы жүріс циклы, жаттығу циклы, циклдық қимылдар, циклдық жаттығулар, циклдық әдіс, циклдылық, циклжазба* түрінде берілді.

Терминком отырысында кірме сөздерді беруде олардың түбірін сақтап беру жайлы ұсыныстар айтылды. Осыған орай, «олимпиадалық» тұлғасында қалыптасып келген сөз тіркестері *олимпиялық* болып берілді. Өйткені «олимп» деген сөздің мағынасының өзі ойын дегенді білдіреді екен. Мысалы, олимпиадалық ойындар – *олимпиялық ойындар*, олимпиадалық алау – *олимпиялық алау*, олимпиадалық ант – *олимпиялық ант*, олимпиадалық ту – *олимпиялық ту*, олимпиадалық эмблема – *олимпиялық эмблема* т.б. Санитарлық-эпидемиологиялық сөзі де *санитариялық-эпидемиялық*, сауықтыру-рекреациондық сөзі *сауықтыру-рекрециялық* болып берілді.

Сөздікте канат сөзі *арқан*, каната сөзі *кермеарқан*, батут сөзі *кормесериппе*, тросс сөзі *сымарқан* ретінде берілді.

Біз сөздікте берілген жаңа сөздердің кейбіріне ғана тоқталдық. Ондай сөздер мыңдап саналады. Ал оларды халық қалай қабылдайды, ол - басқа мәселе. Дегенмен, сөздік түзушілердің жалпы ұжымының, сала мамандарының, терминком мүшелерінің талқысынан өткен сөздік жаман болмасы керек-ті. Болашақта бұл сөздікті жалпы оқырман қауым іздеп жүріп оқитын, әрбір оқырманның үстелінде жатар қажетті оқу құралы болатынына сенеміз.

Әрине, кез келген еңбек тәрізді бұл сөздіктің де өз кемшіліктері, артықшылықтары болары сөзсіз. Тіл – үнемі дамып отыратын құбылыс. Олай болса, тілге жаңа терминдер еніп отыратындығы да заңды нәрсе. Енді бірер жылдар өткен соң бұл сөздік жаңаша қырынан, толыққан нұсқада қайта шығарылары сөзсіз. Бірақ әр еңбекте сандаған адамдардың маңдай тері, қалдырған қолтаңбалары жатыр. Сөздік қазақ терминологиясына қосылған алтын қазына,

қомақты үлес екені хақ. Бұл келелі іс халық игілігіне айналатын, келер, өскелең ұрпақ үшін мирас болып қалатын маңызды еңбек болатыны рас. Қазақ ұлты, қазақ халқы, Мәңгілік ел – Қазақ елі бар жерде қазақ тілі бар әрі жасай береді.

Сөзімнің соңында көпшілік қауымға айтар ұсынысым: сөздіктің атауын орыс тілінде «Физическая культура и спорт» ретінде беретін болсақ, қазақша атауын 2000 жылғы сөздіктегідей «Дене тәрбиесі және спорт» емес, «Дене мәдениеті және спорт» түрінде алуымыз қажет еді. Алайда, халық арасында *дене шынықтыру*, *дене тәрбиесі* тіркестері қалыптасып кеткені белгілі. Десек те, сөздерді дұрыс аударуымыз қажет тәрізді. Сонда *физическая культура-дене мәдениеті*, *физическое воспитание-дене тәрбиесі* болар еді. Ал біз жиі айтып, қолданып жүрген «дене шынықтырудың» дұрыс аудармасы *физическая закалка* болып шығады. Әрине, бұл – ұсыныс ретінде айтар сөзім. «Ақылдасып пішкен тон келте болмас» деген сөз бар емес пе халқымызда.

Қорыта айтқанда, заманауи терминжасам үдерісінің өз ерекшеліктері, даму жолы, қағидаттары мен қиындықтары бар. Бір сөзді екінші тілге аудару барысында оның бірнеше нұсқасы пайда болады. Ол жарыспалыққа алып келеді. Кез келген істе кемшіліктер болатыны сөзсіз. «Халық – сыншы» демекші, көзі қарақты оқырман тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін, ұтымды жасалған, үндесімді, әуезді терминдерді өзі тандап алары, жатсынбай қабылдары хақ. Терминдерді талқылауға жалпы қоғам болып атсалысқанның еш артықтығы жоқ. Ол үшін талқыға түсер немесе жаңа қолданысқа түскен терминдерді күнделікті баспасөзден жариялап тұрған абзал. Олардың термин талабына нақ келетінін тауып, реттеп, біріздендіріп, жүйелеп, нормалап, тілге жолдама беру сала мамандары мен тілшілердің бірлесе, ынтымақтаса отырып істейтін азаматтық та абыройлы борышы.

Әдебиет

1. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 624 бет.
2. Котелова И.З. К вопросу о специфике термина. Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. – М., 1970.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. – Алматы: Атлас, 2006. – 244 бет.

*Шеңгелбаева Н. Т.,
филология ғылымдарының кандидаты*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӘСКЕРИ ТЕРМИНДЕРДІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҮЙЕСІ

Жалпы қазақ тіл білімі мамандары термин мәселесіне о бастан-ақ үлкен мән беріп, оның дамуына ат салысып отырған. Қазақ тілінде термин жасау ісі А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедұлынан бастап қазақ тілін зерттеуші ғалымдар терминология мәселесіне, сондай-ақ терминологиялық сөздік жасау ісіне де белсенді қатыса білді.

Терминологияның басқа салаларына карағанда құрамы мен құрылымының өзіндік ерекшелігі бар әскери терминология қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Тәуелсіз еліміздің тыныштығын күзетер айбынды әскер бәріміз үшін арқа сүйейтін ұлы күш екені белгілі. Ендеше, сол ұлттық әскеріміздің қарым-қатынас құралы болып табылатын мемлекеттік тілдің өсіп өркендеуі үшін әскери терминдер мәселесін зерттеу қажеттілігі туып отыр.

Көне әскери терминдердің қолданысын Орхон-Енисей жазбаларынан, М.Қашқари, Ж.Баласағұни, Ш.Уәлиханов, Ә.Қайдаров, Р.Сыздық сияқты ғалымдардың зерттеу жұмыстары мен еңбектерінен кездестіруге болады.

Академик Ә.Қайдаров 1972 жылы Вена қаласында өткен Халықаралық Алтаистика конференциясында «Доспехи и вооружения воина-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение» деген тақырыпта баяндама жасаған. Мұнда ғалым батырлар жырындағы әскери лексиканы 5 топқа бөліп қарастырады: 1) личное боевое оружие воина-батыра; 2) вспомогательные предметы воинского снаряжения; 3) доспехи воина-батыра; 4) боевое знамя; 5) боевые ударные и духовые инструменты [2, 32-33 бб.].

Т.Байжанов 1973 жылы «Қазақ тіліндегі әскери лексика» тақырыбында кандидаттық диссертациясын, ал 1993 жылы аталмыш мәселені тарихи тұрғыдан тереңдетіп зерттеп, «Қазақ тіліндегі әскери лексика тарихы» атты докторлық диссертациясын қорғады [3]. Қазақ тіліндегі әскери лексиканың тарихын арнайы зерттеген ғалым лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай оны төмендегідей төрт топқа бөліп қарастырады: 1) жауынгерлік қару-жарақ пен құрал саймандардың атаулары; 2) әскери шен атаулары; 3) әскери бөлім (құрама) атаулары; 4) әскери техника атаулары.

Әскери лексиканы жаңа тұрғыда қарастырған зерттеуші Қ.Қожағұлова «Қазақ тіліндегі әскери лексиканың мағыналық құрылымы» атты кандидаттық диссертациясында әскери лексиканы мынадай үш мағыналық топқа бөлген, олар: 1) әскери қару-жарақ, құрал-жабдықтарға қатысты сөздер; 2) әскери атак, кәсіби бейімділікті білдіретін сөздер; 3) әскери іс-әрекет, пәрмендер атаулары [4, 11 б.].

Қазіргі кезде ҚР Қарулы Күштер құрамы Құрлықтағы әскерлер, Аэроұтқыр әскерлері, Әуе қорғаныс күштері, Ұлттық қауіпсіздік Комитетінің шекара қызметі, Республикалық ұлан және Ішкі әскерлер сияқты жаңа әскер түрлерімен толыққанын ескере отырып, осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, әскери саланың мол құрамының мағынасы бұл үш топқа сыноы мүмкін емес. Сол себепті де зерттеуші әскери лексиканың сан алуан түрлі мағынасын толық қамтыды деп айту қиын. Біздіңше, әскери лексиканы топтарға бөлу барысында Қарулы Күштердің түрлі бөлімдер мен әр түрлі құрамалардан және арнайы әскерлерден құрылатындығын, сондай-ақ әскери салада ең негізгі құжат болып табылатын – ҚР Қарулы Күштерінің Әскери Жарғыларын (Ішкі қызмет жарғысы, Гарнизондық және қарауылдық қызметтер жарғысы, Саптық жарғы, Тәртіптік жарғы) да ескеру дұрыс болар еді.

Зерттеуші әскери лексиканың даму, жетілу жолдары туралы құнды пікірлер айта отырып, әскери лексиканың түпкі негізі көне замандардан, жазба ескерткіштерден бастау алып, үнемі дамып, қазіргі дәрежеге жеткенін ғалымдардың еңбектері мен сөздіктері арқылы дәлелдеген.

Г.Базарованың «Әскери саптық бұйрықтар тілі» атты диссертациясы бұрын жеке зерттелмеген тың мәселені зерттеуге арналған [5]. Әскери іс саласында «Команды» термині «Пәрмендер» деп аударылып, осы атауымен кеңінен қолданылып жүргенімен, зерттеуші түрлі деректерден мысалдар келтіре отырып оны «Бұйрықтар» (саптық) деп атау дұрыс деп санайды.

Жоғарыда келтірілген шолу барысында әскери лексика біршама зерттелген болса, ал қазақ тіліндегі әскери терминдерді терминжасам тұрғысынан арнайы зерттеудің жоқ екені байқалды.

Әскери терминдерге қатысты тағы бір өзекті мәселе – әскери сөздіктер мәселесі. Қазақ тіл білімінде әскери терминдерге арналған сөздіктер шығару ісі Кеңес өкіметі тұсынан басталады. Алайда, қазақ лексикографиясындағы сөздіктер тарихын зерттеуші ғалым М.Малбақовтың деректемелері бойынша, Семейдегі қосалқы



жаяу әскер батальонында подпоручик шенінде қызмет атқарған Н.Жетпісбаевтың «Начальное руководство арабского, персидского и киргизского языков с арабско-персидско-русско-киргизскими словами в конце» атты кітабы Қазан қаласында 1890 жылы жарық көрген екен. Аталған кітаптың негізгі көздеген мақсаты әскери қызметтегі қызметшілердің қажеттілігін өтеу болатын.

Әскери терминдер сөздігінің жүйеленіп, ағауы жағынан терминологиялық сөздік ретінде екі тілде жарық көруі 1926 жылы Қызылорда қаласында «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» (Русско-казахская военная терминология) сөздігінің басылып шығуынан басталады. Аталмыш сөздік араб графикасынан кириллицаға түсіріліп, 2005 жылы екінші рет жарық көрді. Сөздікті баспаға дайындағандар: филология ғылымының докторы Ш.Құрманбайұлы мен филология ғылымының кандидаты О.Жұбаева. Сол кездері Қазақ білім комиссиясының төрағасы қызметін атқарған А.Байтұрсынұлының жетекшілігімен бұл сөздікке енген терминдер ресми түрде бекітіліп отырған.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, қазіргі саптық бұйрық терминдері «Әскерлік атаулар» сөздігінің үлгісімен жасалғаны белгілі болды. Мысалы, сөздіктің «Команды. Жарлықтар» деген бөлімінде аңда (внимания), қол-ға (в руку), оқты ал (вынь патрон), оқта (заряжай), аяқ-қа (к но-ге), маған кел (ко мне), ай-нал (кру-гом), жат (ложись), бас (марш), жүгіре бас (бегом), оң-ға (напра-во), сол-ға (нале-во), бау-ға (на ремень), тура (прямо), тарал (разойдись), санал (рассчитайсь), тоқта (стой), тізіл (стройся) [6, 101-108 бб.] сияқты терминдердің қазіргі әскери іс саласында да белсенді қолданылатыны белгілі.

Өкінішке қарай, бұл терминдер қазір қолданыста жүрсе де, еш жерден қазіргі кезде қолданыста жүрген бұйрықтардың 1926 жылғы сөздік үлгісімен жасалды деген мәліметті таба алмадық. Сөздік жасауда негізгі ұстаным – байырғы қазақ сөздерін термин жасауға мол пайдалану, басқа тілден терминдерді баламасы болмаған жағдайда ғана қолдану. 1926 жылғы әскери сөздіктен соң әскери сөздік шығару мәселесі ұзақ уақыт назардан тыс қалды. Оның бірден-бір себебі өз ұлттық армиямыздың болмауынан әскери салаға қатысты іс-шаралар тек ресми тілдің ықпалында қарастырылуында.

Тек Ұлы Отан соғысы жылдары (1941-1942 жж.) екі бірдей сөздік жедел түрде шығарылды. 1941 жылы Н.Сауранбаев пен Ж.Қосыбаевтың құрастыруымен «Соғыс терминдерінің орысша-қазақша сөздігі», ал 1942 жылы Ғ.Мұсабаев, Ю.Цунвазо, К.Айдархановтың авторлық бірлестігімен «Орысша-қазақша әскери сөздік» жарық

көрдi. Сөздіктердi жеделдетiп шығарудағы мақсат – майдан даласындағы қазақ жастарына әскери қару-жарақ, әскери техника, әскери лауазым, шен, іс-әрекет атаулары жайында қазақ тілінде түсінік беру еді. Сөздіктегі әскери терминдер мүмкіндігінше қазақ тіліне аударылып, кейбір сөздерге қысқаша түсінік беріліп кеткен. Өз кезеңінің мақсатына орай құрастырылған бұл сөздіктердің майдан даласындағы қазақ жауынгерлеріне берері аз болмағаны түсінікті. Ұлы Отан соғысы жылдары шығарылған осы сөздіктерден кейін екітілді әскери терминдер сөздігін шығару тоқырауға ұшырады десе де болады.

Біршама ұзақ уақыттан соң ғана 1982 жылы тарихшы ғалым К.Аманжолов «Әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігін» баспадан шығарды. Сөздіктің көлемі шағын болғанымен, бұл еңбек әскери термин ретінде басылып шыққан тұңғыш түсіндірме сөздік болып табылады. Сөздікте 300 әскери терминге қазақша түсінік берілген. Әр термин нақтылы дәл түсіндірілген және аударылған, бұл сөздіктің осыдан кейінгі сөздік құрастырушыларға тигізген пайдасы мол болды.

ҚР Қарулы күштері құрылғаннан кейін ұлттық армияны мемлекеттік тілге көшіру мақсатында ғалымдар К.Аманжолов пен А.Тасболатов «Қазақша әскери терминдердің түсіндірме сөздігі» деген атпен сөздік шығарды. Қазіргі кездегі әскери қарулардың түрлері жөнінде қазақ тілінде алғаш рет бірталай мағлұматтар берілуіне байланысты аталмыш сөздік әскери қызметшілер мен жауынгерлер үшін бірден-бір қажетті оқу құралы болды.

2000 жылы әскери терминдерге арналған «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік» жарық көрді. Бұл кезде ұлттық әскеріміз бен әскери білім беретін оқу орындарымыз бар, оның бәрінде іс қағаздары қазақша жүргізіліп, қазақша әскери терминдерге сұраныс өте күшейген кез. Сондықтан аталған әскери терминдер сөздігі осы бағытты ұстаған деуге болады. Мысалы, *авиация, артиллерия, атом, танк, десант, бригада, броненосец, бункер, буссоль, газ, генерал, дезактивизация, дезинфектор, дезинфекция, диверсия* т.б. осы сияқты халықаралық терминдер аударылмай алынған. Әскери терминдер қашанда өзінің нақтылығымен ерекшеленетін болғандықтан, аталған терминдердің аударылмай берілуін терминнің нақты мағынасын бере алатын сөз болмаған жағдайда өзгертпей сол күйінде енгізу ұстанымы басшылыққа алынғанын байқауға болады. Жалпы алғанда, берілген әскери терминдердің екі жүзден астамы ғана орыс тіліндегі немесе

орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген қалпында алынуына қарап, әскери іс саласына қатысты мәселелер жақсы жақтарымен бұрынғыға қарағанда көп ілгеріледі деуге болады.

2001 жылы «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Әскери іс» деген атпен әскери терминдердің көлемді түсіндірме сөздігі жарық көрді. Сөздік 4 мыңнан астам терминдерді қамти отырып, әрбір терминге түсініктеме берілген. Алдымен бұл сөздікте 2000 жылғы сөздікке кірмеген терминдер бар, сонымен қатар бұл екі сөздік те қолданушылардың термин қорын біршама толықтырғаны даусыз. Бұл жағынан ол пайдалы.

2007 жылы «Қару-жаракқа, құрал-жабдыққа, өлшемге, ойындарға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі» деген еңбек жарық көрді. Бұл сөздіктегі біздің жұмысымызға қатысты терминдер қару-жарак атаулары болып табылады. Мұнда жаңа қару-жарак аты жоқ. Берілген терминдердің бәрі – көне атаулар. Тарихи жағынан оларды да білу керек.

Тіл білімінде терминді тану үшін терминге әртүрлі анықтама беріліп жүргені белгілі. Бірақ көпшілік ғалымдар А.А.Реформатскийдің «терминдер – ерекше қызмет атқаратын арнайы саладағы сөздер» анықтамасына сүйенеді. А.А.Реформатскийдің пікірімен байланысты ғалымдар оны әртүрлі өрбітеді. Ол Ресей ғалымдарына да, түркологтерге, қазақ ғалымдарына да қатысты. О.С.Ахманова: «Термин ұғымы дегеніміз арнайы ұғымдар мен арнайы заттарды дәл белгілеу үшін жасалған (қабылданған, енген және т.б.) тілдегі арнайы (ғылыми, техникалық, т.б.) сөздер мен сөз тіркесі» [7, 474 б.].

Қазақ тіл білімінде жалпы термин ұғымына белгілі ғалым А.Байтұрсыновтан бастап, көптеген тілші-лингвист ғалымдар да өз тараптарынан анықтама беріп, арнайы зерттеулер жүргізген.

Терминді тану және термин жасау үшін, терминнің тілдегі басқа сөздерден айырмасын, өзіндік ерекшелігін және өзіндік белгісін білу керек. Бұл мәселеде ғалымдар пікірі алуан түрлі. Алайда ғылымдағы көпшілік ғалымдарға тән негізгі белгілерін атау, оларға тоқталу керек, өйткені ол біздің зерттеу нысанымыз болып отырған әскери терминдерді тануға, зерттеуге көмектеседі.

Көпшілік ғалымдар терминнің жүйелілік белгісін таниды. Терминнің жүйелілік белгісін алғаш ғылыми түрде дәлелдеген Д.С.Лотте болып саналады. Терминнің жүйелілік белгісі В.С.Кулебакиннің, А.Я.Климобицкийдің, А.А.Реформатскийдің, Ф.Сороколетовтың, В.И.Кодуховтың, Ө.Айтбаевтың, Ш.Құрманбаевтың терминге берген

анықтамаларында негізгі орын алған. Түркологияда да пікір жүйелілігі орныққан деп айтуға болады. Түркологтер жүйелілік терминді құрайтын элементтер мен белгілерді іріктей білумен байланысты деп санайды [8, 19 б.].

Терминнің бір мағыналық белгісінің барын көптеген ғалымдар таныған, ғылымда даусыз қалыптасқан белгі деп айта алмаймыз. Бір мағыналық – терминдердің басты ерекшеліктерінің бірі. Алайда, ғылымның кез келген саласындағы терминдерге талдау жүргізетін болсақ, олардың көпшілігінің көп мағыналы екенін байқаймыз. В.Н.Шевчук терминнің бір мағыналық белгісінің қайшылығы барын мойындай отырып, әскери терминологияда терминдердің қолдану аясының тарлығы терминнің көп мағыналылығын жоққа шығарады деп шешеді. Ал неміс тілі әскери терминологиясын зерттеуші ғалым Л.Ф.Парпаров әскери терминдер арнайы саладағы ұғым-түсініктердің атауы ретінде жұмсалып, синонимдері жоқ, бір мағыналы сөздер болуы керек деп қарастырады.

А.А.Реформатский көрсеткен терминнің дерексіздік (абстрактность) мағыналығы, экспрессия, эмоцияға қатыссыздығы да ғалымдар арасында толық қабылданды деп айту қиын. Соңғы кезде ғылымда терминнің анықтамалық (дефинция) белгісіне айтарлықтай мән беріліп жүр. Мәселен, В.П.Даниленко терминге мынадай анықтама береді: «Слово и словосочетание специальной сферы употребления, являющееся наименованием специального понятия и требующее дефиниция» [9, 15 б.]. Терминнің қызметі – ерекше ұғымды атап, анықтап, оның қолдану шекарасын көрсету. Бізде өз тарапымыздан келтірілген анықтаманы дұрыс деп санаймыз, өйткені анықтамасыз терминнің шекарасы жойылып, сондай-ақ оның нақтылық, дәлдік қасиеті де жоғалады, ал бұл ғылыми салалық терминологияның кез келген мүшесінің белгісі болып табылады.

Ғылымда көбірек танылып жүрген осы белгілермен бірге терминнің тағы екі белгісі көрсетіледі, олар дәлдік және қысқалық деп аталған. М.Ш.Гасымов дәлдікті қамтамасыз ететін үш түрлі жағдайды көрсетеді, олар: 1) термин білдіруге тиісті ұғым белгілерін дәл іріктеп алу; 2) термин жасау кезінде пайдаланылатын оның компоненттері мен элементтерін дұрыс анықтау; 3) термин жасау барысында осы аталған белгілердің табиғи бірлігін қамтамасыз ету [8, 31 б.].

Осы көпшілік ғалымдар айтып жүрген терминнің қасиеттеріне Ш.Құрманбайұлы терминге тән қасиет деп тағы үш белгі қосқан,

олар: 1) терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі; 2) терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы; 3) эстетикалық талаптарға сай келуі [10, 14 б.].

Әскери терминдерге тән ерекшеліктер. Көпшілік ғалымдар әскери терминологияны ғылыми-техникалық терминнің бір түрі деп қарайды. Алайда, әскери терминнің өзіндік ерекшелігі ашылмаған деген пікір айтқан С.И.Парпаровтың пікірі мұны анықтай түседі: «Военный термин – это слово или номинативное словосочетание, употребляемое в той или иной области военного дела для обозначения специфических для данной области понятий» [11, 6 б.].

Қазір ғалымдар арасында әскери терминологияны жүйелі дәлелдеу өріс алды. Мысалы, Н.Б.Ветловтың пікірінше: «Военная терминология представляет собой упорядоченную совокупность военных терминов языка, которые отражают стратегического использования вооруженных сил, в целом видов – и родов войск, а также оперативно-тактического использования объединений, соединений, частей, подразделений, с их организацией, вооружением и техническим освещением» [12, 30 б.].

Келтірілген анықтама әскери терминдер құрамының өзіндік белгілі жүйесі барын байқатады. Мәселен, әскери қару-жарақ атаулары, әскери атак, дәреже атаулары, әскери орындар (тұрақтар), бөлімдер мен бөлімшелер атаулары, әскери іс-әрекет, пәрмендер, әскери киім-кешек жабдықтарының атаулары т.б. Олай болса, әскери терминдер – жүйелі негізде, белгілі мақсатта жасалған сөздер.

Ғылымда В.С.Лоттеден бастап дәлелденіп, көпшілік ғалымдар таныған жүйелілік белгісінің әскери терминдерге тән қасиет екенін кез келген әскери терминнің мағынасы мен оның құрамы көрсетіп тұрады, өйткені әскери терминнің мағынасы да, құрамы да өте тұрақты. Әскери терминология жүйесінде терминнің құрамын өзгертпей, оны әскери терминологиядан басқа терминологияға жатады деп санау мүмкін емес. Мәселен, *аға лейтенант* дегендегі *лейтенант* сөзін термин құрамынан алып тастап, құрамын өзгертсе ғана, ондағы *аға* сөзі әскери терминдік мәнін жояды.

Әскери терминдер жалпы термин атаулының бір мағыналық белгісіне толық сай келеді. Мәселен, *ефрейтор, пушка, бомба, полк, адмирал, кадрлық офицер, жаяу әскер, жауынгер, рота кезекшісі, шабуыл, миналау жиілігі, қорғаныс аймағы, әскери құрама, отшашар танк* т.б. осы сияқты әскери терминдер әскери терминология жүйесінде бір мағынаны ғана білдіреді. Әскери терминология жүйесінде

олар басқа мағынада қолданылмайды. Бұл – әскери терминдердің өзіндік бір белгісі.

Термин мәселесінде біраз пікірталас туғызып жүрген мәселе – терминнің стильдік ерекшелікке бейтараптығы, яғни эмоционалды-экспрессивті мәнді білдірмеуі. Әскери терминдер – әскери іс, әскери сала, әскери оқу орындары сияқты қолданылу ортасы бар терминдер. Осы ортада олар стильге бейтарап, басқа ортада әскери терминдер стильдік реңк беруі мүмкін, бірақ олардың әскери терминге қатысы жоқ.

Терминнің келесі белгісі – оның анықтамасы болуы, бұл әскери терминдерге де қатысты. Әрбір әскери терминнің өз анықтамасы болады, ол әскери терминнің нақты мағынасын ашып, басқа мағынада қолданылмауын қамтамасыз етеді. Терминнің бұл белгісі оның бір мағыналық белгісін бекітеді. Терминнің бұл белгісі, әсіресе, әскери терминдер үшін өте маңызды. Әскери терминнің анықтамасы оның әскери іс ортасында түсініксіздік, екіұштылық болмауын қамтамасыз етеді. Әскери қызметпен байланысты адамдардың бәрі (әскери қызметшілер, әскери жоғары оқу орнының оқытушылары) әскери терминнің анықтамасын білуге міндетті және әскери терминді анықтамасына сай қолданады.

Академик Ө.Айтбаев қосқан терминдердің дәлдік белгісі де әскери терминге тікелей қатысты болып табылады. Бұл белгі әскери терминдердің бір мағыналық белгісімен де ұштасып жатыр. Екінші жағынан әскери іс ортасында термин дәл ұғымды нақты білдіруі онда жиі болатын бұйрықтардың орындалуын қамтамасыз етеді. Жауынгерлік бұйрық беруші де, оны орындаушы да бұйрықтың дәл мәнін нақты түсінсе ғана іс нәтижелі болмақ. Бұйрыққа байланысты біз даңқты қолбасшы Б.Момышұлының мынадай пікірін келтіре кетуді жөн көрдік: «Бұйрық орындаушыларға жетерліктей дәл түсінікті түрде берілуі тиіс. Бұйрықтың орындалуын, оның бұрмаланып кетпесін немесе ойлағандай етіп жүзеге асырылуын міндетті түрде тексеру керек» (Б.Момышұлы).

Терминнің қысқа, ықшам болуы, әрине, қажет-ақ, бірақ оны әскери терминологияда іске асырудың мүмкіншілігі төмен. Ол, әсіресе, біздің зерттеу нысанамыз болып отырған әскери терминдер үшін өте қиын. Мысалы, әскери салада *теңіз десантын түсіру базасы* деген термин бар. Аталған термин 4 сөзден құралған. Мұндағы сөздердің барлығы терминнің мазмұнына байланысты. Оны әскери терминдердің түсіндірме сөздігіндегі аталмыш терминге берілген

түсініктемеден көруге болады:

«Теңіз десантын түсіру базасы – десанттың басты күшін түсіруді қамтамасыз етуге, десант түсірілген ауданды қорғауға арналады» (ӘТТС).

Ш.Құрманбайұлы терминдер тілдің сөзжасам заңдылықтары бойынша жасалуын терминнің белгісі ретінде айтқан. Бұл тұрғыда қазақ тілінің әскери терминдері бұл талапқа сай жасалған деп айтуға болады. Мысалы, *бағыттаушы (направляющий), барлау (разведка), барлаушы (разведчик), бүркеніш (маскировка), жарғыш (взрывник), инженерлік техника (инженерная техника), кезекшілік (дежурство), кешірім (помилование), авиациялық шабуыл (авиационное наступление) т.б.* Бұл келтірілген мысалдарда синтетикалық, аналитикалық тәсілмен жасалған әскери терминдер қазақ тілінің сөзжасам заңдылығы бойынша жасалған.

Әскери терминдер терминология талабына сай келетін жүйелі тілдік құбылыс, яғни ол жалпы терминология жүйесінің өзіндік бір саласы.

Әскери терминдердің лексика-грамматикалық құрамы.

Терминология ғылымында терминдер кездейсоқ, кез келген сөзден жасалмай, терминдердің жасалу жүйесінде белгілі сөз таптарының орын алатынын үнемі көрсетіп отырады. Бұл мәселеде де қазақтың әскери терминдері терминдер жүйесіндегі заңдылыққа сай келеді.

Аталған заңдылық бойынша қазақтың әскери терминдері де тіліміздегі лексикалық бірліктерден, тілдегі түрлі сөз таптарынан жасалған. Олардың ішінде термин сөздер, негізінен, зат есімнен жасалады деген пікір көпшілік ғалымдарға ортақ. Бұл мәселе бойынша: «терминдік ұғымда қимыл, сандық белгі болса, термин зат есімнен ғана емес, етістік, сын есім, үстеуден де болады», - дейді В.П.Даниленко [9, 50-56 бб.].

Талдау әскери терминдер, негізінен, зат есім сөздерден жасалғанын көрсетті. Аталған әскери сала терминдеріне арналған сөздікте сын есімнен жасалған біраз терминдер бар, мысалы, *жауынгерлік, тәртіпті, жауапты, міндетті, күдікті, ерікті, еріксіз, жазалы, қауіпті, төзімді, тұрақты т.б.*

Етістік терминжасамға сын есімнен әлдеқайда белсенді қатысады. Етістіктен бірсыпыра термин жасалған. Мысалы, *«Дүмді бүк» - «Приклад завернуть», «Еркін тұр» - «Вольно», «Жазыл» - «Разомкнись», «Жат»- «Ложись», «Жиі адымда - «Чаще шаг»,*

«Қаруды түзет» – «Поправить оружие», «Қысқа адымда» – «Короче шаг», т.б.

Әскери терминология – морфемдік құрамы жағынан өзінше күрделі жүйесі бар тілдік құбылыс. Әскери терминдердің құрамы әртүрлі. Мысалы, *адым, айғақ, байланыс, дабыл, «жазыл», көздеу, қару, нысана, оқжатар, өтімділік, пана, соққы, «тарал», ұрыс, шолғын, іздер* деген т.б. әскери терминдер бір лексикалық бірліктен құралған, бір компоненттен тұрады.

Бұдан ұлттық әскеріміздің қалыптасуы қазақтың ұлттық терминологиясын қалыптастырғанын, ол ұлттық тіліміздің арнайы бір саласын қалыптастыруға қызмет еткенін байқаймыз. Әскери терминология жүйесіндегі бір лексикалық құрамды, яғни бір компонентті терминді ішкі морфемдік құрылымы жағынан талдағанда олардың морфемдік құрамында өзгешелік бары байқалады. Бір компонентті әскери терминдер екіге бөлінеді, олар: 1) негізгі түбір әскери терминдер; 2) туынды түбір әскери терминдер.

Негізгі түбір әскери терминдерге мысал: *аймақ, ант, атақ, қызмет, батыр, байрақ, таңба, шағым, пана, оқ, оқпан, нысана, мылтық, мөлшер* т.б. Орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген негізгі түбір термин сөздер де бар: *танк, штаб, десант, рота, взвод, атом, азимут, бомба, вагон, вахта, ваучер, валюта, газ, граната, генерал, дивизия, заряд, звено, каска, катер, код* т.б.

Бір құрамды (компонентті) әскери терминдердің екінші тобы – туынды түбірлерден жасалған әскери терминдер. Әскери терминдердің бұл тобы, негізінен, байырғы қазақ сөздерінің уәждемесі арқылы жасалған, олар өте көп, оны санаудың да қажеті жоқ. Мысалы, *атыс, барлаушы, байланыс, аялдау, бөлім, бөлімше, бөгет, бөлік, басқыншы, бағынышты, әдіскер, аңдатпа, анықтау, аралық, атқылау, бекіту, әпергіш, айдауыл, бақылау, барлау* т.б. Бұл келтірілген туынды түбір терминдердің көбі – туынды түбір зат есімдер.

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған екі құрамды, екі компонентті әскери терминдер тілімізде баршылық, ол бір құрамды әскери терминдерден бірсыпыра көп, әскери терминдердің ең көбі екі құрамды, екі компонентті терминдер десе де боларлық.

Екі құрамды әскери терминдерді іштей екі топқа бөліп қараған дұрыс:

1) қос сөздерден жасалған әскери терминдер, олар: *әкімшіл-әмірші құрам, әскери-тасымалдау авиациясы, бақылау-өткізу пункті, киім-*



кешек үлесі, қару-жарақ қоймасы, қоян-қолтық ұрыс, оқ-дәрі жәшігі т.б.;

2) сөз тіркесінен жасалған әскери терминдер. Олардың ішінде екі сыңары да қазақ тілінің сөздерінен жасалған екі компонентті әскери терминдер де аз емес. Мәселен, тек *а* дыбысынан басталатын әскери терминдердің ішінде тоқсаннан астам термин кездеседі. Мысалы, *ағытқыш доға, ағытқыш ілмек, адым ұзындығы, ажырату сызықтары, азамат соғысы, азаматтық билік т.б.*

Қалған жағдайдың көбінде орыс тіліндегі термин уәждеме қызметін атқарып, олардан туынды түбір сөз жасалып, олар термин құрамына енген. Мысалы, *авиациялық тығыздық, авиациялық барлау, авиациялық дайындық, авиациялық жасақ т.б.* Әскери терминдердің байланысу тәсілдері де жан-жақты қарастырылып, әскери терминжасамда қабыса, матаса байланысқан сөз тіркестері ең белсенді қатысқаны анықталды.

Әскери терминдер құрамында үш, төрт компонентті терминдер де бар. Мысалы, *асығыс құрылған қорғаныс, атой салу толқыны, атыс бекіністерін жабдықтау, атыс жүргізутәсілдері, іздеуші топтардың кездесу шебі, шекара ұзындығын есептеп шығару, шекара бақылау бөлімшесінің кезекшісі, т.б.* Әскери терминдердің арасында, сондай-ақ, сөз тіркестері мен сөйлемнен тұратын терминдер де бар. Олардың құрамы түрлі сөз тіркесінен тұрады. Мысалы, *атыс бекіністерін жабдықтау, атыс жүргізу тәсілдері, атыс позициясының ауданы, атыс толқынының шебі, атыс үшін бастапқы деректер, қозғалысты қамтамасыз ету жасағы, мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі нұсқау, «Сүңгі пышақты-Ағыт», «Ту астына», «Тік тұр» т.б.*

Сонымен, әскери терминдердің бір құрамды, көп құрамды болып келетіні дәлелденді және бір құрамды әскери терминдер аз, көп құрамды әскери терминдер көп екені анықталды. Зерттеу жұмысымыздың дереккөзі болып отырған «Әскери іс» сөздігіндегі әскери терминдердің 900-і ғана бір құрамды, ал қалған терминдердің көп құрамды әскери терминдер екені айқындалды. Бір құрамды әскери терминдер мен көп құрамды әскери терминдердің ішкі ерекшеліктері жан-жақты талданып, олардың ішкі түрлері, сонымен қатар көп құрамды әскери терминдердің сыңарларының бір-бірімен байланысы анықталды.

Әскери терминдердің сөзжасамдық тәсілдері. Ұлт саясатындағы өрескел бұрмалаушылықтар қазақ тіліндегі терминжасам мәселесіне, жалпы әскери терминология дамуына салқынын тигізбей

қоймады. Сөздік қордың қай саласы болмасын өзінің құрамын сөзжасам арқылы толықтырып отырады. Терминдердің де сөзжасам тәсілдері арқылы жасалатыны – ғылымда талассыз мәселе. Ғылымда терминжасам мәселесі қаншалықты танылған деген мәселеге тоқталатын болсақ, ғылымда терминжасам мәселесі жалпы танылған, бұл жайында айтарлықтай талас жоқ деген пікірді ұстануға болады. Алайда, терминжасам мәселелері, тәсілдері нақтылы анықталған деп айту қиын, өйткені бұл мәселеде пікір алалығы бар.

Әскери терминологияның сөзжасамын арнайы зерттеген ғалым В.Н.Шевчук өзінің докторлық диссертациясында мына сөзжасамдық тәсілдерді көрсеткен: «Основными способами образования военных терминов в ИЕ языках являются: 1) морфологический способ; 2) синтаксический способ (аналитическая деривация); 3) морфолого-синтаксический способ (конверсия)» [13, 54 б.].

Жоғарыда келтірілген үзіндіден сөзжасамдық тәсілдердің әскери терминжасамда түрлі тілдерде әртүрлі қызмет атқаратыны байқалады.

Терминжасамның атап өтетін негізгі бір ерекшелігі – калька арқылы терминнің жасалуы. Әскери терминдердің басым көпшілігі орыс тіліндегі ұқсастығына қарай калька жолымен жасалған. Мысалы: *авиациялық барлау – авиационная разведка, авиациялық бомба – авиационная бомба, авиациялық дайындық – авиационная подготовка, авиациялық жасақ – авиационный отряд, авиациялық тығыздық – авиационная плотность т.б.* Терминжасам үрдісінде ерекше ролі бар бұл тәсіл арқылы тілімізде неше түрлі жаңа қолданыс, мағыналық топтар, сөз жарату дағдысы пайда болды.

Әскери терминологияда, оның терминжасамында тілдің сөзжасам заңдылықтарының қандай дәрежеде қызмет ететінін, сондай-ақ әскери терминжасамның өзіндік ерекшелігін де анықтау керек. Осы жағдайлардың бәрі әскери терминжасам мәселесін жүйелі зерттеудің қажет екенін дәлелдеп отыр. Сондықтан да әскери терминжасам мәселесін жан-жақты зерттеу мақсат етілді.

Тілдің сөзжасам жүйесіндегі сөзжасамдық тәсілдердің бәрі терминжасамда, оның ішінде әскери терминжасамда қызмет етеді. Мәселен, *атқыш, әпергіш, қабылдағыш, лақтырғыш, өртегіш, ұшқыш.* Осы туынды терминдердің бәрі синтетикалық тәсіл арқылы жасалған. Олардың бәрі әскери мәнді термин жасаған. Мысалы, *атқыш – стрелок, әпергіш – подаватель, қабылдағыш – приемник, лақтырғыш – выбрасыватель, өртегіш – брандер, ұшқыш – летчик.* Бұлар әскери іске, әскери техникаға қатысты мағыналы сөздер. Ал,

тілде олар жай мағыналы туынды сөздер жасайды. Мысалы, кескіш, тұтқыш, отырғыш, өшіргіш, ескерткіш, желдеткіш, тыңайтқыш.

Бұдан мынадай қорытынды шығады: 1) тілдік сөзжасамның синтетикалық сөзжасамы терминжасамда да бары анықталды; 2) тілдің сөзжасамдық жұрнағы терминжасамда да қызмет атқарады; 3) тілдің сөзжасамдық жұрнақтарының терминжасамдық мағынасы өзгереді.

Лексика-семантикалық тәсіл басқа терминдік жүйелер секілді тілдік терминдерді тудырудың өнімді тәсілдерінің бірі екені белгілі. Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі де әскери терминжасам жүйесінен белгілі орын алады. Рас, ол синтетикалық, аналитикалық тәсілдерге қарағанда көп төмен. Мысалы, *элеует, барлау, бүркеніш, бағдар, жарғыш, лек, дабыл, жаттығу, жұмылдыру, қатар, тартқыш, қаптал, қанат, торуыл, тосқауыл, пана, шолғын, тұйықтаушы* сөздерінің тілдегі қолданыстағы мағынасынан басқа мағынада термин сөзге көшкенін көруге болады. Мысалы, жалпыхалықтық қолданыста «Бір нәрсені көрсетпейтін жамылғы» (ҚТТС) мағынасында қолданылатын *бүркеніш* сөзі семантикалық тәсіл негізінде «Әскери объектілерді бүркемелеуге пайдаланылатын мүліктер, техникалар, оқ-дәрілер және әскерлер дайындаған өнімдер» деген дефинициясы бар терминге айналып, орыс тіліндегі *маскировка* атауының нақты баламасы болған. Мысалға келтірілген осындай әскери терминдердің мағынасы күнделікті қолданыста жүрген жай сөз мағынасынан мүлде бөлек екенін көрсетті.

Қорыта келгенде, әскери терминжасамда тілдегі сөзжасамдық тәсілдердің бәрі қолданылған, оларға қоса калька тәсілінің де алатын орны ерекше. Алайда, аталмыш тәсілдердің әскери терминжасамдағы үлесі әртүрлі. Сонымен, әскери терминжасам тәсілдері төмендегідей: 1) синтетикалық тәсіл; 2) аналитикалық тәсіл; 3) лексика-семантикалық тәсіл; 4) калька тәсілі.

Әскери терминдердің уәждемелері. Әскери терминжасамның барлық тәсіліне уәждеме қатысады. Сондықтан әскери терминжасамның уәждемелерін зерттеу қажет деп табылды.

Сөзжасамда уәждеме мәселесі негізгі орын алатыны белгілі. Уәждеме мәселесі қазақ тіл білімінде арнайы зерттелмеген. Бірақ, бұл мәселеге ғалым Б.Қасым күрделі зат есімдерді зерттеу барысында баса назар аударып, уәждеме мәселесін терең қарастыра отырып, бірсыпыра жаңалықтар ашқан [14]. Біз де зерттеу жұмысымыздағы уәждеме мәселесінде Б.Қасымның тұжырымдарын негізге алдық.

Себебі, әскери лексика құрамындағы ең көп терминдер күрделі әскери терминдер болып табылады.

Сөзжасамдағы уәжділік тек күрделі сөздерге ғана қатысты емес, ол сөзжасамның барлық тәсіліне қатысты. Терминжасам тек уәждемеден тұрмайтыны белгілі. Уәждемеде термин жасайтын (туынды сөз жасайтын) арнайы тілдік бірліктер бар.

Уәждемесіз ешбір сөз жасалмайды, бұл терминжасамға да қатысты. Ш.Құрманбайұлы терминжасам мәселесінің уәждемелерін лексикалық және сөзжасамдық тұрғыдан қараған.

Әскери терминжасам уәждемелерін лексикалық жағынан зерттегенде, әскери терминдердің уәждемелері байырғы қазақ сөздері мен сырттан келген сөздерден болатыны анықталды. Бұл жалпы терминологияға қатысты болуы керек. Өйткені оны ғалым былай деп көрсеткен: «Жалпы кез келген тілдің терминологиялық лексикасының түзілуіне негіз болатын екі көзі бар. Оның бірі – ұлттың өз тілі де, екіншісі – өзге халықтардың тілдері. Алғашқысы – терминжасамның ішкі көзі, ал кейінгісі – сыртқы көзі деп аталады» [10, 114 б.].

Терминжасамдағы бұл уәждемелерге әскери терминдерден топтап мысал келтіруге болады. Мысалы, *алдыңғы шеп (передная линия), алғыншы (авангард), арақашықтық (дистанция), атқыш (стрелок) т.б.* Байырғы сөздер уәждеме қызметінде өте көп.

Ғалым терминжасамның сыртқы көзі деп атаған өзге халықтар тілдерінен түзілген сөздердің де әскери терминжасамға уәждеме болуы аз емес. Олар: *генерал, лейтенант, авиация, автоматшы, авиациялық жасақ (авиационный отряд), майдан авиациясы (фронтовая авиация), ракеталық снаряд (ракетный снаряд), танк шабуылы (танковая атака), инженерлік бөгеттер (инженерные заграждения), коммулятивтік шұңқыр (коммулятивная воронка), крейсерлік жылдамдық (крейсерская скорость) т.б.*

Әскери терминдердің уәждемесі қызметін түрлі сөз таптары атқарады. Мәселен, *автоматшы, аға лейтенант, ант, артиллерия, әскери бастық, газды бұлт (облако газовое), екпінді шабуыл, жаттығу жиыны, зеңбірек салюті, көпір қайық, табанды қарсыласу, «Тоқта», тікелей бастық, ысырма, шабарман, ұялы оқоп, ұрыс, тасымал, қорғаныс, жеңіл артиллерия, «Жат», «Артқа бұрыл», алға жүру, алтыатар т.б.*

Келтірілген әскери терминдердің жасалуына уәждеме болмаған сөз табын кездестіруге қиын. Бұл әскери терминдердің уәждемелері: сын есімнен (*жеңіл артиллерия*), сан есімнен (*алтыатар*), етістік-

тен (*ысырма*), үстеуден (*алға журу*) болған. Зат есім – тілдің барлық саласының сөзжасамында уәждемелік қызмет атқаратын өте белсенді сөз табы. Терминжасамда зат есім уәждемелері байырғы қазақ тілінің сөздерінен де, өзге тілдерден енген сөздерден де болады. Сол себепті де біз зерттеу жұмысымызда әскери терминжасамдағы зат есім уәждемелігін үш топқа бөліп қарастырдық:

1) әскери терминжасамдағы байырғы қазақ тілі зат есімдерінің уәждемелік қызметі;

2) басқа тілдердің зат есім сөздерінің уәждемелік қызметі;

3) қазақ тілі зат есімдері мен басқа тіл зат есімдерінің күрделі әскери терминжасамдағы уәждемелік қызметі.

Күрделі әскери терминдерде басқа сөз таптарымен араласа уәждеме болған байырғы зат есім сөздер көптеп кездеседі. Мысалы, *алдамшы атыс, алдамшы бекініс, алдамшы құрылыс, алдамшы өткел, алдамшы шабуыл, алдыңғы жасақ, алдыңғы шеп, әскери айла, әскери барлау, әскери бөлім, дыбыссыз қару, дыбысты байланыс, ерікті жасақ т.б.*

Әскери терминдер сөзжасамында етістік те уәждеме ретінде жиі қолданылатын сөз табы болып табылады.

Әскери терминдердің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы.

Тілдің сөзжасам жүйесінің синтетикалық тәсілі – тілдің сөздік қорының барлық саласын толықтыруға, байытуға, дамытуға үнемі қатысып келе жатқан тілдегі өте көне және өнімді, белсенді сөзжасамдық тәсіл. Сондықтан ол – терминжасамның да негізгі тәсілі.

Ш.Құрманбайұлы өзінің монографиясында «Қазақ тіліндегі сөзжасамның тәсілдері мен жолдары ішіндегі ең өнімділерінің бірі қосымшалар арқылы сөз жасау тәсілі деп саналады. Сөзжасамның бұл түрін тіл білімінде синтетикалық тәсіл немесе морфологиялық тәсіл деп атайды», – деп синтетикалық тәсілді анықтаған [10, 101 б.]. Алайда, ғалым терминдердің жұрнақ арқылы жасалуын синтетикалық тәсіл деп таныған. Ал жұрнақтар термин сөзді де, жай сөзді де жасауға қатыса беретіні рас.

Синтетикалық тәсіл арқылы тілде өте көп әскери терминдер осылайша жасалған. Мысалы, *жазықтық, бақылау, сақтаушы, бекініс, бағынышты, соғыс, қадама, жасақ, басқыншылық, көздеуіш, тұтқын, жауынгер, әскери, бітімгер т.б.*

Осы тұрғыдан қазіргі әскери термин жасайтын жұрнақтарды анықтауға тырыстық. Зерттеу әскери терминдер құрамында 38 сөзжа-

самдық жұрнақ барын көрсетті. Ескерте кету керек, ол жұрнақтарды тек әскери термин жасаушы жұрнақтар деп атауға болмайды, өйткені олар жай сөздерді де жасай береді. Олардың болашақта қалай қалыптасатынын уақыт көрсетеді. Мысалы:

- 1) - лық / - лік, - дық / - дік, - тық / - тік: *шекаралық, әрекетсіздік, бейтараптық т.б.*;
- 2) - у: *ату, барлау, жауласу, жаттығу т.б.*;
- 3) - лы / - лі, - ды / - ді, - ты / - ті: *түйіспелі, ерікті, дыбысты, газды т.б.*;
- 4) - ғыш / - гіш, - қыш / - кіш: *көздегіш, жандырғыш т.б.*;
- 5) - ма / - ме, - ба / - бе, - па / - пе: *бүркеме, нұсқама, ілеспе, өтпе т.б.*;
- 6) - ық / - ік, - к: *бұйрық, бүлік, жасақ, атақ т.б.*;
- 7) - ыс / - іс, - с: *байланыс, қорғаныс, жарылыс т.б.*;
- 8) - шы / - ші: *анықтаушы, барлаушы, бақылаушы т.б.*;
- 9) - шылық / - шілік: *басқыншылық, басшылық т.б.*;
- 10) - уыш / - уіш: *көздеуіш, минаіздеуіш т.б.*;
- 11) - сыз / - сіз: *жансыз, еріксіз, келіссіз, қарусыз, оқсыз, дыбыссыз т.б.*;
- 12) - уыл / - уіл: *жортуыл, қарауыл, шабуыл т.б.*;
- 13) - ыш / - іш: *бүркеніш т.б.*;
- 14) - қын / - кін / - ғын / - гін: *тұтқын, шолғын т.б.*;
- 15) - гер / - кер: *жауынгер, жаугер, бітімгер, әдіскер т.б.*;
- 16) - нама / - неме / - дама / - деме / - тама / - теме: *тізімдеме, мінездеме т.б.*;
- 17) - лас / - лес, - тас / - тес: *қарсылас, одақтас т.б.*;
- 18) - ым / - ім, - м: *бөлім, келісім, кешірім, шешім т.б.*;
- 19) - ғы / - гі, - қы / - кі: *бастапқы, жамылғы т.б.*;
- 20) - и: *әскери, саяси, ресми т.б.*;
- 21) - ша / - ше: *бөлімше, жалауша т.б.*;
- 22) - малы / - мелі, - палы / - пелі: *жүзбелі, жалдамалы, ауыспалы т.б.*;
- 23) - ар / - ер: *отишашар, оқжатар, газшашар т.б.*;
- 24) - ын / - ін, - н: *тосын, шығын, шегін, шағын т.б.*;
- 25) - ыл: *батыл, құрыл т.б.*;
- 26) - а: *жыра, құрама*;
- 27) - ақ: *ұшақ*;
- 28) - мақ / - мек: *ілмек*;
- 29) - ман: *шабарман*;



- 30) - тал: *қаптал*;
- 31) - кір: *өткір (радиация)*;
- 32) - і: *өлі (кеңістік)*;
- 33) - гек: *ілгек, діңгек*;
- 34) - йы: *арнайы (мақсаттағы)*;
- 35) - қат: *жарақат*;
- 36) - шақ: *жарықшақ*;
- 37) - рін: *тегеурін*;
- 38) - ы: *жинақы (күштер)*.

Сөзжасамдық жұрнақтардың сөзжасамдық қабілеті түрліше болатыны ғылымда белгілі. Ол әскери терминжасам жұрнақтарына да қатысты. Жоғарыда келтірілген әскери терминжасам жұрнақтары терминжасамда қабілетіне қарай үшке бөлінеді: 1) өте өнімді жұрнақтар (50-100); 2) өнімді жұрнақтар (10-40); 3) өнімсіз жұрнақтар.

Терминжасамның калька тәсіліне грамматикалық көрсеткіштердің де қатысы бар. Оларға калька тәсілі арқылы жасалған әскери саптық терминдер жатады: 1) Барыс септік арқылы жасалған әскери саптық терминдер: «*Артқа бұрыл*», «*Артқа бұрыл да – Бас*»; 2) Табыс септік тұлғалы әскери саптық терминдер: «*Бауды–Босат*», «*Бауды–тарт*»; 3) Шығыс септік тұлғалы әскери саптық термин: «*Ұйқыдан тұр*»; 4) Көмектес септік тұлғалы әскери саптық термин: «*Лекпен – Бас*»; 5) Бұйрық рай тұлғалы әскери саптық терминдер: «*Тоқта*», «*Тоқтат*» т.б.

Әскери терминжасамда синтетикалық тәсіл анағұрлым белсенді қызмет атқарады. Әскери терминжасам жүйесі – сөзжасамдық сипаты мен ерекшеліктері тұрғысынан жан-жақты қарастырылып, топтастырыла түсетін сөзжасам жүйесі.

Бұдан мынадай қорытынды шығады: 1) тілдік сөзжасамның синтетикалық сөзжасамы терминжасамда да бары анықталды; 2) тілдің сөзжасамдық жұрнағы терминжасамда да қызмет атқаратыны белгілі болды; 3) тілдің сөзжасамдық жұрнақтарының терминжасамдық мағынасыөзгерді.

Әскери терминдердің аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесіндегі негізгі тәсілдің бірі аналитикалық тәсіл екені белгілі. Әскери терминдердің көбі – аналитикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер. Олардың құрамы алуан түрлі. Мәселен, «*Огын ал*», «*Оң иық алға*», «*оқ-дәрі*», «*оқжатар*», «*оқпен бөгеу аймағы*», «*оперативтік қорлар*», «*орнықты пулемет*», «*отқа төзімді (огнеупорный)*»

өртегіш бомба сияқты әскери терминдердің бәрін аналитикалық тәсілмен жасалған деуге де болады.

Қазақ тіліндегі әскери терминдер құрамында аналитикалық тәсіл арқылы жасалған бірге жазылатын әскери терминдер де, бөлек жазылатын күрделі әскери терминдер де көп.

Ал бірыңғай шет тілі сөздерінен біріккен әскери терминдерді қарайық. Олар: *авианосец, авианулет, автопилот, аэродром, аэронавигация, барометр, броненосец, бронетранспортер т.б.*

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі әскери терминдер терминдердің ішіндегі ең көбі болып табылады. Олардың бірнеше құрамы мен түрлері бар. Әрі оларды құрамына қарай да, түрлеріне қарай да топтастыруға болады. Құрамына қарай күрделі әскери терминдер екі сыңарлы, үш сыңарлы, төрт сыңарлы болып бөлінеді. Мысалы, екі сыңарлы әскери терминдер: *жаяу әскер, далалық қарауыл, аралас шеру, бекіністі аудан, қарсы шабуыл, қорғаныс шебі, айналма қорғаныс, аймақтық тұтастық, ақшалай үлес, алдамшы атыс, алдыңғы жасақ, алдамшы бекініс, арнайы топ, арнайы дайындық, аспалы жабдықтар, атомдық соққы, ауыр зеңбірек, әскери байланыс, әскери қауіпсіздік, әскери тілші, бағытталған беріліс, бағыттаушы бөлім т.б.*

Үш сыңарлы әскери терминдер: *асығыс құрылған қорғаныс, ауызша жауынгерлік бұйрық, жеке барлаушы шолғын, жьлжымайтын бүйірлік бекет, жауынгерлік бөлімше бастығы, жазылу шебіне шығару т.б.*

Төрт сыңарлы әскери терминдер: *жедел әрекетті байланыс жасағы, шекара бекетіндегі жауынгерлік есептоп, жаяу әскердің ұрыс машинасы, өзара қимыл белгілерінің кестесі, теңіз десанттарын түсіру базасы т.б.*

Күрделі әскери терминдерді сөзтіркестік әскери терминдерден бөлу үшін, ғылыми тұрғыда дәлелденген, танылған ұстанымдар негізге алынады.

Осы аналитикалық тәсілдің төрт түрі күрделі сөздің төрт түрін жасайды, олар: сөзқосым – біріккен сөзді, қосарлау – қос сөзді, тіркестіру – тіркесті күрделі сөзді, қысқарту – қысқарған сөзді жасайды. Міне, бұл күрделі сөздердің бәрі күрделі әскери терминдерде бар, олар:

1. Құрамындағы компоненттері дыбыстық қалпын сақтап, сол қалпында қосылып күрделенген сөздердің біріккен сөздер деп аталатыны белгілі. Біріккен әскери терминдер: *басқосу (саммит), бойтаса,*

бомбапана, бұрышөлшер, біріздендіру т.б. Сондай-ақ орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы өзге тілдерден калька тәсілі арқылы енген *газпана, газтұмылдырық, гранататқыш, калибрөлшер, инфрақызыл, минаіздеуіш т.б.* біріккен әскери терминдер де кездеседі.

2. Қосарлау тәсілі тілде көне замандардан келе жатқан, ғылымда әбден дәлелденген мәселе. Сондықтан оның әскери терминдерден орын алуы заңды. Мысалы, *азық-түлік, альфа-бөлшектер, әкімшіл-әмірші (құрам), әкімшіл-әміршіл (әдіс), әуе-десант (әскерлері), әуе-десанттық (корпус), генерал-майор т.б.*

3. Сөздерді бір-бірімен тіркестіру арқылы жаңа ұғымды білдіру тілде ертеден қолданылып келе жатқан өте көне тәсіл екені ғылымда дәлелденген. Сөзтіркестік терминдердің терминжасамдық құрылымы синтаксистік ерекшеліктері, синтаксистік байланысу түрлері, синтаксистік терминжасамның көлемі тұрғысынан жан-жақты қарастырылып, топтастырылды, нақты мысалдармен көрсетіле отырып, уәждемелік негіздері дәлелденді.

Әскери терминжасамда *оқжатар, кеудебелгі, оқтұмсық, қолсұқпаушылық, дүркінді шабуыл, қалқалаушы әскерлер, қолдаушы жасақ* т.б. осы сияқты терминдер өте көп. Мұндағы терминдердің аудармасына келетін болсақ, *оқжатар – патронный магазин, кеудебелгі – нагрудный знак, оқтұмсық – боеголовка, қалқалаушы әскерлер – армия прикрытия, қолсұқпаушылық – неприкосновенность, дүркіндік шабуыл – атака волнами т.б.* Осы мысалдар тілдегі күрделі сөздердің барлық түрі аналитикалық тәсіл арқылы жасалатынын дәлелдеді.

Мәселе терминнің сөзтіркестік түрі туралы болып отыр. Термин аналитикалық тәсіл арқылы жасалғанда, тек күрделі сөз ғана жасап қоймайды, аналитикалық тәсіл арқылы сөзтіркестік терминдер де жасалады. Бұл мәселелер терминжасамда дұрыс бағаланған. Ғалымдар оны «терминологическое словосочетание» деп атайды, ал біз еңбекте «сөзтіркестік терминдер» деп атадық. Бұл анықтама Ш. Құрманбайұлы еңбегінде: «Көп сыңарлы термин атауларды терминтану саласындағы еңбектерде терминологиялық сөз тіркесі деп те атайды» – дей келе, «Терминологиялық сөз тіркесі – бұл арнаулы кәсіптік ұғымның атауы қызметін атқаратын екі немесе бірнеше толық мағыналы сөздердің мағыналық және грамматикалық бірлігі» деген К.Я. Авербухтың анықтамасын келтірген [10, 136 б.].

Аталмыш мәселе жайында мынадай пікір білдірген: «Терминологиялық сөзтіркестерінің бәрін тіркесті күрделі атаулар

деу қиын. Олардың арасында сөз тіркесі түрінде келетін төрт, бес немесе одан да көп сөзден тұратын терминдер бар. Сондықтан тіркесті күрделі атаулар мен терминологиялық тіркес деп аталып жүрген терминдерді арнайы зерттеп, олардың өзіндік ерекшеліктері мен ортақ қырларын анықтаудың маңызы зор» [10, 137 б.].

Біздің еңбегімізде осы мәселеге баса назар аударылды, өйткені терминнің бұл түрі әскери терминдерде көптеп кездеседі. Сөзтіркестік әскери термин деп құрамындағы сыңарлары мағынасын сақтай отырып, олар бір-бірімен синтаксистік байланыста қолданылып, бір әскери ұғымды білдіретін терминдер аталады. Сөзтіркестік әскери терминдердегі ең негізгі мәселе синтаксистік байланыс болатындықтан, осы тұрғыдан оны еңбекте төмендегідей топтастырдық:

1) сыңарлары матаса байланысқан сөзтіркестік әскери терминдер. Бұл сөзтіркестік әскери терминдер екі құрамдық терминнен басталады. Екі құрамды матаса байланысқан сөзтіркестік терминнің бірінші сыңары ілік септік тұлғасында, екінші сыңары тәуелдік жалғауында тұрады. Мысалы, *жерүсті әскері, қорғаныс құрылысы, майдан ұзындығы, оқшашар таспасы, ұрыс кемесі, зеңбірек батареясы т.б.*

2) сыңарлары меңгеріле байланысқан сөзтіркестік әскери терминдер. Мұндай сөзтіркестік әскери терминдердің құрамында барыс, табыс, шығыс, жатыс, көмектес тұлғалы есім сөздер бар. Мысалы, барыс жалғаулы меңгеріле байланысқан әскери терминдер: *танкіге қарсы гранат, ұрысқа енгізу, жорыққа шығу, «Артқа бұрыл» т.б.* Табыс жалғаулы меңгеріле байланысқан әскери терминдер: *автоматты оқтау, әскерді тасымалдау, әскерді шоғырландыру, әскерді жұмылдыру.* Шығыс септік жалғаулы меңгеріле байланысқан әскери терминдер: *әуеден бақылау, зеңбіректен ату, қапталдан ату, минадан қорғану т.б.*

3) сыңарлары қабыса байланысқан сөзтіркестік әскери терминдер. Қабыса байланысқан әскери терминдерге өзара ешқандай жалғаулықсыз қатар тұру арқылы тіркескен терминдерді жатқызуға болады. Мысалы, *кезекші бөлім, қалқыма көпір, сыртқы сақшы, өзара соғыс т.б.*

4) аралас байланыстағы сөзтіркестік әскери терминдер. Сөзтіркестік әскери терминдердің құрамы үлкен болатынын айтып өттік, кейде ол сөйлем құрамына жетуі де мүмкін. Сондықтан сөзтіркестік терминдердің сыңарлары бір-бірімен түрлі синтаксистік байланысқа түсе береді. Мысалы, *атом қаруынан қорғану > атом қаруы +*



қаруынан қорғану (матасу, меңгеру тәсілі), жайылма саппен жүру, залалды аймақтан өте шығу (қабысу, меңгеру тәсілінің араласа қолданылуы); күзеттің негізгі шебі, атыстың қосымша секторы, әскери тасымалдау құжаттары (матасу мен қабысу тәсілінің қолданылуы)

Егер де терминологиядағы басты талаптардың бірі – мағыналас ұғымдарды ұялы әдіспен беру десек, әскери терминдердің көпшілігі осы әдіс негізінде жасалғанын көреміз. Мысалы, *шабуыл* тірек сыңары арқылы он тоғыз сөзтіркестік әскери термин жасалса, *қорғаныс* тірек сыңары арқылы жиырма төрт сөзтіркестік әскери термин, ал *жауынгерлік* тірек сыңары арқылы отыз төрт, *ұрыстық* тірек сыңары арқылы елу жеті сөзтіркестік әскери термин жасалған. Мұндай бір тірек сыңар арқылы жасалған сөзтіркестік терминдер тобын ұялы сөз тіркестер дейді.

Әскери терминжасамға тілдегі белгілі үш тәсіл түгел қатысады, дегенмен аналитикалық тәсіл басқа тәсілдерге қарағанда анағұрлым белсенді қызмет атқарады. Аналитикалық тәсіл арқылы күрделі әскери терминдер жасаумен бірге терминдерге тән сөзтіркестік әскери терминдер жасалатыны да анықталып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жылтыров Т. Қысқаша орысша-қазақша әскери сөздік. – Алматы: ҚРҚМ Орталық баспахана, 1995. – 95 б.
2. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.
3. Байжанов Т. История военной лексики в казахском языке: автореф. дисс. ... докт. филол. наук. – Алматы: Институт языкознания, 1993. – 45 с.
4. Қожағұлова К. Қазақ тіліндегі әскери лексиканың мағыналық құрылымы: филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Астана: Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2006. – 26 б.
5. Базарова Г.Б. Әскери саптық бұйрықтар тілі: филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазМУ, 2007. – 24 б.
6. Орысша-қазақша әскерлік атаулары – Русско-казахская военная терминология / Құраст. Ш.Құрманбайұлы, О.Жұбаева (Қызылорда, 1926). – Астана: Сөздік-Словарь, 2005. – 136 б.
7. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва: Советская энциклопедия, 1966. – 607 с.
8. Гасымов М.Ш. Основы терминологии азербайджанского язы-

ка: автореф. дисс. ... докт. филол. наук. – Баку, 1972. – 46 с.

9. Даниленко В.П. Как создаются термины. – Москва: Русская речь, 1967. – № 2. – С. 32

10. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 237 б.

11. Парпаров С.И. Новая немецкая военная лексика. – Москва: Воениздат, 1967. – 102 с.

12. Ветлов Н.Б. Теоретические основы терминологического минимума по специальным видам перевода (на материале немецкого языка): автореф. дисс. ... докт. филол. наук. – Москва: Воен. Краснознаменный институт, 1968. – 51 с.

13. Шевчук В.Н. Военно-терминологическая система в статике и динамике: автореф. дисс. ... докт. филол. наук. – Москва: Воен. Краснознаменный институт, 1985. – 45 с.

14. Қасым Б.Қ. Сөзжасам: семантика, уәждеме. Оқу құралы. – Алматы: КИЦОО, 2003. – 167 б.



*Ахметова Э.Т.,
Алматы энергетика және байланыс
университетінің профессоры*

СӨЗДІК ЖАСАУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Ғылыми термин – пән сөздері дегеніміз не, олардың жасалу әдістері қандай деген сұрақтар төңірегінде ізденістер жүргізілу барысында терминологияның жалпытеориялық мәселелері және қазақ тіліндегі техникалық терминологияның ерекшеліктері, термин сипаттаудың лексикографиялық тәсілдері мен құралдары, морфологиялық-синтаксистік терминжасам бойынша көптеген әдебиет оқылып, сарапталды.

Кез келген ғылымның метатілі болатыны белгілі. Қазақ тілінің метатілі күні бүгінге дейін даму үстінде. Метатіл ұғымына тек терминдер ғана емес, жалпы ғылыми лексика енеді. Ондай тілдің қалыптасуына, негізделуіне белгілі дәрежеде сөздіктің әсері болатындықтан, біз университет мамандықтарына қатысты әдебиеттерді топтастырып, жинақтап, ғылыми-зерттеу еңбектерін, оқулықтарды, сөздіктерді пайдалана отырып, қолданыста бар терминдерді жаппай іріктедік, электронды нұсқасын жасадық.

Терминжасам теориясы бойынша техника саласына жататын машина, аппарат, құрал-жабдық, олардың бөлшектері сияқты нақты зат атауларының дені аударуға келмейтін, түбірі көптеген мәдениетті тілдерге ортақ, түсінікті сөздер болады. Оларды қай тілден келсе, сол қалпында пайдаланған жөн, ал нақты зат емес, дерексіз, (абстракт) ұғым атауларын қай тілде де өз сөздерімен білдіру мүмкіндігі зор болады. Дегенмен оның ішінде де интернационалдық қор сөздерінің қалыптасып кеткен фактілері аз емес.

Ғылыми терминдер – пән сөздерін іздестіргенде бірден-бір сүйенер негіз – қазақ тілінің төл сөздері екендігіне баса назар аударған жөн. Сол сияқты термин түзуде туыстас түркі тілдерінің сөздік қорына сүйену керектігін де назардан тыс қалдырмау керек. Бұл – қазіргі кездегі жетекші терминолог ғалымдарымыздың ұстанатын принциптері.

Термин жасау, жасалған терминдерді қалыптастыру – үнемі қадағалап, реттеп отыруды қажет ететін өте жауапты жұмыс.

Терминология – белгілі бір өндіріс пен білім саласының терминдерінің жиынтығы, сондай-ақ терминдердің жасалуы, құрамы және қызметі туралы ілім. Жеке сала бойынша арнайы сөздердің жасалуы

мен қолданылуы; жаңа терминдер жүйесін жасау терминологияның айналысатын мәселесі.

Ө.Айтбайұлы терминологияны: «Терминология – ғылым мен техника тілін дамытатын лексиканың бірден-бір күрделі қабаты» деп атап өткен.

Макроқұрылым – сөздіктің мұқабасынан соңғы бетіне дейінгі аралықтағы әрбір элементтің жиынтығы. Терминологиялық сөздік сапасының жақсаруына қолданысқа енуіне, практикалық қолданыста қызмет етуіне осы элементтердің дұрыс жоспарланып, негізге алынуы әсер етеді.

Макроқұрылымдық элемент сөздіктің құрылымында маңызды қызмет атқарады. Сөздіктің кіріспесі немесе алғы сөзі, мақсаты мен міндеттері, онда қамтылған терминдер көлемі, сөздіктің құрылымы, сол құрылымға сәйкес оны пайдалану, қолдануға байланысты әдістемелік нұсқаулар сияқты мәліметтер қамтылады.

Қазақ тіліндегі терминологияны қалыптастырудың негізінен екі түрлі принципі бар.

Бірінші принцип – терминологияны қалыптастыруда қазақ тілінің өз мүмкіншілігін пайдалану. Бұл принцип бойынша қазақ терминологиясының қалыптасу жолдарын талдауда Мемлекеттік терминологиялық комиссия бекіткен сөздіктер мен орысша-қазақша сөздіктің кейінгі басылымының тәжірибесіне сүйендік. Алғашқысында Мемтерминкомның соңғы 20 жылдан астам уақыт ішінде бекіткен терминдеріне біршама талдау жасалып, олардың бірқатары қайта қарастырылып, бір ізге түсірілген. Кейінгісінде сөздікті өңдеп толықтыруда қоғамдық-саяси және ғылыми-техникалық терминологияға үлкен мән берілгені атап көрсетілген. Терминдер мен атаулардың жазылу емлесін анықтауда орфографиялық сөздік басшылыққа алынған.

Терминдер мен атаулардың қазақша баламасын жасау мына сияқты жолдармен іске асқан:

1. Орысша терминдерге қазақтың ежелден белгілі төл сөздері мен олардан жасалған туынды сөздер балама ретінде қабылданған.

2. Қазақ тіліндегі сөзжасам тәсілдері арқылы орысша терминдерге және жаңа ұғымдарға балама боларлық жаңа сөздер жасап, терминдер қатары толықтырылған.

3. Орыс тіліндегі бір ұғым қазақ тіліне әртүрлі аударылып берілген (натяжение – керіліс (физ.), керілу (тех.).

4. Орысша туынды терминдер мен атауларды беруде бұрынғы тәжірибе сақталған (туынды терминдердің түбірлерін сақтап, қосым-



шаларын қазақша беру; орысша туынды терминдердің бір бөлігін қазақ сөздерімен ауыстыру).

5. Көп мағыналы кейбір қазақ сөздерінің әр мағынасы орысша түбірлес терминдерге балама болып берілген (бағана – колонка, столбец; үлес – доля, удел).

6. Терминдер мен атауларға кейбір көнерген сөздер мен жергілікті сөздерді балама етіп қалыптастыру қабылданған.

Қазақ терминологиясын қалыптастыруда әлі де іздестіретін, нақтылайтын, екіұшты жайттар баршылық. Бірқатар сөздердің баламасы болғанымен, аударылмай берілгендері кездеседі. Бұл сияқты сәйкеспеушілікті бірізге түсірген жөн сияқты.

Екінші принцип – терминдерге қазақ тілінде балама болмаған жағдайда оларды орыс тілінен алып пайдалану. Бұларға негізінен интернационалдық терминдер жатады. Сөздіктердегі терминдердің бірсыпырасы осы принципке сәйкес түзілген.

Сөздік жасаудың қолданыстағы принциптері мен әдістеріне жасалған талдаулар және тәжірибе сөздік жасауды бірнеше кезеңде бөлу қажеттігін көрсетеді (жобалау, сөздер тізбесін жасау, негізгі және көмекші көрсеткіштерді дайындау, сөздікті редакциялау). Осындай тәжірибелерге сүйене отырып, міндетті ҒЗЖ-ның бірінші кезеңінде сөздікті жобалау жұмысы жүзеге асырылды. Демек, болашақта қолданылатын сөздіктің түрін анықтап алу (сөздікті болашақта кім пайдаланады, сөздіктің болжалды көлемі, сөздікке енгізілетін арнайы лексиканы іріктеу критерийлері) қарастырылды. Екінші кезеңде лексикалық материал (сөздер мен сөз тіркестері) жинақталып, сөзтізбе құрастырылды (сөзтізбе ұсынылады).

Әр сөздік белгілі бір ұстанымдар негізінде құрастырылып, белгілі бір мақсатқа, адресатқа арналады және ақпараттық, коммуникативтік қызмет атқарады. Сөздік жасау принциптері дегенде, алдымен, оның теориялық негіздерін анықтап алу маңызды. Сөздік жасау барысында мынадай ұстанымдар (принциптер) басшылыққа алынады:

- сөздіктің атына (бағытына, қолданылу саласына) сай міндет атқаруы (түсіндірме, аударма);

- сөздікте тек өз саласына қатысты лексика қамтылуы тиіс;

- бекітілген терминдердің болуы;

- бағытталған ортасы мен деңгейінің анықталуы (студенттерге, оқушыларға т.б.);

- сөздік құрамның алфавиттік ретпен берілуі, сөздердің орналасу принципі; (аударма сөздіктер үшін алфавиттік принцип ұсынылады).

- жиіліктік принцип, сөздерді қолданылу жиілігіне қарай топтастыру, яғни сөздікке алынатын сөздердің қолданым жиілігі; тілдік материал ұсынуда жүйеліліктің сақталуы; (жүйелілік принципі түсіндірме сөздіктер үшін)

- пайдаланушының сұранысы есепке алынуы тиіс;

- ұяшық принципі, сөздік ұяшықтардың дұрыс берілуі. Бұл принцип сөз тудырушы және семантикалық терминдерді бір жерге топтастырады.

Қоғамның дамуына байланысты туындайтын жаңа ғылыми әрекеттер тілге жаңа сөздер алып келеді. Қандай салаға байланысты болмасын ол сөз өзінің қажеттілігіне қарай өмір сүреді.

Демек, ғылымның көптеген салалары бойынша жүргізілетін ғылыми зерттеулерде, оқулықтар жазу барысында қолданатын термин сөздер мен сөз тіркестерін барынша ойластырып, сұрыптап барып пайдаланған абзал, сонда ғана олар ғылыми айналымға еніп, тұрақты қолданысқа түсуі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Бекітілген терминдер сөздігі. Қазақша-орысша, орысша - қазақша (15 мыңға жуық термин). -Алматы: Дайк-Пресс, 2009. -328 б.

2. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Электроника, радиотехника және байланыс/ Жалпы редакциясын басқарған проф. Асқарбек Құсайынов. -Алматы: Республикалық мемлекеттік «Рауан» баспасы, 2000. -240 б.

3. Техникалық терминдер сөздігі. -Алматы, 2009.

4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Информатика және есептеуіш техника/ Жалпы редакциясын басқарған проф. Асқарбек Құсайынов. -Алматы: Республикалық мемлекеттік «Рауан» баспасы, 1999. -304 б.



Тұрарова Ж. М.,

“Қазақстан Республикасының Заңнама институты”

*мемлекеттік мекемесі Лингвистика
орталығының аға ғылыми қызметкері*

Ахметова Т. С.,

ғылыми қызметкер

ЗАҢНАМАДАҒЫ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР

Мемлекетіміздегі түрлі қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мен қорғаудың тетігі ұлттық заңнама. Ол еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және өзге де қарым-қатынас салаларын реттеуге арналған нормативтік құқықтық актілердің үлкен ауқымын құрайды. Қоғамдық қатынастармен байланысты туындайтын проблемалар құқықтық тұрғыда негізді, уақтылы және де нормасы қолдануға жеңіл нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуді қажет ететіндігі белгілі.

Бүгінгі күні қолданыстағы заңнамамыз Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қатысуымен 1990 жылдан бастап «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» РМК қазіргі уақытқа дейінгі әзірлейтін Қазақстан Республикасы заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілері ресми мәтіндерінің неғұрлым толық электрондық жиынтығы - «Заң» деректер базасына, 2012 жылдан бастап іске қосқан, ұлттық заңнамасымен он-лайн режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін, бақылаулы күйдегі мемлекеттік және орыс тілдерінде 157 мыңнан астам нормативтік құқықтық актілер қамтылған «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесіне шоғырландырылған. Сонымен бірге осы көздерде қамтылған заңнаманы жетілдіруге қатысты шешімін табу қажет мәселелер көп.

Осындай проблемалардың қатарында нормативтік құқықтық актілер мәтіндеріндегі тілдік норманың сақталмауы, жарыспалы нұсқалардың көбеюі, терминдерді пайдаланудағы бірізділіктің болмауы, терминжасам мен олардың дұрыс аударылмауы сияқты кемшіліктердің орын алуын атауға болады. Әрине бұлардың көпшілігі тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы қабылданған заң мәтіндегі жіберілген кемшіліктер.

Жалпы алғанда, мемлекеттік тілдегі қолданыстағы заңнаманың және әзірленетін нормативтік құқықтық актілер жобаларының сапасын арттыру, заң шығару процесінде терминдер мен сөз

тіркестерін бірізді қолдану мәселесі мемлекеттік органдарда түрлі жобалар шегінде қаралып, жоспарлы түрде ұйымдастырылып отыратын басқосуларында, бұқаралық ақпарат құралдарында үнемі талқыланып жүр.

Осы орайда Қазақстан Республикасының Заңнама институтының Лингвистика орталығында жүргізілетін нормативтік құқықтық актілердің жобаларына лингвистикалық сараптаманың да заңнаманы жетілдіруге өзіндік үлес қосып отырғандығын атап өтуге болады. Лингвистика орталығы 2011 жылдан бастап «Қазақстан Республикасының заңнамасында қазақ тіліндегі заң лексикасының қолданылуына мониторинг жүргізу» тақырыбында жүргізілген іргелі және ғылыми-қолданбалы зерттеу жобасы шеңберінде 2012-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлім) терминдерінің қазақша-орысша анықтамалық сөздігінің жобасын дайындады. Аталған іргелі және ғылыми-қолданбалы зерттеу жобасына сәйкес биылғы жылы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының әлеуметтік саласы терминдерінің қазақша-орысша анықтамалық сөздігі жобасын әзірлеуді орындауда. Анықтамалық сөздікті әзірлеу барысында азаматтық заңнаманың әлеуметтік саласының қолданыстағы 3 кодексі және 50 заңы бойынша талдау жүргізу жоспарланған. Аталған анықтамалық сөздіктерді әзірлеу үстінде талдауға алынған. Азаматтық кодекстің және көптеген заңдардың мәтіндерінде грамматикалық, стильдік қателерді айтпағанда, қолдануға жарамсыз көптеген нормалардың, мәнін ашпайтын не мәніне сай келмейтін терминдер мен ұғымдардың барлығы айқындалды. Осы мәселе бойынша Институт қызметкерлері көптеген мақалаларды да жариялады.

Республика бойынша тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтің ақпараттық, әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастыратын, оның ішінде республикалық терминология және ономастика комиссияларының қызметін қамтамасыз ететін уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі¹. Ал республикалық терминология мәселесімен айналысатын орган - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 367 қаулысымен құрылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы болып табылады. Ол экономиканың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің барлық салалары бойынша қазақ тілінің терминологиялық лексикасы саласында ұсыныстар әзірлейтін консультациялық-кеңесші

орган. Комиссияның негізгі міндеттері мен өкілеттігі отырыстарда мақұлданған терминдер мен номенклатураларды қарау және бекіту; экономиканың, ғылымның, техниканың және мәдениеттің түрлі салалары бойынша комиссия бекіткен терминдерді бюллетеньдер мен салалық терминологиялық сөздіктер түрінде шығаруға ұсынымдар дайындау, сондай-ақ терминдерді республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау; терминдер мен номенклатуралардың практикалық пайдаланылуы мен қолданылуының дұрыстығы мен дәйектілігін айқындау мақсатында, қажет болған жағдайда қазақ тілінің терминологиясын құру және жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау үшін ғалымдарды, газеттер мен журналдар редакцияларының, теледидар мен радио хабарын таратудың, кітап баспаларының, сондай-ақ республиканың мүдделі министрліктері мен ведомстволарының қызметкерлерін тарту; экономиканың, ғылымның, техниканың және мәдениеттің тиісті салалары бойынша терминология секцияларын құру болып табылады².

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Терминология комиссиясы терминдерді біріздендіру үшін жыл сайын төрт отырыс өткізеді. Комиссияның әр отырысында 200-1000 (орта есеппен 600) термин сөз талқыланып, бекітіледі. Жылына төрт отырыста шамамен 2400 термин сөз бекітіледі екен³. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тіл комитетіне қарасты Шайсұлтан Шаяхметов атындағы республикалық тіл орталығындағы жүргізіліп отырған мынадай жұмыстарды атап кетпеске болмайды. Аталған Орталық Терминология комиссиясының жұмысын жеделдету мақсатында шамамен үш жүз мың бірлік термин сөз бен терминдік тіркесті құрайтын 30 томдық салалық терминдер сөздігіне лингвистикалық сараптама жүргізуді, Терминология комиссиясына әртүрлі салалар бойынша талқылаудан өткен терминдерді бекітуге ұсынуды, терминдерді талқылауға арналған электрондық алаңды жүргізуді, сондай-ақ Республика бойынша әртүрлі саланы зерттеп жүрген тілші, аудармашы мамандардың мемлекеттік тілдегі еңбектерін жариялап отыруды қолға алған⁴.

Осындай үлкен жобалардың Орталықта қолға алынуы, ондағы терминология бөлімінің атқарып отырған жұмыстары терминдерді жинақтау, біріздендіру жұмыстарының жанданғандығының куәсі.

Бұл орайда терминдерді жинақтау мен терминдерді біріздендірудің көзі ретінде жоғарыда аталған «Заң» деректер базасы мен «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде қамтылған қолданыстағы

нормативтік құқықтық актілерді атауға болады. Жалпы бұл жұмысты заңнамадағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің заң саласы бойынша (конституциялық, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, азаматтық, азаматтық іс жүргізу және т.б.) сатылық деңгейіне қарай (конституция, конституциялық заңдар, кодекстер, арнайы заңдар, жарлықтар, қаулылар, ережелер және т.б.) бөле отырып, салалық терминдерді үш түрде: жалпы пайдаланылатын (мәні бәріне түсінікті, ортақ пайдаланатын), арнайы-техникалық (арнайы білім салалары: медицина, ауыл шаруашылығы және т.с.с.), арнайы-заң терминдері⁵ (ерекше құқықтық мәнге ие терминдер, мысалы, исковая давность, иск) жинақтап, терминдерді талдау, іріктеу, жұмыстарын жүргізуге болады.

Бұл жұмыс қолданыстағы заңнамада қамтылған актілердің ауқымды болуына байланысты ұзақ уақыт жұмыс істеуді қажет етеді. Сондықтан осындай жұмысты жүзеге асырудың бірден бір жолы жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердегі қамтылған терминдерді сала бойынша жинақтау, іріктеу жұмыстарын әрбір министрліктің тиісті құрылымдарын не осы құрылымдардың тиісті мамандарын тартумен жұмыс тобын құра отырып¹ Терминология комиссиясы мен Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тіл комитетіне қарасты Шайсұлтан Шаяхметов атындағы республикалық тіл орталығының әдістемелік үйлестіруімен жүзеге асыруға болады. Терминдерді жинақтау және терминдік жұмыстарды жүзеге асырмайынша қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердегі жиі кездесетін:

- жарыспалы терминдердің болуы (нақтылығы жағынан талқылауды қажет ететін сөздер мен сөз тіркестері, дәл атауы бола тұрып орынсыз шет тілінің сөзімен алмастырылып пайдаланылған, дұрыс аударылмаған терминдер, мағынасы жағынан жуық әртүрлі сөздердің пайдаланылуы);

- сәтсіз жасалған терминдердің орын алуы (ресми стильге тән емес, ұғым мазмұнын дәл бермейтін терминдер, мәніне қайшы, анық емес не заңнамада орнықтап сөздер мен сөз тіркестерді пайдалану);

- ұлт тілінің лексикологиялық қабаттары, сөзжасам, терминжасам тәсілдері дұрыс пайдаланылмаған (жаңа пайда болған арнайы техникалық (белгілі сала бойынша), арнайы заң (ерекше құқықтық мәнге ие) терминдерін дұрыс пайдаланбауы сияқты норманың мазмұнын бұзуға және әртүрлі түсініп талқылауға әкелетін кемшіліктер толастамайды. Мәселен, жарыспалы, екі нұсқада –



«подозреваемый» – «сезікті», «күдікті», «идентификация (лат – identifcare отождествлять) термині екі нұсқада – «сәйкестендіру», «бірдейлендіру» болып қолданылып жүр: «сәйкестендіру нөмірі» (идентификационный номер»), «тамақ өнімдерін сәйкестендіру» (идентификация пищевой продукции), «өнімді, көрсетілетін қызметті бірдейлендіру» («идентификация продукции, услуги»). Алайда, латын тіліндегі мәніне қарайтын болсақ, осы терминді «идентификация» деген күйінде пайдалану дұрыс болады. Сондай-ақ, сәтсіз жасалған терминдерге мысал ретінде: «сроки исковой давности» («ескіру мерзімінің өтуі») деген терминді атауға болады дұрысы – «талап қою мерзімінің өтуі»².

Сонымен нормативтік құқықтық актілер қоғамдық қатынастарды реттеудің құралы деп санасақ, оның мазмұнының дұрыстығы мен айқындығы, қолданушыға түсінікті болуы заңнамада белгіленгендей әдеби тіл нормалары мен заң техникасының сақталуымен ғана емес, нормативтік құқықтық актілерде пайдаланылатын терминдер мен анықтамалардың біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін жоғары деңгейдегі нормативтік құқықтық актіде қолданылатын терминдер мен анықтамаларға сәйкес³ болуын сақтаумен де тікелей байланыстылығын көреміз.

Бұл ретте нормативтік құқықтық актілердегі пайдаланылған терминдер бойынша терминологиялық жұмыстарды жүргізуде терминдерге қойылатын: **бірмәнділік**, бір термин бір немесе өзге де қандайда бір актіде бірмәнде болуы қажеттігі; **тұрақтылық**, термин әрбір жаңа нормативтік құқықтық актіде өзінің ерекше мәнін сақтауы қажеттігі, терминологияның **біртұтастығы**, пайдаланылатын терминдер басқа да нормативтік құқықтық актіде қамтылған терминге қайшы болмауы қажеттігі, **жалпыға танылған**⁴ болуын басшылыққа алудың терминдерді біріздендірудегі маңызы зор.

Бекітілген терминдердің барлығы дерлік нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезінде қолданылып жүрмегендіктен, қолданыстағы терминдерді нормалау, жүйелеу, біріздендіру, ретке келтіру сияқты терминологиялық жұмыстарды жүргізу аса қажет. Өйткені жинақталған терминдерді стандарттау және оларды ортақ қолдануға болатын сөздіктер ретінде шығару заң жобаларын әзірлеу процесіндегі сапаға жеткізуші шара болары сөзсіз. Және де осындай жұмыстар Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясымен келісе отырып, мүмкіндігінше лингвистикалық зерттеулер жүргізумен және баспа өнімдерін

шығарумен айналысуға мүмкіндігі бар Тіл комитетіне қарасты Шайсұлтан Шаяхметов атындағы республикалық тіл орталығының үйлестіруімен жүргізілсе, шығарылған терминологиялық сөздіктер көпшілікке және заң әзірленуші мемлекеттік органдарға біркелкі қолданысқа беріліп отырса нұр үстіне нұр болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы
2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 367 қаулысы
3. Қапалбек Б. Қазақ терминдерін біріздендіру жолдары// <http://www.tilortalyq.kz/kk/?p=1955>
4. Шайсұлтан Шаяхметов атындағы республикалық тіл орталығындағы. Мұрағат - www.tilortalyq.kz/kk/
5. Лызлов Д.Н. Юридическая техника: учебное пособие, М.: Ось-89, 2009, с. 25-26
6. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247
7. Айымбетов М Заң терминдерінің түпмәтіндік қолданысы // Қазақстан Республикасының Заңнама жаршысы, 2013, № 1-2(29-30). - 124- 126 б.
8. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңы

*Кульманова З.Б.,**Т.Рысқұлов атындағы**Қазақ экономикалық университетінің
магистрі*

АУДАРМАДАҒЫ ЭКВИВАЛЕНТТІЛІК

Аңдатпа: Халықаралық қатынастар маманы үшін аударматанудың әліпшесі мен танысудың маңызы зор. Халықаралық саяси құжаттарды, баспасөз материалдарын екі тілде еркін түсіну, аударма білу өте қажетті жұмыс. «Аударматану негіздері» практикалық курсында аударма жұмысының түрлерімен таныстырып, сипаттап кетуден студенттің аударма жасау машығы қалыптаса қоймайды. Біздің ойымызша, практикалық жұмыстар нәтижелі болу үшін кейбір теориялық мәселелерге назар аудару қажет.

Қазақ аударматану ғылымында жиі қолданылып жүрген балама, баламалы аударма, баламалылық (эквивалент, эквивалентный перевод, эквивалентность) деген терминдердің қазірге дейін ұғымдық анықтамасы нақтылана қойған жоқ. Кей тұстарда сөз болғалы отырған ағалымдар теңбе-теңдік (тождественность), дәлме-дәл аударма (адекватный перевод) деген терминдермен теңбе-тең дәрежеде ұғынылады. Сондай-ақ балама (эквивалент) дегенді түпнұсқа тілдегі сөздің басқа тіл сөздігінде көрсетілген варианттары немесе аудару үдерісі кезінде түпнұсқадағы сөзге, тіркеске, фразаға, синтаксистік тұтастыққа тәржімашы аударылатын тілден таңдап, іріктеп алған мағынасы жуық нұсқалар деп түсіндіретін реттер де жоқ емес. Бұл мәселе жөнінде орыс ғалымдарының тұжырымдары да бірыңғай емес. Баламалық турасында алғаш пікір айтқан ғалым Я. Реңкер, сонымен қатар, балама және баламалы сәйкестік дегеннің аражігін ажыратуды ұсынады. Зерттеушінің айтуы бойынша «балама» (эквивалент) дегеніміз – контексте тәуелсіз, тұрақты, теңбе-тең сәйкестік (1,10), басқаша айтқанда, екітілді сөздікте берілетін нұсқалар. Я. Реңкер сонымен қатар балама аударма үдерісінің катализаторы, бұның, әсіресе, ауызша аудару кезінде рөлі жоғары, өйткені сөздіктерде көрсетілген балама аудармашының санасына алдымен түседі де, контекстің мағынасын тез түсінуге ықпал етеді деп есептейді. Бірақ, ғалым екітілді сөздіктерде дәл баламаны бере алмайтынын мойындай отырып, эквивалент дегенге географиялық атауларды, жалқы есімдерді, терминдерді жатқызу керек деп санайды; ал басқа сөздер, сөз тіркестері баламалы сәй-

кестік деп танылуы тиіс; сондықтан толық балама, ішінара балама, абсолютті балама, шамалас балама типтес түрлерді ажырату қажет деген тұжырымға келеді.

Аудару дәлдігі мәселесін филологтар бұрыннан бері қарастырып келе жатыр. Қазіргікезде бұл мәселе әртүрлі аудармалық бағытта зерттелуде (Қазақстан мектебі: Г. И. Исина, А. Алдашева және т.б., Ресей мектебі: А.Т. Алексеева, В. Н. Комиссаров, Н.Р. Ткачев және т.б., Германия мектебі: Г.Егер, К.Райс, Е.Штойберг және т.б.). Жоғарыда аталған лингвистердің зерттеулерінде назар эквиваленттілік терминіне аударылады [1. 134 б].

Барабарлық (эквиваленттілік) – аудару теориясында өте күрделі және көп қырлы ұғым ретінде қарастырылады. В.Н. Комиссаровтың пікірінше «эквиваленттілік ұғымы аударманың негізгі ерекшелігін ашып, қазіргі аударматануда негізгі ұғымдардың бірі болып табылады» [5, 176 б].

«Эквиваленттілік» термині қазіргі аударма теориясында аз уақыттан бері қолданылып келе жатыр (1938 жылдан бастап Лейпциг аударма мектебінде). П. М. Топер пікірлердің көпқырлылығын белгілеп, аудару теориясына «эквивалент» терминінің қашан және қайдан кіргенін анықтайды. «Алғаш рет «эквивалент» терминін «Аударманың лингвистикалық аспектілері» туралы мақаласында Р. Якобсон ұсынған еді» («О лингвистических аспектах перевода») [5, 176 б.].

Егер де қазіргі аударматану теориясы ХХ ғасырдың ортасында пайда болатын болса, онда оның негізгі категориясын білдіретін термин онымен бірге жарыққа шықты. Бірақ та, кейбір тілдерде, мысалы, француз тілінде, қазір біз қолданып жатқан лингвистикалық мағынада «эквивалент» сөзі (бір сөзді немесе сөз тіркесті ауыстыра алатын сөз немесе сөз тіркесі) ХІХ ғасырдың екінші жартысында (1864 жылы) тіркелген еді. Оны Бодлердің еңбегінде кездестіруге болады (1821 – 1867 жылдары): «Сөз шексіздік, Құдай, рух және басқа сөздер сияқты басқа тілдерде эквиваленті бар».

Аударма теориясы үшін осы термин қандай мағынада қолданылады және басқа терминдермен қалай араласады? Мысалы, Вине және Дарбельне «Француз және ағылшын тілдерінің салыстырмалы стилистикасы» («Сопоставительная стилистика французского и английского языков») атты еңбектерінде (1958 жылы) эквивалент және эквиваленттілік терминдерін біз үшін дағдылы мағынада емес, аударманың тәсілдерінің бірі ретінде қолданған.

Жалпы ғылыми білімдер жағынан «эквиваленттілік» ұғымын қа-

растырайық. Орыс тілінде эквиваленттілік сөзі эквивалентті сын есімінің ерекшеліктеріне тең. Яғни, бірдей, мағынасы бірдей, тең күшті, бір сөздің қандай да болса байланыста тұрғанды алмастыру

сөздеріне эквивалент болып тұр. Сонда, эквивалент сөзі – бұл бірдей, мағынасы бірдей, басқаға тең болатын, оны толық алмастыра алатын ұғым [6, 747 б.].

Эквивалентті сөзінің анықтамасында болған қарама-қайшылыққа назар аудару қажет. Салыстырылып жатқан объектілер құндылық, мағынасы, күші жағынан біркелкілігі туралы оның бірінші бөлігінде айтылады. Басқа сөзбен айтқанда, олар бірдей, яғни, абсолютті түрде ұқсас. Бір сөздің қандай да болса өзара байланыста тұрған сөздермен толық алмастыра алатындығы туралы екінші бөлігінде айтылады. Орыс тілінің сөздігі, жоғары айтылған сөздерінің мағынасына анықтама беріп, «эквивалент» сөзіне аудару теориясы үшін өте қызықты және маңызды Пироговтың «Кәрі дәрігердің күнделігінен» («Дневник старого врача») мысал келтіреді: «Менің профессорлық институтқа кандидат ретінде тағайындауым дәрі сынауының эквиваленті боп есептелінді» [1,147 б.]. Пироговпен келтірілген екі жағдай бірдей және біркелкі емес. Бірақ бір жағынан олар бірдей және белгілі бір орында болуға рұқсат етіледі.

Сөз анықтамасындағы қарама-қайшылық және келтірілген мысал эквиваленттілік ұғымының салыстырмалығын көрсетеді. Ал ол болса, аудару теориясы үшін үлкен рөл атқарады. Әрине, эквиваленттілік салыстырылып жатқан объектілердің алмастырылуы. Бірақ орын алмастыру абсолютті емес, белгілі бір байланыста ғана іске асады.

Аударма түпнұсқаға абсолютті түрде дәл бола алмайды. Бірақ бұл тілаларлық коммуникация үшін бөгде болмайды [7,144 б.]. Бұл ақындық формаларды жеткізу қиыншылықтарымен, мәдени және тарихи ассоциацияларды, ерекше реалия сөздерді және көркем мазмұндамалардың өзгешеліктерін жеткізуде шарасыз жоғалтулармен ғана байланысты емес, сонымен қатар аударма мағынасындағы бөлек элементтердің қарапайым пікірлерімен үйлеспей қалуымен де байланысты. Мысалы, біз «Der Student liest ein Buch» деген неміс сөйлемін «Студент кітап оқып жатыр» деп аударамыз. Көптеген жағдайларда осындай аударма дұрыс болады және басқа өзгерістерді қажет етпейді. Бірақ, мұнда толық тепе-теңдік жоқ. Неміс түпнұскасында белгілі бір кісі, студент туралы нұсқау бар, ал кітап бұл жерде қандай екені белгісіз болып тұр. Аудармада нұсқау да, іс-әрекет сөйлеп жатқан кезде өтіп жатқаны, іс-әрекет жүйелі түрде болмағаны туралы мәлімет жоқ.

Алайда осы барлық жоғалтулар, үстемелер аудармаға өз қызметін жа-сауға бөгет етпейді.

В.С. Виноградов пікірінше, кең ұғымында эквиваленттілік ұғымға тең, тең мағыналы, барабарлық – дәлдеу, ал тепе-теңдік бір сөздің екіншіге толық ұқсастығы, үйлестігі ретінде түсініледі [2, 18 б.].

Ал Л. К. Латышев «Айырмашылық болған кезде эквиваленттілік – бұл тілдің ең басты мәселесі және лингвистиканың түпкі мәселесі болып табылады. Аудармашы рецептор сияқты қызмет атқарады» деп жазады [8, 145 б.]. Бұдан басқа, «эквиваленттілік» терминімен бірге аударматануда «сәйкестілік» термині кең қолданылады. Берілген терминдер әртүрлі авторлардың жұмыстарында бір-бірін қайталап неме-се әртүрлі категорияларды белгілеу үшін қолданылады. Соған байла-нысты біз «эквивалент» және «сәйкестілік» ұғымдарының үйлестілік мәселесін қарастырамыз. Я.М.Рецкер пікірінше, «эквивалент» – бұл тұрақты және тең мағыналы сәйкестілік, дағдыдағыдай, контекстке тәуелді болмайды. «Сәйкестілік» терминін қолданған кезде, беріл-ген зерттеуші лексикалық бірліктер арасындағы семантикалық сәй-кестілік туралы айтады [9, 10 б.]. Л.С. Бархударовтың айтуынша, әртүрлі тілдердің лексикалық бірліктерінің, олардың бүкіл мағына-лық көлемінде сәйкес үйлестілік өте сирек кездеседі [2, 119 б.].

В.Н.Комиссаров бойынша, «аударманың эквиваленттілігі түпнұсқа мәтін мазмұнының және аудармасының барлық деңгейлерінің макси-малды ұқсастылығында жатыр» [1, 75 б.]. Сөйтіп, В.Н. Комиссаров бойынша эквиваленттілік Я.И. Рецкерге қарағанда кеңірек ұғым және ол аудару үдерісі кезінде берілген тілдің және аударылатын тілдің бір-ліктерінің үйлестіліктің бөлек түрін емес, негізгі мақсатын анықтай-ды.

Аудару барабарлығы ұғымы нені білдіреді? Және эквиваленттілік категориясының барабарлық категориядан айырмашылығы неде?

Барлық мүмкіндігінше, барабарлық ұғымы аудару теориясына та-ным теориясынан көшкен. Таным теориясында «барабарлық» тер-мині елесте, ұғымдарда, объективті байланыста және ақиқаттылық жағынан дұрыс қайта құруды білдіреді. Аудару теориясы үшін сон-дай ақиқаттылық ретінде түпнұсқа мәтін болып шығады. Ал мәтін мұнда құрылған байланыстар жүйесі және оны құрайтын элементтер қатынасы ретінде беріледі. Сонда аударудың мақсаты – басқа тілдің амалдары арқылы осы байланыстар жүйесін және қатынасына сәйкес, дұрыс қайта құру. Түпнұсқаның дұрыс қайта құрылуы нені меңзей-ді? Анықтаманың шамалас, сәйкес, дұрыс, дәл синонимдері арқылы

мағынасын ашу аз. Түпнұсқаға қарағанда аударма қандай болу керек анықтамасына тағы қандай ұғымдарды қосуға болады. Осында шамалас анықтамасы ғана бізге «аудармасының мәтіні түпнұсқасынан аспау да, кем де болмау керектігі» туралы айтады. Бірақ та осыған жету қиындау болады. Сәйкес (неге?), дұрыс (нені бағалауы бойынша?), дәл анықтамалары аудармаға қарағанда жиі қолданылып жатқанына қарамастан, олар өте абстрақтылы.

Аударма толықтылығы (барабарлық) ұғымын дәлдеуге тырыса отырып, А.В. Федоров толығырақ түсініктеме береді: «Аударманың толықтылығы – бұл түпнұсқада берілген мазмұн мағынасының толық жеткізілуі және аударманың түпнұсқаға функционалды-стилистикалық жағынан толық сәйкес келуі».

Аударма толықтығы түпнұсқаға сәйкес мазмұны және форма ара қатынас ерекшеліктерін жеткізуде немесе осы ерекшеліктеріне функционалды сәйкестіліктерді жасауда. Форманың өзгешеліктерін қайта құруда жатыр (егер де бұны тіл жағдайлары мүмкін ететін болса). Ал ол болса, осы жағдайда жиі және өзінің формалды ерекшеліктерінің түпнұсқадағы элементтермен сәйкес келмейтін, толық жүйеде ұқсас мағыналық және көркем функцияларын орындайтын тіл амалдарының қолдауын болжайды [4, 125 – 126 б.].

А.В. Федоров толықтық және барабарлық ұғымдары арасында тепе-теңдік белгісін қояды. Ол үшін барабарлық – бұл тек қана шетел термині. Мәтіннің көркем редакциялау ережелеріне сәйкес оны ана тіліндегі сөзбен алмастыру жақсырақ болар еді. Бірақ, алмастыру болса да, мәселе айқын шешілмейді. Керісінше, А.В. Федоров ұсынған аудармада барабарлық толықтықтың болуы жаңа мәселелерді туғызады. Сонымен, түпнұсқа және аударма мәтіннің бірліктерін қарастырғанда және салыстырғанда, біз лексика бірліктерінің эквиваленттілігін семантикалық деңгейде анықтаймыз. Неміс аударматану мектебінің өкілі В. Коллердің пікірінше, мәтіндер арасындағы эквивалентті қарым-қатынас түрі және үлгісі анықталғаннан кейін, эквиваленттік ұғымы ақиқатты мағынасына жетеді.

Аударманы қабылдаушының реакциясы берілген мәтіннің мазмұнын жеткізу мәселесімен байланысты. Ол қандай элементтерден тұратынын анықтау қажет. Л. К.Латышев А. Д. Швейцердің көзқарасын бөліп, келесі төрт элементті белгілейді:

- 1) заттық жағдайларды белгілеуімен байланысты денотативті мағына (яғни, заттық-логикалық);
- 2) пікір элементтерінің арасындағы синтаксистік (яғни, оның синтаксистік құрылымымен) байланысты белгілейтін синтаксистік

мағына;

3) функционалды-стилистикалық және экспрессивті бояумен белгіленген коннотативті мағына;

4) тілдік пікірдің және коммуникацияға түскен адамдардың қарым-қатынасымен анықталатын прагматикалық мағына.

Лексико-семантикалық эквиваленттілік мағынасын анықтаған кезде, зерттеуде қолданылған «денотат», «коннотация», «сигнификат» және «прагматика» ұғымдарының мағынасын анықтау қажет.

Денотат (латын тілінің *denotatum* «белгіленген» сөзінен шыққан) – осы бірлікпен атала алатын белгіленген зат, ақиқаттылықтың көптеген объектері (заттар, қасиеттер, байланыстар, күй, үдерістер, іс-әрекеттер және т. б.) [8, 96 б.].

Коннотация (латынның *connotation, connoto* «қосымша мағынам бар» сөзінен шыққан) – тіл бірлігінің узуалды немесе окказионалды сипаты эмоционалды, бағалы немесе стилистикалық сипаттамасы [8, 125 б.].

Кең мағынада – бұл тіл бірлігінің заттық-мағыналық (денотативті) және грамматикалық мағынасын толықтыратын, оған экспрессивті қызмет беретін кез келген компонент. Тар мағынада – бұл тіл бірлігінің мағынасының компоненті, ол үшін екінші – атаулы функциясын орындайтын, қатынаста қолдану кезінде берілген реалияға атаулының ішкі формасын жете түсіну негізінде ассоциативті-бейнелік жолмен, оның объективті мағынасын толықтыру.

Сигнификат (латынша *significatum* «белгіленген» сөзінен шыққан) – тіл белгісінің мағыналық мазмұны; тіл жүйесіндегі сөздің номинанты – сөз деп атала алатын тіл бірлігі [8, 185 б.].

Әрбір келтірілген, қарастырылған «денотат», «коннотат» анықтамаларында «тіл белгісі» ұғымы кездеседі. Лингвистикада тіл белгісі – бұл затты, қасиетті, ақиқатқа қатынасты білдіретін материалды-идеалды құрылым (екі жақты тіл бірлігі). Өз жиынтығында тіл белгісі ерекше бір белгілер жүйесін – тілді құрайды.

Л.К. Латышевтің пікірінше, мәтінді, сөйлемді, сөз тіркесін, сөздік белгілер ретінде қарастыруға болады. Яғни, бір түрлі құбылыс ретінде. Ал бұл болса, аудару теориясы үшін ерекше құрылымды. Бұл аудару үдерісі кезінде берілген тілдің тіл бірліктерін аудару тілдің

тіл бірліктеріне «ауыстыру», бір-бірімен байланысқан бірнеше деңгейлерде, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер және толық мәтіндер деңгейлерінде параллелді болып өтеді.

Қазіргі лингвистика белгінің мағынасын (мән, мазмұны) белгі ши-



регінде жатпайтын қатынас ретінде анықтайды. Сондай қатынастар бірнешеу болады: біріншіден, белгі денотатпен арақатысын белгілейді, соны белгілеп жатқан белгі затпен, ақиқатты болмыс құбылыспен арақатысын белгілейді; екіншіден, белгі оны белгілейтін денотатпен сигнификаттың арақатысын белгілейді; осы адамның санасына тән, коллективті, «ортадағы» адамдарға бейнелеу индивидуалды болуы мүмкін. Онсыз адамдар бір-бірін түсіне алмас еді.

Неміс ғалымы Г. Клаус тіл белгісі ақиқатты болмыстың келесі категориялармен арақатысын белгілейді:

- ол белгілейтін заттармен немесе құбылыстармен (денотаттар);
- адамдардың, осы тіл қоғамының мүшелерінің (сигнификаттардың) санасындағы осы заттардың немесе құбылыстардың (денотаттардың) бейнесімен;
- тіл белгілерін «жеткізетін» және «қабылдайтын» адамдармен, сонда осы кезде олар тіл белгілерін өз тезаурусина (индивидуалды түсінік қорына), ішкі қалпына және қатынастың белгілі жағдайына байланысты түсінеді;
- тіл кодымен, олар белгілі бір кодының элементімен (белгілі белгілер жүйесі) болған кезде арақатысын белгілей алады, өйткені белгілер ол кезде адамдар арасындағы қатынастың жан-жақты амалы ретінде ғана болуы мүмкін [10, 236 б.].

Жоғарыда аталып шыққан факторларға, белгілер құрылымының компоненттермен арақатысын белгілейтін, солар арқылы мәтіннің құрылуына үлес қосатын, заттық жағдай (сөйлеп және жазылып жатқан жағдай) және қарым-қатынас жағдайлары (сөйлеп жатқан жағдай туралы) қосылады.

Көптеген жағдайларда мәтін мазмұнының құрылуына қатысатын семантикалық құрылымның компоненттері оның белгілерімен тікелей арақатысын белгілейді [11, 32 б.]. Сондықтан біз лексико-семантикалық эквиваленттіліктің келесі деңгейлерін белгілей аламыз: денотативті, коннотативті және коммуникативті-функционалды.

Денотативті деңгейді біз: тіл белгілерінің денотаттармен арақатысы белгіленген фактының заттық сәйкестігін, объективті, мәлімет жіберушінің көзқарасына байланысты емес, практикалық жағынан ең маңызды қасиеттері бар мазмұнның, тілдік және мәдени-тарихи дәстүрлері бар қарым-қатынас жағдайын және берілген тілдің өзгешелігін түсінуіміз керек.

Ал коннотативті деңгейде тек қана денотаттардың объективті қасиеттері емес, сонымен қатар мәдени-тарихи, тіл ғұрыптарымен

анықталған, осы этникалық топқа жататын адамдармен денотаттарды бейнелеуі белгіленген. Тіл белгінің коннотациясын – біз денотативті мағынасына серік болатын, берілген этникалық топтың өкілдерімен осы белгімен байланысының мәнін түсінеміз. Сондықтан бұл тіл факторы болып табылады. Коммуникативті-функционалды деңгей (яғни, интерпретатор деңгейіндегі мазмұны) – мәлімет жіберушінің дербес тәсілмен бейнеленген түпнұсқа белгісінің аудармаға сәйкес келуі, жіберушінің және мәтін қабылдайтын адамның мәтіндерінің тіл белгілері мен мәлімет қорының сәйкес болуы.

Ішкі тілдік мазмұн – бұл тіл белгілерінің арасындағы және толық тіл кодымен сәйкестілігі. Бұл аспект прагматикалық мазмұнға байланысты. Өйткені прагматика – бұл семиотиканың және тіл білімінің зерттеу аймағы. Онда адресат ойының субъектіге, коммуникацияға қатысқан адамдардың арасындағы қарым-қатынасына, қарым-қатынас жағдайына байланысты тіл белгілерінің сөйлеудегі қызметі зерттелінеді [12, 4 б.]. Аудару кезінде түпнұсқаның жалпы мағынасы сақталуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Комиссаров В. Н. Общая теория перевода. – М.: Учебное пособие, 1999. – 336 с.
2. Гачечиладзе Г. Художественный перевод. – М.: Наука, 1999. – С. 115 – 136.
3. Смирнов А. А. Литературная энциклопедия. – М., 1934. – Т. 8. – С. 526 – 531.
4. Кашкин И. А. Теория перевода. – СПб., 1997. – 378 с.
5. Федоров А. В. Основы общей теории перевода. – М.: Высшая школа, 1983. – 400 с.
6. Якобсон Р. О лингвистических аспектах перевода // Комментарии. – СПб., 1959. – №11. – С. 176.
7. Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка. – М.: Просвещение, около 50000 слов – 1984. – 1080 с.
8. Утробина А. А. Основы теории перевода. Конспект лекций. – М.: Приор-издат., 2006. – 144 с.
9. Latzschew L. K. Übersetzungslehre in Wort und Beispiel: Курс перевода (Эквивалентность перевода и способы ее достижения). – М.: Междунар. отношения, 1981. – 362 с.



*Қожаева М. Т.,
Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университетінің доценті, ф.ғ.к.*

АУДАРМАТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ КОГНИТИВТІК-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазіргі таңда қазақ тіл білімі ғылымында арнайы зерттеуді талап ететін салалардың бірі – аударманың лингвистикалық теориясы. Бұл сала – қазақ тілтанымы үшін әлі жетілмеген, тиісті деңгейдегі ғылыми сипатын ала қоймаған тіл білімі салаларының бірі. Сондықтан бұл ғылымның негізгі бағытын айқындап бере алатын бірқатар ұғым-түсініктердің даралана қоймау себептері де осыған тікелей байланысты. Қазіргі қазақ тіл білімінде аударма мәселесімен түбегейлі айналысып жүрген ғалым А.М.Алдашева докторлық диссертациясында «...қазірге дейін аударма теориясының басты дәйектемелері, шешуші негіздері, аударматану ғылымының басты объектісі мен ұстанымдары, әдіс-тәсілдері мен бірлік тұлғалары, аударманың нормасы, тәржіма ісіне қойылатын талаптар сияқты маңызды жағдаяттардың анық-қанығы ғылыми тұрғыдан анықталған емес», – деп атап өткен [1, 3]. Қазақ тіл білімінде аударматану мәселесі – ХХ ғасырдың соңғы жылдары ғана қолға алынған жаңа салалардың бірі. Сондықтан қазақ тіл біліміндегі аударма теориясы да, аударма практикасы да, аударма іс-тәжірибесінің теориялық тұғыры да енді қалыптасып келе жатыр.

Қазақстан тіл білімінде Ө.Айтбайұлының аударма ғылымы және оның қалыптасуы туралы зерттеулері, А.Алдашеваның аударматанудың лингвистикалық және лингвомәдени негіздерін айқындауға арналған ғылыми зерттеулері мен Б.Хасанов, Р.З.Загидуллин, Н.Ж.Шаймерденова және т.б. ғалымдардың еңбектері аударма теориясы мәселелеріне арналды.

Тіл білімінің арнаулы салаларының қайсысын алсақ та, сол салалардың әрқайсысының өзіне тән ұғымдар жүйесі, терминологиялық аппараты болады. Ондай арнаулы ұғымдардың атаулары, ұғымдар жүйесі мен терминдері арнайы зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар, аударматану саласындағы терминологиялық жүйенің тілдік, соның ішінде, лексикалық ерекшеліктерін айқындау, аталған терминологиялық жүйе шеңберіндегі ұғымдар жүйесі мен сипаты сияқты тілдік фактілерге талдау жасау бүгінгі күннің кезек


күттірмейтін өзекті мәселелері болып табылады.

Терминологиялық лексиканы зерттеп, оның теориялық мәнін, маңызын анықтауда жоғарыда аталған қазақ ғалымдарының және орыс тіл білімінде А.Реформатский, В.В.Виноградов, Н.А.Баскаков, В.И.Сифоров, Р.А.Будагов, О.С.Ахманова, В.Ф. Журавлев, В.П.Даниленко, Г.В.Степанов т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Бұл зерттеулерде терминжасамның ғылыми принциптері мен шарттары анықталып, сөздік жасау, салалық терминжасам мәселесі арнайы қарастырылды. Дегенмен қазіргі кездегі ғылыми лексиканың бір құрамдас бөлігі, жеке бір терминдік жүйені – тіл білімі терминологиясын даралап зерттеудің маңыздылығы өте зор.

Тілдің өзі нысан ретінде алынатын зерттеулерде тіл білімі терминдері жүйесінің бірлігі «метатіл» деп аталады. Мамандар арасында «метатіл» анықтамасы туралы пікірлер көп: метатіл – «екінші дәрежедегі» тіл [2, 7]; «метатіл» – ерекше семиологиялық жүйе [3, 3]; тіл білімінің «метатілі» – терминдер арасындағы жүйелі қатынастар мен жалпы ғылыми лексиканы білдіретін күрделі құбылыс [4, 297] және т.б.

Әрбір ғылым саласының дамуы тіл білімі метатілінің дамуын талап етеді. Белгілі бір ғылымның, оның ішінде, аударматану саласы метатілінің қалыптасуы мен дамуына өзара байланысты бірнеше себептер ықпал етеді: аударма теориясы бағытындағы зерттеулердің күрделенуі мен тереңдеуі; аударма теориясында жаңа бағыттардың пайда болуы; жаңа терминдік бірліктердің пайда болуы; жаңа концептуалдық аппараттың қалыптасуы мен белгілі терминдердің жаңа мазмұнмен толығыуы. Соңғы жылдары аударма мәселесі көптеген лингвистикалық қырларынан қарастырылып келеді. Мысалы, психолингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, контрастивті лингвистика, мәдениаралық коммуникация, салғастырмалы стилистика және т.б. Олардың негізгілерін төмендегі сызбадан көруге болады:



Сурет 1 – Аударманың тіл білімі салаларымен байланысы



Осы тұрғыдан алғанда, терминнің мағынасы мәселесі арнайы зерттеуді қажет етеді, себебі бұл аударматану метатілінің дамуына маңызды үлес қосады. Мағына мәселесін зерттейтін тіл білімінің семантика саласы орыс тіл білімінде М.М.Покровский, А.А.Потебня, В.В.Виноградов есімдерімен байланысты.

Тіл білімінде семантика теориясының жүйелілік мәселесін зерттеуші Л.А.Новиков өзінің зерттеуінде мағына түрлерінің мынадай жіктемесін ұсынады [2]:

1) Сигнификативтік мағына (сигнификативтік мағына таңбаның сигнификатқа (ұғымға, мән-мағынаға) қатынасы арқылы айқындалады). Ол сөздің толық семантикалық мүмкіндігін, сөздің мән-мағыналық көрінісін айқындайды. Мысалы, аударматану – аударманы лингвистикалық құбылыс ретінде зерттейтін тіл білімінің саласы; жағдаят – сөйлеу әрекеті сәтінде болатын немесе айтылымда сипатталатын шындыққа сай болмыстың құрамдас бөліктерінің жиынтығы; түпнұсқа – аудармадағы бастапқы мәтін (аударма осы мәтіннен жасалады) т.б.;

2) Құрылымдық мағына (лексикалық мағынаның құрылымдық аспектісі). Бұл мағына семиотика теориясына сәйкес белгілі бір таңбалық жүйе шеңберіндегі таңбаларға деген қатынасы арқылы анықталады. Осы негізде ол өз ішінде синтагматикалық құрылымдық мағына және парадигматикалық құрылымдық мағына түрлеріне бөлінеді:

а) синтагматикалық құрылымдық мағына (лексикалық мағынаның құрылымдық-синтагматикалық аспектісі). Құрылымдық мағынаның бұл түрін валенттілік деп те атайды. Мысалы, аударма тілі, аударма теориясы, аударма процесі, аударма бірлігі, аударма лингвистикасы, аударма нормасы, аударма баламалығының нормасы және т.б.

ә) парадигматикалық құрылымдық мағына (лексикалық мағынаның құрылымдық-парадигматикалық аспектісі). Ол белгілі бір топ құрайтын лексикалық бірліктердің өзара байланысын және қарама-қарсы мағыналарын белгілейді.

3) Прагматикалық мағына (лексикалық мағынаның прагматикалық аспектісі). Мағынаның бұл түрі, негізінен, сөздің эмоционалды және экспрессивті-стилистикалық сипатын көрсетеді. Сондықтан бағалаудың спецификалық тілдік көрінісін белгілейтін лексикалық мағынаның бір түрі болып саналады. Ол аталымның экспрессивті түрінде ғана орын алады;

4) Сигматикалық (заттық, денотативтік, жағдаяттық) мағына

(лексикалық мағынаның сигматикалық, заттық, жағдаяттық аспектісі). Сигматикалық мағынаның атқаратын негізгі қызметі тілдік бірліктердің нақты жұмсалуды мен белгілі коммуникативтік міндетті атқаруымен байланысты. Мысалы, «Жоғарыда айтылғандай сорақы кемшіліктер осы аудармалардың көпшілігінде-ақ бар» (Қ.Аманжолов, Шығ.жин.); «Бірақ та, мен де бір кезде асқан ақындық шеберлікті керек қылатын аудармашылық өнерге ден қоярмын деген игі тілектің жетегінде болатынмын» («Қаз.әдебиеті»); «Абайдың өз шығармалары мен аударушылық еңбегі қатар жүріп отырған» (Ғ.Мүсірепов). Байқап отырғанымыздай, метатілдік бірліктердің мағынасы лексикалық мағынаның үш түрінде ғана көрініс табады.

Сонымен, тіл білімінде «термин-мағына-ұғым» мәселесіне қатысты үш түрлі көзқарас қалыптасты:

1. Терминдердің лексикалық мағынасы бар, бірақ ол сол ұғыммен толық сәйкес келе бермейді (Л.С.Ковтун, Д.Н.Горский, К.Н.Левковская);

2. Терминдердің лексикалық мағынасы бар және ол сол ұғымды толық сипаттайды (Е.М. Галкина-Федорук, П.С.Попов, А.Шафф);

3. Терминдер – ұғыммен сәйкес келетін лексикалық мағынаға ешбір қатысы жоқ тілдік бірліктер (В.А.Звегинцев, А.А.Реформатский, Л.Н.Капанадзе).

Сонымен бірге, «Терминнің ерекшелігі оның тұрпат межесінде емес, мазмұн межесінде, яғни, оның мағына сипатында. Ғылыми термин – бұл ғылыми ұғыммен байланысты мағынасы бар тілдік бірлік. Бірақ бұл мағына ғылыми ұғымның тек негізгі және маңызды белгілерін ғана көрсетеді» деген пікірлер бар екені белгілі [5, 37].

Біздің ойымызша, термин-сөздер – ғылыми ұғымдарға сәйкес келетін арнайы терминологиялық лексикалық мағынасы бар тілдік құрылымдар.

Аударматану саласының терминологиялық жүйесіне жататын терминдердің барлығына бірдей ортақ сема (архисема) – «аудару ісі» болып табылады. Бұл – «аудару» мағынасын білдіретін өзекті сема. Жалпылаушы сема барлық терминдік атауын «аударма» деген жалпы атау төңірегіне топтастырса, даралаушы сема әр терминдік бірліктің «көркем аударма», «сөзбе-сөз аударма», «төлтума аударма», «толыққанды аударма», «еркін аударма», «баламалы аударма» секілді мағыналық ерекшеліктерін көрсетеді.

Осы негізде айқындалған терминдердің сема түрлерін,



жалпылаушы және даралаушы белгілерін төмендегі кесте үлгілерімен көрсетуге болады:

Терминдік бірліктердің когнитивтік – семантикалық белгілері	Тұпнұсқаның мазмұны	пішін бірлігінің	басқа тілдік құралдары арқылы қайта құрылуы	тілдің тілдік нормалары мен заңдылықтарының сақталуы
		баламалық деңгейлерінің	бірінде	берілетін аударма
Терминдік бірлік				
Барабар аударма	+	+	+	+
Баламалы аударма	+	-	-	-
		+	+	+

Кесте 1 – Терминдік бірліктердің когнитивтік-семантикалық талдауы

Көріп отырғанымыздай, бұл екі түрлі аударманың жеті когнитивтік-семантикалық белгілерінің біреуі ғана сәйкес келеді.

Терминдік бірліктердің когнитивтік-семантикалық белгілері	Бастапқы мәтіннің	формалды және семантикалық компоненттерді ескермейтін	баламалықтың біршама төмен деңгейіндегі	аударма
	Әдетте ауызша жүзеге асырылатын	таңдап аударылатын		
Терминдік бірлік				
Еркін аударма	+	+	+	+
	-	-		
Нақты аударма	-	-	-	+
	+	+		

Кесте 2 – Терминдік бірліктердің когнитивтік-семантикалық талдауы Бұл кестеден де байқайтынымыз, алты когнитивтік-семантикалық белгілердің тек біреуі ғана сәйкестік табады.

Терминдік бірліктердің когнитивтік – семантикалық белгілері			
	Екі тілді	тең дәрежеде	менгеру
Терминдік бірлік			
Қостілділік	+	+	+
Екітілділік	+	+	+

Кесте 3 – Терминдік бірліктердің когнитивтік-семантикалық талдауы

Екі терминнің де семема көлемдері толық сәйкес келуімен ерекшеленеді. Жалпы қолданыстық мағыналарында болмайтын термин семемасының нақтылаушы кәсіби семаларының қайталануы бір ғылыми ұғымның тілде екі түрлі лексемасының болуымен түсіндіріледі.

Осыған байланысты сема табиғатын арнайы зерттеген М.Ш.Мұсатаева еңбегінде семалар классификациясының өзгеше жіктемесін кездестіруге болады [6, 204]:

1) Референттілік қасиеті тұрғысынан: экстралингвистикалық және лингвистикалық;

2) Міндетті сема (актуалдыланған, интенционалды);

3) Прагматикалық мәртебесі мен білдіретін ақпарат сипатына орай: денотативті және коннотативті;

4) Импликационалды семалар (жасырынды, қосымша, потенциалды);

5) Білдіретін ақпараттың категориалдық мәртебесі тұрғысынан: архисемалар мен дифференциалды семалар;

6) Семалардың иерархиялық қатынасы тұрғысынан: маркерлер мен дистингвишерлер немесе логикалық белгісі бойынша – гиперсемалар мен гипосемалар;

7) Ұғым сипаты бойынша: терминологиялық және терминологиялық емес семалар;

8) Тіл мен сөйлеу тұрғысынан: узуалды және окказионалды;

9) Сема құрамының тіркесімділік қасиеті бойынша: болымды және болымсыз.

Осы тұрғыдан қарастыратын болсақ, біздің зерттеуіміз үшін ең маңыздысы бұл жіктеменің жетінші тармақшасы болып табылады. Яғни, терминологиялық және терминологиялық емес сема түрлері. Осыған орай терминдік емес мағына мен терминдік мағынаның арасындағы семалық қатынасты төмендегі талдау арқылы айқындауға болады.

Кесте 4 – Семалық талдау

Терминдік емес мағына	Бір тілден екінші бір тілге	жазбаша немесе ауызша аударылған	мәтін
Терминдік мағына	Басқа тілдің түпнұсқа мәтіні мазмұнымен екінші бір тілге	коммуника- тивтік құндылығы бірдей мәтін жасау жолымен берілетін	тілдің делла- лықтың бір түрі
Аударма	+	+	+
		-	-
Аударма	+	-	-
		+	+



Бұл мысалдардан терминологиялық семалардың терминологиялық емес семалардан айырмашылығы кестенің 3 және 4- бөлімдерінде айқын көрінеді.

Кесте 5 – Семалық талдау

Терминдік емес мағына	Бір тілден екінші бір тілге		аударумен шұғылданатын адам
Терминдік мағына	Хабар беруші мен адресат пайдаланатын кодтар (тілдер)	сәйкес келмеген жағдайда қажет болатын	коммуникацияның байланыстырушы буыны
Аудармашы	+	-	+
	-		-
Аудармашы	-	+	-
	+		+

Бұл сәйкессіздіктер терминдердің, негізінен, тілдің когнитивті-танымдық қызметін атқаруымен байланысты түсіндіріледі, ал лексикалық сөздердің негізгі қызметі – аталымдық қызмет.

Қазіргі таңда «тіл мен мәдениет», «адам және тіл» байланысын когнитивтік тұрғыдан қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Когнитивті бағыттың маңыздылығы мен өзектілігі оның тек қана теориялық лингвистикадағы контексті полипарадигматизміндегі доминанттылығында ғана емес, сонымен бірге ауқымды кең ғылыми бағдар ұсынуында, мәселен, тілдік құбылыстарды экспликациялау, тіл мен мәдениет байланысындағы адамның рөлі, адам және тіл мәселесі, басқа тіл құбылыстарын және аппаратын қарастыру (Е.С.Кубрякова, Ю.Д.Апресян, В.З.Демьянков, В.В.Колесов, Е.В.Рахилина, В.Б.Касевич, Ю.С.Степанов және т.б.). «Когнитивтік лингвистика лингвистикалық зерттеулердің шеңберін маңызды түрде күшейте түсетін қазіргі антропоцентристік парадигмалар шегіндегі когнитивизм негізінде туындайды» [7, 9].

Когнитивтік лингвистика терминдерді зерттеуде жаңа бағыттарға жол ашады. Өйткені бұған дейінгі дәстүрлі семантикалық, жүйелі-құрылымдық парадигмалар жоққа шығарылмай, қайта керісінше, терминологиялық процестерді жаңа тұрғыдан зерттеп ұғынуға ұмтылыс жасайды. Когнитивтік лингвистика жалпы лингвистиканың аумағынан шыға отырып, философия, психология, логика, элеуметтану пәндерімен байланыс жасап, осы саладағы ғылымның ауқымын кеңейтеді.

Терминдер – өзіндік құрылымдық, семантикалық, деривациялық, функционалдық ерекшеліктері бар тілдің өзгеше категориясы. Аталған ерекшеліктерді ескерусіз термин жасау, басқа тілден терминдер алу, калькалау, терминдерді ұтымды қолдану мүмкін емес. Терминдер адам қызметінің ерекше түрін атап көрсететін болса, ең алдымен, ғылыми, кәсіби деңгейлерін айқындайды. Сондықтан терминдер ғылым мен техниканың, кәсіби және өндірістік салалардың, ғылыми таным мен әлем көрінісінің дамуын бейнелейді. Терминдер мен терминологиялық жүйелер қоғамның әлеуметтік құрылымының біртекті еместігін, әр түрлі топтарға, бірлестіктерге бөлініп, әрқайсысының өз тілі, өзіне ғана тән әрі түсінікті терминологиясы барлығын айқындайды. Термин тілдің ерекше негізін құрайды, себебі терминсіз, терминологиялық жүйесіз бірде-бір ғылымның, техникалық, кәсіби, өндірістік саланың дамуы мүмкін емес. Яғни, терминдерде әлем түсінігі жайлы арнайы білім, ұғымдар қамтылған, сонымен қатар, терминдер адамның ойлау қабілетінің, танымының, ақиқат шындықтың бейнеленуі мен көрінісінің ерекше бір түрдегі негізін сипаттайды.

Қазақ дәстүрлі терминологиясында қазақ тілінің терминдері, негізінен, семантикалық, құрылымдық тұрғысынан жүйелі түрде зерттелді, мұнда терминологиядағы семантикалық және құрылымдық қатынастардың типологиясына назар аударылды. Қазақ терминологиясында, сондай-ақ, бүкіл тіл білімінде тілдің таным шарттары мен құралдары ретіндегі рөлі мен трансформациялаудағы таңбалау жүйесі болып табылатынын айқындауға көп көңіл бөлінді. Мысалы, қазақ тілінің терминдері белгілі шамада терминологиялық аталымның соңғы нәтижесі, өнімі ретінде қарастырылды (Ш.Құрманбайұлы), сонымен қатар лингвистикалық бірліктер ретінде олардың тілдік қасиеттері мен белгілері толық зерттеліп пайдаланылды (Ө.Айтбаев). Дегенмен, қазақ терминдерін аталымдау мен функциялауда адамның танымдық және менталдық қызметі (когниция) лингвистикалық зерттеу пәні болып қалыптаса қойған жоқ.

Әр ұлт тілінде дүние, әлем туралы түсініктер, ұғымдар түрлі тілдік фактілер арқылы таңбаланып, қоршаған әлемнің тілдік бейнесі, негізінен, адамдар санасындағы дүниенің логикалық бейнеленуі жағынан ұқсас болып келеді. Құбылыстар арасындағы ұқсастықтар ұғым категорияларын жасайтын лексемалардың толығына әсер етеді. Сол ұғым түрлерінің тұтастай алғандағы атаулары тілдің негізін құраса, құбылыстардың тілдегі бейнесінен ұлт ерекшеліктерін танып-



білуге болады.

Ғаламның ғылыми бейнесі мен тілдік бейнесі арасындағы айырмашылықтар турасында ғалым В.В.Воробьев төмендегідей тұжырымдаманы ұсынады [8, 9]:

1) когнитивтік жүйе әмбебап сипатта болады, оның көлемі мен тұтастығындағы айырмашылық түрлі ұлт өкілдері өркениетінің деңгейіне байланысты. Лексикалық жүйе ұлттық сипатта болады, түрлі тілдердің лексикалық жүйелері арасындағы айырмашылық, алдымен, ішкі бөліктерге бөлінуіне байланысты (Осы тұрғыдан келгенде, терминдер әмбебаптық сипатқа ие болғандықтан, когнитивтік жүйенің негізгі бір бөлігін құрайды);

2) функционалдық айырмашылықтарға келсек, когнитивтік жүйе тану процесі мен еңбек әрекетіне бағытталған болса, лексикалық жүйе коммуникацияға бағытталған (Терминдер аталған екі қызметті де атқаруымен ерекшеленеді);


3) генетикалық тұрғыдан когнитивтік жүйе лексикалық жүйеге қарағанда алғашқы болып табылады және табиғатынан консервативтік саналатын лексикалық жүйеге қарағанда тезірек қарқынды жетіліп, дамып отырады (Генетикалық тұрғыдан терминологиялық жүйе лексикалық жүйенің бір бөлігі болып табылады. Бірақ даму тұрғысынан когнитивтік жүйенің құрамдас бір бөлшегі деп қабылдауға болады);

4) когнитивтік жүйе лексикалық жүйеге және жалпы тілдік жүйеге қарағанда толығырақ, байырақ болып көрінеді, лексикалық жүйе когнитивтік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады (Терминологиялық жүйе терминдік қоры жағынан лексикалық жүйе секілді когнитивтік жүйенің бір бөлігі болып саналады).

Терминдердің концептуалдық құрылымын анықтауда ұғым мен мазмұн мәселесінің маңызы зор. Себебі терминнің концептуалды құрылымы дегеніміз – белгілі бір ұғымдық сала иелерінің коммуникативтік байланысын қамтамасыз ететін референциялардың инвариантты жүйесі, оны концептуалды құрылымды тіл жүйелері мен арнайы ұғымдар арасын байланыстыратын негізгі буын деп қарастыруға болады. Бұл арада тілмен тікелей байланыс мазмұнды аспект арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан концептуалдық құрылымның өзі де белгілі бір семантикалық және ұғымдық категориялармен сипатталады. Бұл үшін біз «сема» немесе «семантикалық белгі» категорияларын қолданғанды жөн көрдік.

Егер терминді тек жеке сөз ретінде ғана қабылдамай, оны белгілі бір терминологиялық жүйе бірлігі ретінде қабылдайтын болсақ, онда

ол өзінің негізінде бүкіл сол жүйенің құрылымдық және мазмұндық жақтарын сипаттауымен қоса, онымен семантикалық қатынаста болуы тиіс. Яғни, бір жеке терминнің концептуалдық құрылымын айқындау арқылы сол терминологиялық жүйенің де концептуалдық құрылымын анықтауға болады. Термин концептуалдық құрылымының жалпы сұлбасын былай көрсетуге болады:



Ұсынылған сұлбаны терминнің концептуалдық құрылымының матрицаы ретінде қабылдауға болады, ал оның элементтері кез келген терминологиялық жүйенің тұрақты параметрлері болып табылады.

Біздің зерттеуімізде «концептуалдық құрылым» термині сөздің терминологиялық мағынасының семантикалық белгілер жиынтығын, олардың иерархиялық құрылымын көрсетеді.

Концептуалдық құрылым мазмұн межесінің жүйелік негізін белгілейді. Осы негізде аударматану терминологиясының концептуалды құрылымын төмендегідей көрсетуге болады:

Сема категориясы	Сема атауы	Семаның белгіленуі
<div style="display: flex; align-items: center; justify-content: center;"> <div style="margin-right: 10px;">Өзекті семалар</div> <div style="margin-right: 10px;"> </div> <div style="margin-right: 10px;">топтық</div> </div> <div style="margin-top: 10px; margin-left: 100px;">жекелік</div>	Тіл білімімен қатынасы Аудармамен қатынасы	Тіл білімі терминэлементтері Аударматану терминэлементтері
Даралаушы семалар	Шектес ғылым салалары ұғымдарымен қатынасы	Шектес терминологиялардың терминэлементтері

Кесте 6 – Аударматану терминологиясының концептуалды құрылымы

Концептуалдық құрылым категориясы жекелік (жеке термин) пен жалпылық (терминологиялық жүйе) арасындағы диалектикалық байланысты экспликациялауға мүмкіндік береді. Жеке термин концептуалдық құрылымының семантикалық негізі



жалпы терминологияның мазмұн межесіндегі жүйелілік сипатын айқындайды.

Концептуалдық құрылымның жұмсалымдық негізі терминнің когнитивтік-семантикалық ерекшелігін айқындауға, лингвистикалық логикалық (білім) бірлігін көрсетуге бағытталады.

Терминологиялық жүйелердің концептуалдық құрылымын айқындаудың практикалық маңызы арнайы ұғымдар жүйесі мен тұрақты тілдік тәсілдер байланысының экспликациялануында болып табылады.

Зерттеу жұмысымыздың «Аударматану терминдерінің семантикалық-уәжділік негізі» деп аталатын екінші бөлімінің «Аударматану терминдерінің әр түрлі аспектіде қаралу сипаты», «Аудару процесін талдау барысында қолданылатын ұғымдық аппараттың тілдік ерекшелігі», «Аударматану терминдерінің лексика-семантикалық құрылымы», «Аударматану терминдерінің уәжділік ерекшеліктері» атты тараушаларында аударматану терминдерінің семантикасы, олардың концептологиялық құрылымы мен уәжділік қасиеттері терминологиялық лингвоконцептология тұрғысынан қарастырылады.

Когнитивтік семантика тілді түсіну және қолдану мәселесін негізгі назарға ала зерттеп, мағына санада кодталатын процесс, ғаламның тілдік, ғылыми бейнесін құрушы элемент екені ескеріледі. Соның нәтижесінде когнитивтік процестің «әрекет етуші ® әрекет ® мақсат ® нәтиже» қатынасы негізінде ғана жүзеге асатыны мойындалады. Әрекет етуші (сана, аралық әлем) әрекетті белгілі бір мақсат көздеп жасайды және ол белгілі бір нәтижеге бағытталады. Ал нәтиже – объективтік шындықтың тілдік бейнеленген формасы (мағына, мазмұн), концептуалды жүйесі (семантикалық құрылымдар – терминдер, терминдік бірліктер, кәсіби атаулар т.с.с.), ал ол мағына – санада кодталатын процесс. Ғылыми танымның кодталуы әрекет түрінде сөз, дыбыстық құрылым мен мазмұн бірлігі арқылы ойша және бейвербалды емес, вербалды түрде жүзеге асады. Вербалды түрде кодталған ғылыми, тілдік таным мағынасы (терминдер, терминдік бірліктер т.б.) ғаламның ғылыми бейнесі ретінде көрініс береді. Ал объективті дүниені тану, яғни, тілдің шындықты тануға бағытталуы мақсат ретінде анықталады.

Аударма коммуникациялық қарым-қатынаспен тығыз байланысты практикалық қызмет атқаруымен сипатталады. Аударманың тілдік негіздеріне мыналар жатады: 1) аударма алғашқы емес, қайталанатын

қызмет; 2) бұл қайталанатын қызмет табиғи тілдердің материалы негізінде тілдің нормалық-бағалау сәйкестігі жолымен жүзеге асады. Яғни, бұл – тілдік-мәтіндік қызмет.

А.Попович аударма процестерін зерттеу барысында қолданылып отырған терминдер мен ұғымдарды енгізді. А.Попович енгізген «мәтін Ò түпнұсқа мәтіні Ò протомәтін», «екінші деңгейдегі мәтін Ò аударма мәтіні Ò метамәтін» деген терминдер тілде түпнұсқа және аударма мәтіндерін жіктеу әдістемесі деп аталатын зерттеу аппаратына кірді. А.Поповичтің пікірі бойынша, протомәтін-метамәтін қатынасы инвариант пен вариант арақатынасы бойынша құрылады. Ғалымның пайымдауынша, «метамәтін жоғары деңгейде протомәтінді қайталай алмайды. Себебі мұнда ең басты рөлді атқаратын – автор-аудармашы, ал метамәтін авторлық стратегияның құндылығы болып табылады» [9, 184].

Бұл терминдер денотаттағы ақпаратты дәлірек ашып беруге және аударма процесін талдау барысында дұрыс бағытты ұстануға септігін тигізеді. Протомәтіндер мен метамәтіндер арасындағы байланысты төмендегі кестеден көре аламыз.

Түпнұсқа	→	Оның басқа тілге аудармасы (Аударма мәтіні - 1)	→	Аударма мәтіні – 1-ден жасалған аударма мәтіні - 2
Протомәтін	→	Метамәтін 1 Протомәтін 2	→	Метамәтін 2

Кесте 7 – Түпнұсқа және аударма мәтіндерін белгілейтін терминдер

Қазіргі таңда кез келген ғылым саласының концептуалдық-ұғымдық аппаратының басты мәселесі терминологиялық синонимия құбылысы болып табылады. Бұл мәселе мынадай сұрақтардан тұрады: синонимдік терминдерге стилистикалық қарама-қарсылық қасиеті тән болып табыла ма; терминологиялық дублеттілікті қалай түсіндіруге болады; синонимдер қатарына қандай терминдерді жатқызуға болады және т.б.

Біздің ойымызша, бұл тілдік құбылыс терминологияның бір ұғым – бір таңба деген негізгі қағидасын жоққа шығарады. Сондықтан да синонимдік терминдердің терминологиялық жүйедегі жұмсалымдық қажетсіздігі жайлы пікірлер туындайды. Алайда бұл мәселенің екінші жағы тағы бар. Кез келген ғылым саласының терминологиясы сол сала мамандарының қарым-қағынас құралы қызметін де атқарады: ғылыми



конференциялар мен симпозиумдардағы баяндамалар, ғылыми мақала жазу, түрлі ғылыми және техникалық құжаттамаларды құрастыру, ғылыми-көпшілік басылымдарға қатысу, ғылыми тақырыптағы ауызша әңгіме және т.б. Осыған байланысты, бір ғылыми-техникалық ұғымды бірнеше терминдермен белгілеу қажеттілігі пайда болады. Мысалы, терминологиялық жүйе және терминдер жүйесі; таңбалық жүйе, семиотикалық жүйе және таңбалар жүйесі; лексика және сөздік қор т.с.с.

Біз қарастырып отырған материал негізінде бір ұғым – бір таңба шартын қатаң сақтаумен ерекшеленетін синонимді терминдер мағына жағынан біршама ұқсас болып келгенімен, семалық тұрғыдан ұғымдары айқын ажыратылады. Мысалы, аударма барабарлығы – барабар аударма – толыққанды аударма (түпнұсқа мазмұны мен пішін бірлігінің берілуі – түпнұсқаға сәйкес келетін аударма және т.б. – аударма мәтінінің түпнұсқаға жұмсалымдық-стилистикалық жағынан сәйкес келуі); баламасыз лексика – реалийлер (білім алушылардың ана тілінде тең мағынасы жоқ лексикалық бірліктер – нақты бір әлеуметтік қоғамдастықтың, этникалық топтың ерекшеліктерін құрайтын заттар, құбылыстар, дәстүрлер және оларды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері); дәліме-дәл аударма – нақпа-нақ аударма (сөйлем, синтагма, фраза деңгейінде орындалатын аударма – сөзбе-сөз аударма) және т.б.

Ал концептуалдық ұғымы бір терминдер қатарына мыналар жатады: морфемалар деңгейіндегі аударма – морфемалық аударма; фонемалар деңгейіндегі аударма – фонемалық аударма; автоматтандырылған сөздік – машиналық сөздік; автоаударма – авторлық аударма; агенс – іс-әрекет субъекті; коммуникация акті – айтылым; екі тілді есептеуіш лексикография – аударылған есептеуіш лексикография; дефиниция – анықтама т.б.

Сонымен, терминологиядағы синонимия құбылысы оны қолданушылардың ғылыми коммуникативтік қажеттілігін қамтамасыз ету үшін өте маңызды рөл атқарады.

Кез келген ғылым, білім саласының терминологиялық жүйесі сол ғылым саласымен бірге дамиды және адамзаттың ақиқат, шындықтың нысандарын танып білу кезеңдерін көрсетеді. Мысалы, аударматану терминдері негізінде кейбір ғылыми ұғымдардың қалыптасу сатыларын белгілеуге болады: аудару; аударма; аударма туралы ғылым; аударма теориясы; аударматану.

Терминдер мен терминологиялық жүйелер жалпы лексика мен

лексикалық жүйелерден мына аспектілер тұрғысынан ажыратылады: 1) басқа тілге аудару; 2) басқа тілден алу (кірме сөз); 3) тұрпат межесінің өзгеруі немесе айқындалуы; 4) мазмұн межесінің өзгеруі немесе айқындалуы; 5) көп мағыналылық; 6) омонимия; 7) синонимия; 8) антонимия.

Осы аталған аспектілерге жеке-жеке тоқталып, атап өткенді жөн көрдік.

1. Аударма. Арнайы лексика сөздерінің аударылуы жалпы тілге емес, сол заттық-ұғымдық өріске қатысты жүзеге асырылады, өйткені лексикалық тұрғыдан түрлі жүйелердегі бір сөз әр түрлі аударылуы мүмкін.

Қазақ аударматану терминдерінің басым көпшілігі осы негізде жасалған. Мысалы: сөзбе-сөздік, мақсатты сөзбе-сөздік; өзі туындайтын сөзбе-сөздік, сөзбе-сөз аударма, уақытша балама, барабар алмастыру және т.б.

2. Кірме сөз. Бастапқы тілде бар сөздің аударма тілінде баламасының жоқтығы оны басқа тілден алуға мәжбүр етеді, яғни терминдердің басқа тілден қабылдануы бастапқы тілдегі ұғымның қабылдаушы тілде жоқтығына байланысты болады. Мысалы: денотат, трансформация, транслят, рецептор, селектор, референт-аудармашы, символ, фразалық аударма, аударма-девальвация және т.б.

3. Тұрпат межесінің өзгеруі немесе айқындалуы. Арнайы лексиканың сөздері белгілі бір дәрежеде тұрпат межесін өзгертуге немесе айқындауға, сондай-ақ денотаттардың да қайта аталуға мүмкіндіктері бар. Бұл қасиет жалпы лексикаға тән емес. Ал сөздер мен олардың мазмұн межесі жасанды түрде қалыптастырылған жағдайда тұрпат межесінің өзгеруі немесе айқындала түсуі әбден мүмкін. Себебі бұл тұста атау тікелей ұғыммен емес, таңбаланушы нысанмен (денотатпен) шартты байланыста болады. Мысалы: адекватты аударма; барабар аударма; синхронды аударма; ілеспе аударма; адресант; тыңдаушы; адресат – сөйлеуші; анализ; талдау; аналогия; телнұсқалық; билингв; қостілді адам; билингвизм; қостілділік және т.б.

4. Мазмұн межесінің өзгеруі немесе айқындалуы. Арнайы лексикада бастапқы тұрпат межесі сақталады да, ал бірліктерінің мазмұн межесі ауысатын құбылыстар да байқалады. Бұл құбылыс жаңа концепциялар туындаған жағдайларда ғана қарастырылады.

5. Полисемия. Көп мағыналы сөз бірнеше ұғымға сәйкес келеді. Көп мағыналы сөздің мазмұн көлемі маңызды белгілері негізінде

бірнеше бөлшектерге бөлініп, десигнат топтарын бір-бірінен ажыратып тұрады.

Мәселен: барабар аударма – 1) толыққанды аударма; 2) толыққанды алмастыру; 3) түпнұсқа мәтініне толық сәйкес келетін аударма мәтіні; 4) стилистикалық ерекшеліктерді ескеретін аударма; 5) түпнұсқа мазмұны мен пішіні бірлігінің аудармада берілуі; 6) поэтикалық мәтін; 7) әдеби аударма; баламасыз лексика – 1) баламасы жоқ лексикалық бірліктер; 2) бастапқы тіл сөздері; сөзбе-сөздік – 1) аудармалық қате; 2) екі тіл таңбаларының жалған байланысын жасау; 3) тіл нормаларының бұзылуы; 4) аудармашының қатесі; айтылым – 1) таңбалар тізбегі; 2) хабарлама бірлігі; 3) сөйлеу бірлігі; 4) мәтіндік шындықтың кіші бөлігі; 5) сөйлеу барысында рәсімделген аяқталған ой, тұжырым; шығыс тіл – 1) аударма тілі (машиналық аудармада); 2) аударма жасалған тіл; 3) салғастырылушы тіл; 4) мәтін тілі және т.б.

6. Омонимия. Омонимдер айтылуы бірдей, мағыналық жақындығы жоқ сөздер. Омонимдердің пайда болу себебі әр түрлі: 1) көп мағыналы сөздердің арасындағы семантикалық байланыс үзілуі арқылы жасалады; 2) сөздердің тарихи дыбыстық өзгерістерге ұшырауы арқылы; 3) кірме сөздер мен төл сөздердің дыбысталуы жағынан сәйкес келуі арқылы жасалады. Мысалы: сәйкестік I – бір-біріне сай үйлестік, ұқсастық; сәйкестік II – аударма жайындағы ғылымның ең негізгі категорияларының бірі. Аудармадағы абсолютті сәйкестік бастапқы және аударма мәтіндерінің формалды, мағыналық және ақпараттық құрамдас бөліктерінің сәйкес келуі арқылы сипатталады, алайда іс жүзінде оған қол жеткізу мүмкін емес деуге болады. Сәйкестік категориясы аудармада «сөзбе-сөздік аударма – еркін аударма» оппозициясында көрінеді. Сондай-ақ, сәйкестік деп бастапқы мәтін бірлігін аудару нұсқаларының бірін айтады; түпнұсқа I – алғашқы негіз, бастапқы; түпнұсқа II – аудармадағы бастапқы мәтін, аударма осы мәтіннен жасалады; бейімдеу I – жуықтау, жақындау, икемдеу; бейімдеу II – 1. рецепторға бірдей әсер ету мақсатында сипатталған жағдаятты өзгерту нәтижесінде сәйкестіктерге қол жеткізу амалы. 2. мәтіннің түрлі өңделуі; 3. қажетті дәрежеде дайын емес оқырмандар үшін мәтіннің әзірленуі; қабылдау I – адам миында болатын түсіну, сезіну процесі; қабылдау II – аудару барысында бастапқы тілде оқу немесе тыңдау іс-әрекетінің бастамасын білдіреді; нақтылау I – дәлдей түсу, анықтау, айқындау; нақтылау II – бастапқы тіл бірлігіне қарағанда аударылған бірлік мағынасының нақты болуына байланысты аударма амалдарының бірі.

Сонымен бірге, аударматану терминдік бірліктерінің материалы негізінде салааралық терминдер-омонимдер түрлері де анық байқалады. Мысалы, транслят – транслят (аударматану – радио, теледидар); селектор – селектор (аударматану – байланыс жүйесі) және т.б.

7. Синонимия. Тілде белгілі бір ғылыми-техникалық ұғымды бірнеше терминдермен атау қажеттілігі пайда болуы мүмкін. Мысалы, терминологиялық жүйе және терминдер жүйесі т.б. Терминдер синонимділігі құбылысы автордың ғылыми сөз байлығын көрсетуімен сипатталады. Ал мына аударматану терминдерінің концептуалдық мағынасы бірдей болады: бастапқы айтылым, бастапқы хабарлама – бастапқы мәтін; кинетикалық тіл – ым, ишара тілі; когнитивтік-танымдық; конвенция – норма; таңбаның коннотативтік мағынасы – таңбаның прагматикалық мағынасы; қисынды предикат – қисынды баяндауыш; қисынды субъект – қисынды бастауыш; механикалық аударма – нақпа-нақ аударма.

8. Антонимия. Антонимия құбылысы дербес және көмекші сөздер арқылы берілетін семантикалық қарама-қарсылықты білдіреді. Антонимия көркем әдебиетте антитеза сияқты әр түрлі стильдік фигураларды жасап, экспрессия үшін қолданылады.

Антонимия құбылысы терминологияда терминологиялық өрістің шеткі нүктелерін белгілеуге, сондай-ақ терминологиялық жүйенің қисынды мүмкіндіктерін сұрыптауға жағдай жасайды. Мысалы: кеңейту – тарылту, сәйкестік – сәйкессіздік, ауызша аударма – жазбаша аударма, кіріс тіл – шығыс тіл, кіріс сөздік – шығыс сөздік, кіріс сөйлем – шығыс сөйлем, лексикалық жайылма – лексикалық ықшамдау және т.б.

Терминдерді терминологиялық өрістен бөліп қарауға болмайды. Терминологиялық өріс бойынша моносемантикалық термин жасалуы тиіс. Терминдерді талдау барысында ұғымдық өріс ерекшелігіне басты назар аудару қажет. Бұл тілден тыс негіздемесіз терминологиялық өріс қалыптасуы мүмкін емес. Себебі жай лексикалық өрістен терминологиялық өрістің айырмашылығы оның құрамына жай сөздер емес, арнайы ұғымдарға сәйкес келетін арнайы лексика жатады.

Терминологиялық өріс теориясында сөздердің басым көпшілігі жасанды жолмен туындайтын болған соң, сөзжасамға ерекше мән беріледі. Сол себепті әрбір терминологиялық өрісте жалпы лексикаға және өрістің басқа түрлеріне тән емес өзінің сөз тудырушы және сөз

түрлендіруші парадигмалары қалыптасады. Мысалы, аударматану өрісіндегі балама терминіне зат есімді баламалық, сын есімді баламалық терминдері сәйкес келеді.

Үлкен, ірі терминологиялық өрістер одан кіші, микроөрістерге жіктеледі. Мысалы, аударматану өрісінің мынадай микроөрістерін атап көрсетуге болады:

1) Көркем аударма микроөрісі төмендегідей терминдерден құралады: авторланған аударма, авторлық аударма, бейімдеу, бейімделген аударма, барабар алмастыру, барабарлық, аударма барабарлығы, барабар аударма, антонимдік аударма және т.б.;

2) Машиналық аударма микроөрісі: автоматтандырылған ақпараттық жүйе, аудармашы, АЖО (автоматтандырылған жұмыс орны), кіріс сөздік, кіріс тіл, шығыс сөйлем, шығыс сөздік, шығыс тіл, іріқұрылым бірліктері, машиналық сөздік, машиналық интерпретация, машиналық құрылым және т.б.

3) Мәтін аудармасының микроөрісі: газет мәтіндерінің аудармасы, фельетонды мақалалар аудармасы, көркем аударма, техникалық әдебиет аудармасы, ғылыми әдебиет аудармасы, қоғамдық-саяси әдебиет аудармасы, патенттік рефераттар аудармасы, құжаттар аудармасы, мәтін тақырыптарының аудармасы, кино-бейне материалдар аудармасы және т.б.;

4) Аударма процесінің микроөрісі: аудармашының түпнұсқа мәтініндегі бағдарлау үрдісі, аудармашылық шешімдердің жүзеге асырылу үрдісі, аудармашылық шешімдерді іздестіру және қабылдау үрдісі, аудармашылық шешімдерді іздестіру немесе таңдау үрдісі, оңтайлы шешімді іздестіру үрдісі, бағдарлау үрдісі, коммуникация акті, екі тілді коммуникация акті, аудармалық іс-әрекет, аудармалық амалдар және т.б.;

5) Аударма әдістемесінің микроөрісі: аударма техникасы, аударма практикасы, таңбалық аударма, мазмұндық аударма, ілеспе аударма, жазба әдісі, мәтінді құрақтау әдісі, семантикалық өрісті қысқарту әдісі, статистикалық оппозициялар өрісі, трансформация әдісі, бастапқы мәтінді трансформациялау әдісі, сүзгілер әдісі және т.б.

Терминдердің лексика-семантикалық құрылымы термин интенциясы мен экстенциясы ұғымдарымен байланысты болып келеді. Термин интенциясы дегеніміз – бұл таңбаланушы нысанды белгілі бір ұғымдық өріс шеңберінен айқындап алу ниеті мен мақсаты. Сондай-ақ, оның ерекше белгісін сипаттайтын дәл және нақты атаумен таңбалануын білдіреді.

Термин экстенциясы – бұл оның мағынасын көрсететін ұғымдық өріс аумағы. Мысалы, аударматану термині экстенциясының сызба үлгісін былай көрсетуді жөн көрдік.

Осыған сәйкес термин-ұғымның интенция ұғымы, әсіресе, аталымдық интенция, тек термин-сөздерге ғана тән құбылыс болып табылады.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде уәж, уәжділік мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп жүр. Соңғы бес-он жыл көлемінде лексикалық, терминдік бірліктерді, тілдік құбылыстар мен үрдістерді уәж, уәжділік ерекшеліктері тұрғысынан қарастыратын лингвистикалық зерттеудің арнаулы саласы – уәжтану ғылымы қарқындап дами бастады.

Лексикологияның ерекше саласы ретінде уәжтанудың лингвистикалық мәртебесіне қатысты арнайы зерттеу жұмысын жүргізбегенмен, қазақ тіл білімінде уәж, уәжділік мәселелері жөніндегі Ә.Қайдаровтың, К.Хұсайыновтың, Б.Қалиевтің, Н.Уәлиевтің, Ж.Манжееваның, Р.Шойбековтің т.б. ғалымдардың еңбектерін атап көрсетуге болады.

Ал орыс тіл білімінде уәжтану М.М.Копыленко, З.В.Беркетова, О.И.Блинова, Н.Д.Голев, М.М.Гинатулин, С.А.Колчин, В.В.Левицкий, А.А.Леонтьев, Г.П.Мельников және т.б. ғалымдардың еңбектерінде әбден қалыптасқан, күрделі жүйесі мен өзіндік терминдері бар сала ретінде зерттелген.

Терминжасамның басты талаптарының бірі – атаудың уәжді болуы. Ендеше атау қатаң шарттылықтан аулақ болу керек, кез келген ұғымның атауы уәжді болу керек, сонда өзге тілден еніп, аударылып немесе жаңадан пайда болып жасалып отырған ұғымның мазмұн-мағынасы оның атауынан көрініп тұрады. Яғни, атаудың ар жағында тұрған ұғым аударма немесе түсіндірме сөздіксіз-ақ түсінікті болып тұру керек.

Терминнің уәжділік мәселесіне мысал ретінде А.Байтұрсынұлы дәстүрін үлгі етіп алуға болады: бастауыш – сөйлемнің басында тұрып, басты тұлғаны көрсететін ұғым; баяндауыш – сөйлемнің аяғында тұрып, баяндау әрекетті аяқтайтын ұғым. Екі ұғымның да орны мен қызметі олардың атауынан көрініп тұр. Осы ретпен жасалған жалғау, жұрнақ, зат есім, сан есім, өткен шақ т.б. атаулардың сыры ұғым мен атаудың үйлесімінде, атаудың төркіні қазақтың төл сөзі болғандығында екені даусыз.

Тілдегі уәжділік ұғымы сөз мағынасы, лексикадағы жүйелілік қатынастар, мән, форма, мазмұн, таңба, тілдік норма, аталым,



терминологиялық аталым, лексикалық бірліктердің идиомалылығы және т.б. маңызды лингвистикалық категорияларды зерттеуде басты қызмет атқарады.

Уәжділіктің осы ерекшеліктеріне орай тіл білімінде оны әр түрлі атаулармен байланыстырады: ішкі форма, мазмұн таңбасы, лексикалық объективация, уәждеме, уәжденім, сөздің этимологиялық құрылымы т.с.с.

В.В.Левицкий уәжділік құбылысын зерттей отырып, оның үш түрін: «морфологиялық, семантикалық және фонетикалық» түрін атап көрсетеді [10, 21-25].

Сөздің морфологиялық уәжділігі тек сөздің мағынасы мен оның морфологиялық құрылымы арасында байланыс болған жағдайда ғана сөз болады. Ал семантикалық уәжділік – сөзде метафора мен метонимия құбылыстарына негізделген бейнеліліктің болуы. Сөздің фонетикалық уәжділігі, сөз мағынасы мен оның дыбысталу арасындағы байланысты білдіреді де, дыбыс символизмімен тығыз байланысты болып келеді.

Негізінде, бастапқы зат белгілерінің жиынтығы – өзек сема (бастапқы жалпы белгі), бастапқы зат пен кейінгі заттың бір сөзбен аталуына негіз болған белгі – жалпылауыш сема, бастапқы және кейінгі заттардың өздеріне тән өзіндік белгілері – даралауыш сема. Демек, уәжділік дегеніміз – бір сөзбен таңбаланған, мазмұндық-мағыналық бірліктегі лексикалық бірліктердің арасындағы бастапқы, байланыстырушы және даралаушы белгілер. Кейінгі зат атаулары бастапқы затпен негізгі не жалпы, негізгі не қосымша, ықтималды не кездейсоқ жалпылауыш семалар арқылы байланысады. Бұл байланысты ағалым теориясының уәжтану саласы зерттейді.

Кез келген тілде терминжасам процесі, ең алдымен, сол тілдің өз сөздік құрамы, ұлттық лексикасы негізінде жүзеге асырылады. Демек, терминдер тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлерден жасалады. Осыған орай, терминдер қатарында сол тілге тән әр түрлі құрылымдық түрлер кездеседі: түбір сөз, туынды сөз, күрделі сөз, сөз тіркесі және т.б.

Туынды терминдердің терминжасам процесінің семантикалық нәтижелері төменде келтірілген түрлерде болуы мүмкін:

1) таза транспозиция (сөздің бір сөз табынан басқа сөз табына ауысып, мағынасының ешбір өзгеріссіз қалуы): аударылған мәтін; аударма мәтін;

2) транспозиция (туынды сөздің синтаксистік сипаты мен

мағынасының бірдей өзгеруі): кеңесші; кеңесшілік; балама; баламалық;

3) модификация (бір сөз табына жататын сөз тудыруға негіз болатын және туынды терминдер арасындағы айырмашылықтар): аударма; аудармашы.

Осы орайда, біздің ойымызша, семантикалық өзгерістердің біріншісі синтаксистік деривация, екінші және үшінші түрлері лексикалық және терминдік деривация ұғымдарына сәйкес келеді.

Терминологиялық жүйеде уәжді терминдермен қатар бейуәжді терминдер де болады. Уәжді терминдер арасында уәжділік деңгейі әр түрлі терминдер кездеседі. Уәжді терминдердің ішкі құрылымының айқындығы нақты белгілерінен көрінеді. Жалпы, уәжділіктің төмендегідей түрлері бар: сөзжасамдық-морфологиялық, семантикалық және синтаксистік. Сондықтан уәжді терминдер қатарына төмендегідей тұлғалар жатады:

- 1) аффиксті терминдер;
- 2) күрделі сөз терминдер;
- 3) сөз тіркесі терминдер;
- 4) семантикалық тасымалдаудан пайда болған терминдер.

Осы тұжырымға сәйкес аффикстік терминдер: барабарлық, аударма, аудармашы, жөнелтуші, сәйкессіздік, сәйкестіктер, балама, баламалық және т.б.; күрделі терминдер: қостілділік, дереккөз, мәнмәтін, тіларалық, метатіл, көптілділік, түпнұсқа, референт-аудармашы, аударма-реферат, аударма-реминисенция, аударма-бейімдеу, аударма – диктант, аударма –девальвация, микроаударма және т.б.; терминдік тіркестер: ауызекі аударма, нұсқалық сәйкестік, баламасыз лексика, қысқаша аударма, өзі туындайтын сөзбе-сөздік, ықтималды болжам, баламалық түрлері, уақытша баламасыз терминдер, уақытша семасиологиялық байланыстар және т.б. уәжді терминдер қатарына жатады.

Бейуәжді терминдер деп басқа тілдерден алынған терминдерді және калька-терминдерді атаймыз. Метонимиялық жолмен пайда болған терминдер де бейуәжді терминдер қатарына жатады.

Ал бейуәжділік сипатын кірме терминдер көрсетеді: дескриптор, детерминатив, дискурс, инофон, интенция, клише, конвергенция, конкорданс, калька, лакуна, селектор және т.б.

Осындай зерттеу нәтижесінде қазақ тіліндегі аударматану терминдерінің мынадай уәжділік түрлерін анықтадық:

- 1) «Жалпы және жеке теориялық негіздері» уәждеуіш тобы:



аударманың денотативтік теориясы, аударманың денотативтік жағы, аударманың дескриптивтік теориясы, аударманың ақпараттық теориясы, аударманың лингвистикалық теориясы, аударманың әдебиеттанымдық теориясы, аударманың жалпы теориясы, аударманың прагматикалық аспектісі, аударманың қолданбалы теориясы, аударманың жағдаяттық теориясы, аударманың арнайы теориялары, аударманың стилистикалық аспектісі, әскери аударма теориясы, заңды сәйкестіктер теориясы, машиналық аударма теориясы, аударманың қоғамдық маңызы туралы теория, аударма теориясы, ретті аударма теориясы, арнайы аударманың коммуникативтік-жұмсалымдық теориясы, аударма теориясы, баламалық деңгейлерінің теориясы, көркем аударма теориясы және т.б.;

2) «Аударма түрлері» уәждеуіш тобы: абзацты-фразалық аударма, абзацты-фразалық ретті аударма, авторланған аударма, авторлық аударма, бейімделген аударма, барабар аударма, қысқаша аударма, антонимдік аударма, бинарлық аударма, сөзбе-сөз аударма, ауызекі аударма, әскери аударма, вокалды аударма, газеттік-ақпараттық аударма, екі жақты аударма, диахрониялық интралингвальды аударма, диахрониялық аударма, құжаттық аударма, доминантты аударма, дәлме-дәл аударма, расталған аударма, көзшолу-жазбаша аударма, көзшолу-ауызша аударма, интервербалды аударма, интерлингвалды аударма, интерлингвистикалық аударма, интерлинеалды аударма, интерсемиотикалық аударма, интервербалды аударма, интралингвистикалық аударма, ақпаратты-коммуникативтік аударма, ақпараттық аударма және т.б.;

3) «Амал, тәсіл, әдіс және үлгі» уәждеуіш тобы: талдау, қабылдау, аударманың герменевтикалық үлгісі, аударманың гипонимиялық тәсілі, грамматикалық трансформация, аударманың динамикалық үлгісі, алмастыру, аударманы таңбалық тәсілмен беру, сәйкестендіру, интерпретация, калькалау, жинақталу, нақтылау, ұғымдардың нақтылануы, контекстуалды алмастыру, лексикалық алмастырулар, лексикалық жайылма, лексикалық ықшамдау, жазба әдісі, мәтінді құрақтау әдісі, семантикалық өрісті қысқарту әдісі, аударманың трансформациялық үлгісі, аударманың жұмсалымдық-прагматикалық үлгісі, тұтастай қорыту, тұтастай өзгерту, баламалы алмастырулар, сөйлем деңгейіндегі аударма, сөздер деңгейіндегі аударма, сөз тіркестері деңгейіндегі аударма, мәтін деңгейіндегі аударма және т.б.;

4) «Аударма бірліктері» уәждеуіш тобы: штамптар, клише, жағдаяттық клише, терминдер, мақал-мәтелдер, бейнелі құрылымдар,

сөз, сөз тіркесі, синтагма, сөйлем, абзац, мәтін, шығыс сөйлем, ірі құрылым бірліктері (машиналық аудармада), инвариантты бірлік, бастапқы мәтіннің интонациясы – мағыналық бірліктері, мәнмәтін, бастапқы бірлік, бастапқы мәтін, лексикалық калька, семантикалық калька, синтаксистік калька, фразеологиялық калька, ұлттық реалийлер, прецизионалды сөздер, реалий сөздер, транслитерленген сөз және т.б.

Сонымен, әрбір термин атауының астарында ұғым тұрады, ал ұғым зат немесе құбылыстар жөнінде пайымдаудың жиынтығынан қалыптасады. Яғни, терминологиялық уәждеме таныммен тікелей байланысты ұғымның қалыптасуына қандай уәждердің негіз болатындығын зерттейді, анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 б.
2. Новиков Л.А. Семантика русского языка. – М., 1982. – 173 с.
3. Ахманова О.С. Предисловие// Словарь лингвистических терминов. – М., 1966 – 608 с.
4. Лингвистикалық энциклопедиялық сөздік. – М., 1990. – 685 с.
5. Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. – М., 1974. – 197с.
6. Мұсатаева М.Ш. Двухязычная лексикография: тенденции и перспективы. – Алматы: РИО ВАК РК, 2000. –204с.
7. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие.– Минск.: Тетра Системе, 2004. –225 с.
8. Воробьев В.В. О русской национальной личности в языке и культуре // Язык и культура. – 1998. – ч.1.- С.52-57.
9. Попович А. Проблемы художественного перевода. – БГК им. И.А.Бодуэна де Куртенэ, 2000. – 280 с.
10. Левицкий В.В. Виды мотивированности слова, их взаимодействие и роль в лексико-семантических изменениях // Материалы семинара по проблемам мотивированности языкового знака. – Л.: Наука, 1969. – С.21-25

*Сұлтан ЖАНБОЛАТ,
профессор, жазушы*

*Айжан КӨШКЕНОВА,
сұхбаттасқан*

ҰЛТТЫҢ ТІЛІ МЕН ЖАЗУЫ ОРТАҚ БОЛМАЙ, БІРТҮТАС БОЛУЫ ҚИЫН

- Қытайда жергілікті қазақтармен әңгімелесе қалғанда, олардан қазақ тіліндегі кейбір өзгешеліктерді байқамау мүмкін емес. Тіпті теледидар, радио хабар жүргізушілері, қазақ зиялы қауым өкілдері де басқаша мақаммен сөйлейтіндей көрінеді. Профессор, жазушы, Шынжаң университетінің бұрынғы проректоры, «Үлес» сыйлығы (ҚХР) мен «Достық» орденінің (ҚР) иегері Сұлтан Жанболат әлем қазақтарының тілінде диалектілер пайда бола бастағанын және бұл ұлттың тұтастығы үшін аса қауіпті екенін айтады.

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНДА «ШАЛА МОЛДАЛАР» ДИАЛЕКТ ЖАСАП ЖҮР

- Қытайға барғанда жергілікті қазақтардың кейбір сөздерін түсінбей қаламыз. Тіпті бір сөздің екі түрлі мағынада қолданылуына байланысты әзіл-қалжың да көп. Бұл қалыпты құбылыс па, әлде мәдени алшақтықтан хабар бере ме?

- Ғасырға жуық екі елде, екі жүйеде, бір-біріне ұқсамайтын екі ұлт билеген мемлекетте, екі түрлі идеологияда жүрген бір қазақ ұлтының екі бөлігінде мәдени деңгейдегі парықтың болуы таңырқарлық емес. Дегенмен жаңа заманғы тілдегі жаңа парық адамды қатты алаңдатады. Әсілі қазақ тілінде диалект ауыр деуге келмейді. Қай жерде тұрса да, қазақ бір-бірін бұрын жақсы ұғынатын. Бірақ қазір қазақ тілінде диалект пайда болып қана қоймай, ұлғайып барады және ол өзге ұлт азаматтарының қазақ тілін үйренуіне қолайсыздық әкелуде. Осыдан барып өзің сезген мәселелер бой көтеруде. Қазақстан мен қазақ диаспоралары арасында атау, терминдегі алшақтық ұлғаюда. Мысалы, Қазақстанда бір ғасыр бойы «дәрігер» сөзі қолданылып келді және ол Қытай қазақтарына да әбден сіңді. Ал соңғы жылдардан бері Қытайдағы қазақтардың тілмен айналысып жүргендерінің бір тобы «шипaгер» деген атауға қызыға қалды. Олар «500 жыл бұрынғы Өтейбойдақтың «Шипагерлік баян» деген

кітабында «шипаягер» деген сөз қолданылыпты. Міне, бұл нағыз қазақ сөзі» дегенге негізделді. Бұл атауды ШҰАР Тілком арқылы бекіттіріп те жіберді. «Шипаягерлік баян» туралы айтпай-ақ қоялық. Ал мен бұл сөзді жатырқап тұрған жоқпын. Екеуі де парсы тілінен келген, қазаққа таныс және мағынасы бір атаулар. Қазақтың төл сөзі емес. Ендігіде, мына жақтағылар — «шипаягер», сіздер «дәрігер» дей бересіздер. Бірақ бұл бір ауыз сөзден көрінген беталыс «дами» түссе, біраз уақыт өткеннен кейін екі елдің қазақтары бір объекті әр қилы атап, сөз қолданыстарында айырмашылық туылады, ол көбейсе, диалект пайда болып қана қоймай, ұлғаяды. Мұндай мысал толып жатыр. Меніңше, бұл — диаспорадағы «шала молдалардың» қолдан диалект жасауы.

Қазақстан жақ тәуелсіздік алғалы бері қазақша атау-терминдерді жетілдіруге қатты кірісіп кетті. Алайда, бұл жұмысқа диаспорадағы тілгерлерді елеп-ескеріп шақырған жоқ, араластырған жоқ. Нәтижесінде диаспорадағылар Қазақстанда атау-терминнің жай-күйінен хабарсыз қала берді. Қазір мұнда Қазақстан телехабары көрілмейді, радиосы естілмейді, басылымдары келмейді. Интернетпен айналысатындардың дені кириллше жазуды танымайды. Демек, диаспорадағы қазақтар өз үкіметі бекіткен атаулармен немесе бұрыннан дағдыланған терминдерімен (мысалы, «информация» сықылдыларды қолданып) кетіп барады. Әрине, бұл да — диалектті ұлғайту. Сонымен, талай сөздер екі жақтағы қазақтарға өзара бейтаныс атау болып, қатары барған сайын молаюда.

- Информация сөзінің түп төркіні (informatio — түсіндіру, жеткізу) латын тілінен шыққан екен. Жаңа сөздер пайда болғаннан қандай зиян көріп отырсыз?!

- Зиянның көкесі диалектіні көбейту емес пе?! Қытайдағы қазақтарға ШҰАР Тілкомы «информацияны» бекітіп берді. Мұндағылар «хабар», «ақпар» дегендерді орыстың «известия», қытайдың «шыауши» дегенінің баламасы қып қолданады. Қазір жастар заман ықылымына сай білім қууда, өзгелермен жарысып, бәсекеге түсуі үшін дамығандардың тілін (ағылшын тілі тәрізді басым тілдерді) білуге мәжбүр болуда. Енді олар, нақ осы сөзді «информация» немесе «информейшн» (information) деп оқыса да, бұл атау өздеріне таныс сезіледі. Болашақта жастар өзі игеруге мәжбүр өзге тілден алыс тұрған және қолдан жасалған қазақы атауды ауыр жүк секілді сезіне бастайды. Заман солай бет алғанда, біз қазақ тілінің дәстүрі де басты лексикасын қарашығымыздай қорғап, ғылым мен техникадағы өзге тілдік атауларға кеңірек болғанымыз жөн еді.

Тіліміздің иесі - жас ұрпақ. Терминдегі қиын көрінетін факторлардың көбеюі оларға, сондықтан тіліміздің болашағына пайдасыз.

СӨЗДЕРДІҢ ЖАҚЫНДЫҒЫ ҰЛТТЫҚ ЖАҚЫНДЫҚҚА ӘКЕЛЕДІ

- Осы жерде тағы бір мәселе туындайды: бір терминді аударғанда одан бірнеше атау қатар тарайды. Информацианы, өзіңіз айтқандай, біреу — ақпар десе, екіншісі — ақпарат, үшіншісі — хабар дейді. Бір жолы банкке барсам, «оформление» сөзін үкіметтің бір қаулысын үлгі етіп, «рәсімдеу» деп аударыпты. Басқа жерде «рәсімдеу» деп қолданылады. Жаңадан шыққан сөздердің қайсысы дұрыс екенін кім айтады?

- Демек, Қазақстанның өзінде диалект пайда болуда. Жаңадан жасалған сөздердің дұрыстығын уақыт айтады, халық айтады. Бірақ оны асығыс бекітіп жіберсе, былығы туылады. Ұлт тілі мәртебесінің көтерілуіне бөгет шығады. Бір ұлттың ішіндегі осындай жағдай — оның ана тіліне өте зор зиян. Бұл тілде бірлік жоқ екенін байқатады. Ал атау, терминде бірлік болмаса, айналып келгенде, тілдің мәртебесі жоғарылай алмайды, қайта тілімізді кемсітетін жауларымыздың қолына құрал ұстатады. Енді қайту керек?! Қазақтың тілі келмейтін тіл жоқ, атау тіпті жоқ. Тіліміз келмейді, жасамасақ болмайды деген күнде де, оны тоқсан толғап, кең көлемде ақылдаса шешкен дұрыс. Өйткені ол — бірер топтың тілі емес, халықтың тілі. Бір елдегі қазақ емес, әлемдегі ісі қазақтың ортақ тілі. Сондықтан жасайтын атауды алдын ала жариялап, пікір алынып, халықтың талқысына салған жөн. Қазақстан БАҚ-тарында жарияланған мұндай жоба ауқымында Өзбекстан, Қытай қазақтарының да пікірі ескерілуі керек. Ең соңында комиссия терминдерді осындай жан-жақты зерттеудің қорытындысы бойынша бекітуі тиіс. Қазіргідей әр елдегі қазақтар өздерінше шешім қабылдай берсе, тілдік бейберекеттік пайда болады. Шынын айтайын, бүгінде Қытайда Қазақстанның Тіл комитетінің терминдерін көріп, оқып, ескеріп, пайдаланып жатқан ешкім жоқ. Болса, тек біз сықылды аздаған зиялы қауым ғана.

- Онда не істейміз? Термин қай тілде шықса, соны алып, қазақ тілін байытпай, қарап отыра береміз бе?! — Алдымен атау-термин мәселесінде тактикалық және стратегиялық жоғары деңгейдегі бағдарлама мен ұстаным, саясат пен жоспар болуы қажет еді. Мұнсыз жүргізілген практикалық ұмтылыстардың ұлтқа пайдалы бола кетуі қиын. Қазақстанда қазақ тілінің мемлекет тілі мәртебесіне шындап көтеріле алмауында көп себеп

бар. Соның тек біреуі терминологияға байланысты. Мысалы, атау-терминдерді қазақидастырудан (сізше айтқанда, «байытудан») бұрын, қазақ тілін ҚазССР кезіндегі БАҚ тілімен-ақ (ол орысша оқыған қазақтар түгілі, өзге ұлттарға да оңайырақ емес пе?) мемлекеттік тіл деңгейіне шығаруға бар күшті салу керек еді. Содан кейін кейбір орынсыз кірме сөздері біртіндеп шығарып, оны қазақиландыру екінші сатыдағы міндетке қойылса, жақсы еді. Бірақ қазақ тілін қазақидастыру оны мемлекет тіліне көтерудің (онсыз да бөгеті жетерлік ұлы істің) алдына өтіп алды да, бұл тілді игеру, өзге түгілі, орысша оқыған қазақтарға да ауыр тиер күй қалыптасты. Бұл, әрине, мемлекет тілінің өз мәртебесіне көтерілуіне пайдалы емес. Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында, (кей шовинистердің қазақ тілін кемсітуіне намыстанудан ба, әлде бірер қазақы атау жасап көрініп қалу ниетінен бе, әлде әлемдегі ұлттар мен тілдердің неге жойылып бара жатқанын аңғармаудан ба, әйтеуір), кей бауырларым «қазақ терминологиясын жөндейміз, жетілдіреміз» деген желеумен, жаңа, қазақы атауларды науқаншылықпен (зауыттан өндіргендей) шығара бастады. Бұл науқан тілімізге әбден сіңісті болған, едәуір дамыған елдермен ортақ кейбір халықаралық терминдерді де ығыстырды.

Бұл жаңа атаулардың жалпыласуы шамалы да баяу. Ал залалы — диалект жасау мен тіл мәртебесін бөгеу болу. Мысалы, қазір, орыстың арасындағы қазақ түгілі, қытайдағы қалың қазақтың өздері де «ұстаным» (принцип), «сәуір» (апрель), «дәрумен» (витамин), «қызанақ» (помидор), «пайыз» (процент), тіпті «жанұя» (семья) сықылдыларды (кейін қазақы сөз деп білгенімен, жатырқамағанымен) өзге ұлттың қай сөзінің баламасы екенін, тіпті кейбіреуінің нені айтып тұрғанын біле алмай қалып жүр. Қаңтардан желтоқсанға дейінгі ескіше ай аттарын мұндағылардың ішінара үлкендері ғана біледі. Бірақ қарапайым қазақ өзара сөйлескенде, бірінші ай, екінші ай... немесе январь, февраль... деп кете береді. Қазірдің өзінде де сондай. Сол сияқты ғылымның, техниканың кей терминдерін асығыс қазақшалап әуре болмау керек еді. «Ақпар» мен «хабар» деген екі сөз қазақ тіліне шеттен (арабтан) енген. «Информация» секілді төл сөзіміз емес. Қазір информатика деген ғылым бар. Оны да аударып қазақидастырамыз ба? Мұндай орынсыз қазақиландырудың пайдасынан зияны көп.

Ал қазақша қолдан жасалған терминдер көбеюінің арты неге соқтыруы мүмкін? Бұл қазақ тілінің аясын тарылтып, өміршеңдігіне үлкен нұқсан келтіруі ықтимал. Сөздерді «құйып шығара беру»



(мұндағылар оны «редакторлар тілі» деседі) ұрпаққа қазақ тілін үйренуді қиындатып, ана тілін олардан алыстатуға итереді. Мына заман — әр ұлттың өз тіліндегі, өзгеге ұқсамайтын лексикалық байлығымен мақтанатын, кешегі заман емес. Бұл заман — әр ұлттың өз тіліндегі өміршеңдікпен — жазуы мен сөз қорының келешекке, әлемге бет алған өз ұрпағына жақын, қолайлы, оңай болуымен мақтанатын заман. Әр ұлттың соған ұмтылуға тиісті заманы. Жоғарыдағы мысалдар осындай жетекші идеяның мықты болмауынан туылып отыр.

Бір пайдалы іс — түрік халықтарының атау, терминдерін өзара жақындастыру. Кеше ғана Қытай әртүрлі диалектілер салдарынан бір-бірін түсінбейтін, іс жүзінде бірнеше ұлт секілді еді. Қазір бәрін бірлестіре келе ортақ тіл қалыптасып, оларды алыста жүрген әлемдегі ханзулар да түсінетін болды. 1 миллиард 300 миллион қытай бір тілде сөйлеп, бір жазумен дамып барады. Бұл бірлік оларға үлкен күш-қуат пен өміршеңдік әкелді. Ал түрік халықтары ше? Қазір әлемде 200 миллионға жуық түрік халқы бар. Олар бірін-бірі білмейді де, бір-бірінен алмайды да. Ал сөздегі, содан барып тілдегі жақындық түрік әлеміндегі ұлттық жақындыққа тартады. Біз басы қосылмаудың залалын көп тартқан халық едік. Мына заман сол дерттен тез құтылуды талап етуде.

- Бірақ түркі елдері ортақ терминдер бойынша қалай келісімге келеді?

- Қазақ та, өзбек те, т.б. да бет-бетімен термин ойлап шығарып, бытырай бермей, ақылдасып ортақ атау жасаса, бұл бізді біртіндеп, бірлікке әкеледі. Егер кейбір атауларға кей түріктердің тілдері келмей, зауқы соқпаса, онда мейлі, бір-бірінен ауысып, екі-үш түркі елінің атаулары ортақ болса да, қайда жатыр?! Түрік халықтары «тілімізді байытамыз» деген жалаң ұлттық сезіммен шаба берсе, бұл ұлттар бір бірінен алыстай береді.

- Дегенмен техника жылдам дамуда. Олардың бәрі жаңа терминдерді қажет етеді. Олардың бәрін түркілерден іздеп отырмаймыз ғой?

- Оның рас. Жылдам дамыған техникаға қолдан атау жасап әлек болудың қаншалықты қажеті бар? Егер халықаралық ортақ терминдерді түрік халықтары жаппай қолданса, өзара жақындаса түсер еді. Бірақ халықаралық түгілі, түріктерден де іздемей, әр түрік ұлты өзінен ғана іздеу етек алып барады. Осында кейбіреулер компьютерді «электрмишық» деп аударды.

Компьютердің маусын «тінтуір» деп алды. Тіл келіп тұрған осыларды (компьютер, маус дегендерді) аударып, «жаңалық» ашып, термин байытқаннан не ұтамыз? Мына заман өзгеге ұқсамайтын төл терминология байлығына қарап, тіліңнің өмірін бекіткелі отырған жоқ, тіліңнің өз бойындағы өміршендігіне, оны жалғайтын ұрпағыңа оның қолайлылық дәрежесіне қарап бекіткелі отыр. Жастар ағылшын тілін үйренуі керек. Жаңа технологиялар бойынша көптеген атау, терминдер ағылшын тілінде пайдә болуда. Ол тілде сырттан келген терминдер ересен көп. Олар бәріне есіктерін айқара ашып тастағандығынан және ғылым мен техникалық соңғы жаңалықтарды иелегенінен бұл тіл әлемдік жалпыласқан тілге айналууда. Олар тіл жөніндегі стратегия мен тактикада әлемді ұтты. Ал біз атауларымызды әуелі өз ішімізде де толық жалпыластыра алмай отырмыз! Кеңес Одағы кезінде Қазақстанның сан алуан басылымдары қолымызға тиетін. Сондағы мақалалардың ішінде орысша, еуропаша терминдер көп кездесетін. Бірақ соның бәрін қазақ сөзі ретінде түсініп, қабылдай беретінбіз. Орыс тілінде, еуропалық сөздерді есепке алмағанның өзінде, түркі атаулары қаншама?! Олжас Сүлейменовтің кітабын оқысаңыз, бұған сенесіз. Өзге тілдерден кірген сөздерге бола өз тіліңе құрмет кемімейді. Бірақ біз керісінше жұмыс істеп, өз тілімізді өзгелердің білуін қиындатып, мемлекеттік тілдің мәртебесінің көтерілуіне кедергі келтірудеміз.

- Қазақы термин жасаушылардың бәрі қазақтың сөз қорын молайтқысы келетін шығар?

- Бәлкім, солай да шығар. Бірақ бұл заманның қалай екенін, неменемен мақтану тиістілігін жаңа айттым. Ұлттық сезім әрі күшті, әрі дұрыс, әрі ұлтқа шынайы пайдалы болуы тиіс. Әйтпесе кері рөл атқарады. Алдымен ата-бабадан келе жатқан төл де, дәстүрлі лексикалық мол байлықты қорғау керек. Өз ұрпағың ғана емес, өзгелер де сенің тіліңе қызығатындай, оңай игеретіндей болуы тиіс. Ол үшін негізгі лексиканың үстінде «қонатын» ендігі атау-сөздерді өзге озық ұлттан, ғылым мен техникада жалпыласып тұрған тілдердегі атаулардан алыстатпауы керек. Байыту осы негізде болғаны пайдалы.

- Айтпақшы, сіздің сөздеріңізден диалект байқамадым. Әдетте осындайда кейбір сөздердің мағынасын қайтара сұрауға тура келетін...

- Менде диалект жоқ дей алмаймын. Бәлкім, аз шығар. Мен жасымнан сіздер жақтікін оқып өскен жанмын. Тіпті бүгінге дейін. Мұндағы бір жарым миллионнан асқан қазақтың 99 пайызы ондай



емес. Олармен сөйлескенде ұғыспай қалатын жайт туылады. Міне, осының өзі — диалект пайда болғанының белгісі. Егер бұл жылдан-жылға ұлғая берсе, ұлтымызға төнген үлкен қатерге айналмақ. Бізде, қарттарда, осындай диалектіге қарсылық бар.

- Сіз жаңадан терминдер шығара беру мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге кедергі келтіретінін айттыңыз. Ал сіздің ойыңызша, Қазақстанда мемлекеттік тілді нығайту жолдары қандай болуы тиіс?

- Ол жолды менсіз де әбден білесіздер. Ұлықтар, биліктегілер тіпті жақсы біледі. Ниет, ықылас, бекім ғана кем болып тұр. «Аюға намаз үйреткен таяқ». Мына заман таяққа сүйенбейді. Алдымызда аю жоқ. Интеллекті, бітімі, сапасы жоғары халық тұр. Қай ұлт болса да, олар дұрыс шешімді қабылдайды. Шамалы ақылы аздарға ғана күш керек. Егер ең беделді адам мансапқа қазақ тілін білетіндерді ғана қойса, жиындар қазақ тілінде жүріп, оны білмейтіндерге аудармашы берілсе, жоғары оқу орындары (бірір жылдық дайындық топтары арқылы қазақша оқытып) сабақты қазақша өтсе, қазақша оқулықтар сапалы да көп әзірленсе... Өткен 20 жыл мұндай болмас еді.

ЛАТЫН ҚАРШІНЕ КӨШУ — ҚАЗАҚ ЖҰРТЫНЫҢ АРМАНЫ

- Қазақстанда соңғы жылдары латын әліпбиіне көшу мәселесі қозғалып жүр. Қазақ жұртына мұндай реформа қаншалықты қажет?

- Жазу өзгерту — ермек те, қызық та, мода қуу емес, ұлт мүддесі мен заман талабынан шыққан зәрулік. Амал не, көне түрік жазуымыз оралмас алысқа кетті. Төте жазу әрі аз қазақтың қолында және қазақстандық кирилл жазуына да жете алмайтын күйде. Кирилл жазуы да оңып тұрған жоқ. Бұл жазумен жіберілген мәтіннің де әлемді еркін шарлай алмайтыны белгілі. Латынша жазу әлемде ең жалпыласып бара жатқан тілдің жазуы болуымен қатар, компьютер, интернет, т.б. күнделікті өмірдің құралына айналған дүниенің бірінші жазуы болып отыр. Жазуы жоқтан жазуы бар — жүйрік.

Жазуы шабаннан жазуы тез — жүйрік. Қыл аяғы қытайлар да өз иероглифтерін латын жазуымен компьютерге енгізіп, диалекттерін сол арқылы жойды. Бізге мәдениетімізге (соның ішінде тілімізге) оралғы болатын жазу да, оған дағдыланудан туған қимастық та керек емес. Керегі — тілімізге өмір беретін жүйрік жазу!

Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында, Нұрекең амандасып

алдымызға келгенде, қолын алып тұрып: «Сіз латынша жазуға көшеміз деп айтқан сайын біз — шетелдегі қазақтар бір қуанып қаламыз!» дедім. Сонан кейін, латын қарпіне көшуге қатысты өз ойларым жазылған хатты бердім. Ол хаттың мазмұны: «Қазір Қазақстанға жаппай латыншаға көшу пайдалы емес. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне толық ие болмай, жазу өзгеріп кетсе, ана тілін жақсы білмейтін қазақтың да бір бөлігі оған тіпті шала болып қалуы мүмкін.

Дегенмен Қазақстан болашақта көшетін латынша жазудың жобасын қазір жариялап тастаса, қазақ диаспорасы соған бейімделе берер еді. Сонда Қазақстан болашақта латын қарпін қабылдаған уақытта жазуларымыз ұқсас болып шыға келер еді. Егер бұл қолға ерте алынбаса, қазақ диаспорасы бет-бетіне кете береді де, болашақта жазуда да бірлік болмай қалады».

- Расында, солай...

- Қытайдағы қазақтар ханзулардың компьютермен иероглифті жазу үшін пайдаланылатын латыншасына, Өзбекстандағы қазақтар өзбек латыншасына, т.б. бет-бетіне кетуі мүмкін. Ол жазуларға әбден дағдыланып алғаннан кейін оны өзгерту де қиынға соғады. Қазіргі Қытайдағы қазақ жастары қытайшаны, латыншаны жақсы білгенімен, кириллицаны танымайды. Бізде қолданылатын Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуын қазақстандықтардың көбі танымайды. Мәдени ауыс-түйіске бөгет деген — осы. Ұлттың жазуы ортақ болмай, шынайы бір болуы қиын. Сондықтан латын қарпіне көшу — жекелеген оқымысты қазақтың ғана емес, бүкіл қазақ жұртының арызы, арманы. Мұны ұзақты ойлағандар ғана сезінеді, тіпті тез жетуге асығады! Алайда қазақ көшетін жаңа латын жазуы Түркиядағы сықылды (өткен ғасырдың алғы жарымынан қалған жоба) емес, клавиатурадағы 26 латын таңбасымен шешілетін жазу болғаны жөн. Әйтпесе ол осы кирилл жазуынан аса алмайды...

*Зайсанбаев Т. Қ.,**С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ оқытушысы*

ТІЛДІҢ ІШКІ МҮМКІНДІГІ ЖӘНЕ ТЕРМИН ЖАСАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру еліміз тәуелсіздік алғалы күн тәртібінен түспей келеді. Өйткені мемлекеттік тіл ұғымының бір көрінісі – оның әр түрлі ғылымдар саласында кеңінен қолданылатын терминдерінің болуы. Мемлекеттік тілде ғылыми жұмыстар жазылмаса, ол ғылым тілі ретінде қалыптаспаған болса, онда оның шын мәнінде мемлекеттік тіл болмағаны. Қазақ тілі ғылым тілі болуы үшін ең алдымен оның қалыптасқан терминдері болуы тиіс. Термин қалыптастырудың тәсілдері көп. Төменде біз соларға жеке-жеке тоқталмақпыз.

Термин қалыптастыруда кең тараған тәсілдердің бірі – ғылым, білімі дамыған алдыңғы қатарлы елдердің терминдерін тілдің дыбысталу заңдылығына икемдеп алу. Өзіміз жақсы білетін орыс тіліндегі терминдердің 70-80%-ы латын, грек, ағылшын т.б. тілдерден енген сөздер. Бірақ олар орыс тілінің дыбысталу заңдылығына бағынып енгендіктен, олардың жат сөздер екенін көп адам аңғара бермеуі де мүмкін. Ал қазақ тіліне қелетін болсақ, мұндай терминдерге «интернационалдық терминдер» деп ат қойып, айдар тағып, ондай сөздерді аударуға болмайды деген ережеге тастай қатып қалған. Орыс тілінің заңдылығымен енген мұндай сөздерді қазақ тіліне икемдеу қажеттілігі көптен бері сөз болып жүр [1; 2; 3; 4; 5; 6 т.б.].

Академик Ө. Айтбайұлы тілдің дамуы ондағы интернационалдық сөздердің көптігіне байланысты емес, оларды сол жат қалпында қабылдай беретін болсақ, онда интертерминдер шапқыншылығына тап боламыз, онсыз да дендеп бара жатқан шетел сөздері қаптай беретін болса, ана тілімізге қатер төнді дей беріңіз дей келе, интертерминдерге тәуелді болмай-ақ, өз тілінің байлығын қолданып отырған жапон, қытай тілдерін мысалға келтіреді. «Интертерминдерге тиюге болмайды дейтін түсінік бұларды шынында да құран сөзіндей етіп жіберді. Содан барып бұлар да баста белгілі бір тіл ішінде туындап, терминдік мәнді жүре келе жүктеген қарапайым сөздер екенін елемейтін болдық. «Тиіспе», «аударма» деуден бұрын бұл сөздер нені білдіріп тұр, қандай мағынаны арқалап тұр дегенге зер салу керек қой. Міне қазір интернационалдық терминдерге

осылайша қарау ағымы пайда болды. Бұл тіл дамуының өзіндік даму табиғатына тән құбылыс» [7, 302],– деп, интерминдерді де мүмкіндік болса аударуға болатынын сөз етеді.

Шынында да, интертерминдер деп шаң жуытпай жүрген сөздеріміздің бір кездері қарапайым ғана сөз болғанын және олардың әр тілді әр түрлі мағынада жұмсалатынын көреміз. Мысалы, жоғары оқу орындарында күнделікті қолданылатын «декан» сөзін алайық. Орыс тіліне шеттілдерден енген сөздер туралы сөздікте бұл терминге мынандай анықтама берілген: «Декан [лат. Dekanus десятник (в древнеримских войсках – начальник 10 солдат)] – 1) руководитель факультета в высшем учебном заведении; 2) в средневековых католических монастырях – должностное лицо монахов, помогающее аббату в управлении; в современной католической и англиканской церкви – старший священник, наблюдающий за группой приходов; 3) то же, что дуайен» [8, 153]. Байқап отырсақ, бұл сөз қазақ тіліндегі «онбасы» сөзінен алшақ кетпейді екен, бірақ орыс тіліне мүлде басқа мағынада еніп кеткен. Ал қазақ тіліне орыс тіліндегідей «факультет басшысы» деген мағынада еніп, дыбысты қозғалысқа түспей, яғни қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына бағынбай қолданылып жүр.

Жоғарыда айтқанымызда, қазіргі орфографиялық жүйемізде интертерминдерді қазақ тіліне бейімдеу мүмкін емес. Бұл болашақта қазақ жазуы латын әрпіне көшкенде іске асу мүмкін. Ал қазірше қазақ тілінің лексикалық байлығын, сөзжасам тәсілдерін пайдалана отырып, қазақ тілінің дыбысталуына сай келмейтін интертерминдерді аударып қолдануды қолға алу керек.

Енді төменде медицина ғылымы саласына орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген терминдері аудару туралы сөз қозғайық. Мысалы, орыс тіліндегі «нерв» сөзі латынның «nervus» деген сөзінің орыс тілінің заңдылығымен дыбыстық өзгеріске түскен сөзі екені белгілі. Бұл, әрине, орыс тілінде осы ұғымды беретін сөз болмағандықтан қолданылған сөз. «Нерв» сөзінің қазақша баламасы – «жүйке». Бұл сөздің қазақ тілінде ежелден бар екеніне ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген композитор Балауан Шолақтың: «Айдың көзін жылт етіп бұлт алсын, бүйте берсең жүйкемді құрытарсың»,– деген өлеңі айғақ болса керек. Қазір медициналық оқулықтар мен оқу құралдарында, медициналық мәтіндерде *жүйке аурулары, жүйке жүйесі, жүйке түйіндері, жүйке жасушалары, жүйке талшықтары* сияқты терминдер кеңінен қолданылып жүр. Бұл «жүйке» сөзінің орыс тіліндегі «нерв» сөзіне

толық балама бола алатынын көрсетеді. Ал енді орыс тіліндегі *невроз*, *невропатолог*, *неврология*, *невралгия* сияқты сөздерді қалай қолдану керек немесе қалай аударып алуға болады деген мәселені дәрігерлер мен тіл мамандары ақылдаса отырып шешуге болатын сияқты.

Медициналық термин сөздерді аударып алуда да қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін ескерген жөн. Мысалы, орыс тіліндегі «смертность», «заболеваемость», «рождаемость» сөздері орысша-қазақша медициналық сөздіктерде «өлімшілдік», «аурушылдық», «туушылдық» деп аударылып жүр. Қазақ тілінде зат есімге сын есім тудырушы жұрнақтар үстемелеп жалғанбайды. Бұл сөздерді «өлім-жітім», «ауру-сырқау», «өсіп-өну» деп қос сөздер арқылы беруге болар еді. Қазақ тілінде сөзжасамның ерекше бір тәсілі болып келетін бұл құбылысқа, яғни сөздерді қосарлап қолдануға жеткілікті дәрежеде мән берілмей келеді.

Қазақ ғылыми медицина тілінің қалыптасуына көп уақыт бола қойған жоқ. Әрине, Кеңес Өкіметі кезінде де мерзімді басылымдарда қазақ тілінде медициналық тақырыптарда мақалалар жарияланып тұрды, ғылыми-танымдық оқу құралдары жарық көрді. Дегенмен, жоғары оқу орындарында медициналық білім қазақ тілінде берілмегендіктен, қазақ тілінің медицина саласында дамуы кенжелеп қалды. Ал еліміз Тәуелсіздік алып, медицина ғылымы қазақ тілінде оқытыла бастағаннан бері, орыс тіліндегі медициналық оқулықтар мен оқу құралдарын қазақ тіліне аудару бойынша біраз жұмыстар атқарылды, қазақ тілінде көптеген оқулықтар мен оқу құралдары жазылды. Алайда, бұл салада кемшіліктер де аз емес, себебі осы оқулықтар мен оқу құралдарын аударушылардың өздері де қазақ мектептерін бітіргендерімен, жоғары оқу орындарында медициналық білімді орысша алғандар. Екіншіден, қазақша аударылған еңбектер, көп жағдайда, жақсы тіл маманының сараптауынан өтпей жатады. Үшіншіден, қазақ тілінің сөздік қоры, яғни тіл байлығы сарқа пайдаланылмай келеді.

Медицина терминдерін қазақ тілінде дамытуда термин жасамның хас шебері болған І.Жарылғаповтың ұстанымын басшылыққа алған жөн деп есептейміз. Академик Ө.Айтбайұлы І.Жарылғаповтың ана тілінің сөздік қорын сарқа пайдаланғанын, көнерген сөздерге үстеме мағына бергенін, ұлттың өзіне тән сөйлеу үлгілерін сақтағанын, басқа тілдің сөйлеу үлгілерін ана тілінің заңына бағындырғанын, қажет болған жерде ұлттық тілдің үлгісімен жаңа сөздер (неологизмдер) жасағанын, тілдің өз мүмкіндігі болмаған жағдай да басқа тілден

алынған сөздерді жагтығын білдірмей, төл сөзге айналдырғанын баса көрсетеді [7, 284].

Терминжасамда кеңінен қолдануға болатын әдістердің бірі – қолданыстан шығып, ұмыт болуға айналған сөздерімізге жан бітіріп, оларға үстеме мағына беру. Медициналық терминдер жасауда бұл тәсілді сәтті пайдаланып жүргендер де бар. Бұған мысал ретінде стоматология саласында қолданылып жүрген «кіреуке» («эмаль»), «тіссауыт» («коронка») сөздерін келтіруге болады.

Дыбыстық өзгеріске түсіп еніп кеткен кірме сөздерді де медициналық термин ретінде қолдану – терминжасамның тағы бір тәсілі. Мысалы, қазір медицина ғылымында кеңінен қолданылып жүрген *ағза* сөзінің түп-төркіні мүшелер (*дененің, ұйымның*) дегенді білдіретін араб сөзі [9, 37]. Сондай-ақ қазақ тіліндегі *жарақат* (рана, язва) сөзіне келетін болсақ, ол «жарахатун» деген араб сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі [9, 99].

«Әйтсе де, термин жасаудың ең басты көзі – ұлттық тілімізде болып отыр деп толық айта аламыз. Бұл тұста әдеби тіліміздің барлық қабаты (көркем әдебиет тілі, ауыз әдебиет тілі, фольклор тілі, тіпті диалектілер мен тілде орын тепкен түрлі ерекшеліктер) түгел іске жаратылады. Қазақ зиялылары ә дегеннен-ақ термин жасау процесіне тікелей атсалысып, ол үшін қазақ тілінің лексикалық байлығы мен грамматикалық амалдарын түгел іске жаратуға бетбұрыс жасаған болатын. Соның нәтижесінде халық тілінің сарқылмас қазынасы сарапқа түсіп, қарапайым сөздер терминдік мәнге көшті. Ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан сөзжасам тәсілдері терминжасамның негізгі тірегіне айналды» [7, 158-159].

Біз төменде сөзжасам амалдарының ішінде морфологиялық немесе синтетикалық (қосымшалар арқылы) және синтаксистік немесе аналитикалық (сөздерді біріктіру, қосу, қосарлау) тәсілдерге тоқалуды жөн көріп отырмыз. Бұл тәсілдердің барлығын бір мақаланың көлеміне сыйғызу мүмкін емес, сондықтан өзіміз сөз етіп отырған салаға байланысты кейбіреулеріне ғана тоқталмақпыз.

Мысалы, қазақ тіліндегі *-шы, -ші* жұрнағы негізінен мамандық, кәсіп иесі дегенді білдіреді. Бұрын *малшы, жалшы, әнші, күйші* сияқты зат есімдер тудырса, өткен ғасырдың 30-жылдары бұл жұрнақтың қолданылу ауқымы кеңіп, *кітапханашы, тілші, еңбекші, бақылаушы, нұсқаушы* тәрізді жаңа сөздер туғызды. Тіпті кірме сөздерге де жалғанатын (*колхозшы, тракторшы* т.б.) болды. Бұл жұрнақпен синонимдес парсы тілінен енген *-гер, -кер* жұрнағының



да қолданылу аясы кеңіп *қаламгер, қызметкер, дәріскер, әдіскер* сияқты жаңа сөздердің пайда болуына негіз болды. Дегенмен бұл кірме жұрнақ болғандықтан, қолданылу аясы, жалғану мүмкіндігі қазақтың өз төл жұрнағы **-шы, -ші**-дей емес, әлдеқайда төмен. Бұл жұрнақтарды ретімен қолданбау термин жасауда үлкен қателікке алып келетін кездері де болады. Мысалы, 30-жылдары «врач» сөзі «дәрігер» болып аударылды да сол бойы сіңісіп кетті. Қазір медицина ғылымы дамып «фармацевт» деген сөз пайда болған кезде оған енді балама таба алмай жүрміз. Шындығында *фармацевт – дәрігер, врач – емші* болуы керек еді. Енді қолданысқа әбден еніп кеткен бұл сөзді өзгерту мүмкін емес.

-лы, (-лі, -ды, -ді, -ты, -ті), -лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік), –ғы (-гі, –қы, -кі) сияқты сын есім тудырушы жұрнақтарды ретімен пайдалан білген жөн. Медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуына зор еңбек сіңіріп жүрген профессор Ә.Нұрмұхамбетұлы бұл жұрнақтарды өте орынды қолданып жүр (*вредная доза – зиянды доза (мөлшер); ежедневная – күнделікті; лечебная – емдік; оптимальная – оңтайлы; разовая – бір дүркіндік; высшая – ең жоғарғы* т.б.) [10, 209-210]. Бірақ автор «доза» сөзін «доза» деп те қалдырған, сонымен қатар *өлшем, мөлшер, нәумет* деген нұсқаларын да ұсыныпты. Біздіңше, *өлшем, мөлшер, нәумет* деген нұсқалар бұл мағынаны бере алмайтын болса, «доза» сөзін қалдыра беруге де болады. Себебі, «доза» сөзі қазақ тіліндегі үндестік заңына қайшы келмейді және бұл сөзде қазақ тілді адам айта алмайтындай дыбыстар тіркесімі жоқ.

Жаңа сөздер тек түбір сөздерге әртүрлі жұрнақтар жалғану арқылы ғана жасалмайды. Сөз тудырудың өнімді тәсілдерінің бірі – сөздердің бірігуі. Әуел баста анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық, яғни бағыныңқылық-басыңқылық қатынастағы сөз тіркестері айтыла-айтыла ықшамдалып, тұтас бір сөзге айналып, бір ғана сұраққа жауап беретін күрделі сөздерге айналған. Осылайша бірігу арқылы жасалған терминдерге «бұлшық ет» (мышца), «көкет» (диафрагма), «көкбауыр» (селезенка) сияқты сөздерді жатқызуға болады. Қазақ тілінің орфографиялық және медициналық сөздіктерінде «бұлшық ет», «күре тамыр», «көк желке» сөздері бөлек, ал «көкет», «көкбауыр» сөздері бірге жазылып жүр. Міне, бұл мәселелердің де шешімін тапқан жөн.

Қазақ тілін басқа өркениетті елдердің тілімен терезесі тең, ғылым тіліне айландыру үшін, ана тілімізге тән барлық амал-тәсілдерді қолданып, тілдің ішкі мүмкіндігін барынша пайдалау қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Мырзабеков С. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001. – 387 б.
2. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: «Арыс», 2009. – 312 б.
3. Жүнісбек Ә. Қазақ жазуы: Төл дыбыс – төл әліпби. – Астана: 2013. – 87 б.
4. Боқаев Қ. «Орыстың термин жасау үлгісін неге үлгі тұтпаймыз? МТДІ сайты
5. Шарахымбай Б. Қазақжазуының болашағы – латын графикасында немесе басы артықәріптерден арылудыңқажеттілігі туралы. Kazakzaman.kz. сайты
6. Исхан Б.Ж., Зайсанбаев Т.Қ., Аюбай К.Қ. Өзгетілдік қоғамдық-саяси сөздерді латынша жазу жобасы. – Алматы: «Ұлағат», 2013. – 163 б.
7. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай», 2013. – 400 б.
8. Словар иностранных слов. – М.: «Наука», 1982. – 321 с.
9. Оңдасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Мектеп, 1984. – 1-т. – 256 б.
10. Нұрмұхамбетұлы Ә. Орысша-қазақша медициналық (физиологиялық) сөздік. – Алматы: «Эвро», 2007. – 903 б.

*Отарғалиева Ш. А.,
М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік медицина университетінің
оқытушысы*

МЕДИЦИНА ТЕРМИНДЕРІ ҚАЛАЙ АУДАРЫЛЫП ЖҮР?

Медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуы өте күрделі үдеріс екені белгілі. Оның күрделілігі мынадай жайттармен байланысты деп ойлаймыз. Біріншіден, медицина ғылымының өзі тірі ағзаның қызметінің бұзылуын қалпына келтіру деп аталатын күрделі мәселені зерттейді. Осыған сай оның мазмұнын анықтайтын метатілі де оңай бола алмайды. Екіншіден, медицина ғылымының сөздік қорының негізгі бөлігі грек, латын тіліндегі лексикадан тұратын болса, оны қазақ тілінің заңдылықтарына ыңғайлау және оны дәл беретін атау сөз табу оңай емес, себебі медицина мамандарын дайындауда оқу, оқу-әдістемелік құжаттардың басым бөлігі орыс тілінде. Үшіншіден, медицина тілінде тірі ағзадағы түрлі жасушадағы химиялық, биологиялық өзгерістер сол салада арнайы білімі бар тұлғаларға ғана түсінікті болғандықтан, қазақша таңдалған термин сөзді көпшіліктің бірден қабылдауы қиын, - деп жазады «Ана тілі» газеті авторларының бірі.

Қазақтың өз емшілері мен бақсы-балгерлері, тәуіптері болғаны, олардың өзіндік емдеу-сауықтыру тәсілдері қалыптасқаны белгілі. Демек, қазақтың халық емшілері лексикасынан қазіргі медициналық терминдерге балама сөздер мен сөз тіркестерін табуға болады. Медициналық терминдерді мемлекеттік тілде қалыптастыруға атсалысып жүрген зерттеушілер мен ғалымдар бар. Біз өз мақаламызда осы ақпарат айналысында жүрген кейбір көзқарастар мен пікірлерге тоқталмақшымыз. Ондағы мақсатымыз – медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуының қазіргі деңгейіне деген қоғамдық көзқарасты, ғылыми тұжырымдарды жинақтау, талдау. Жарияланған ғылыми зерттеулерде медицина бағытындағы терминдердің тақырыптық топтары төмендегідей сипатта беріліп жүр: 1) ауру атаулары, 2) аурудың себептері не этиологиясы, 3) аурудың белгілері, 4) анатомиялық терминдер, 5) емдеу әдістері мен үдерісі, 6) заттек атаулары, 7) дәрілік атаулар. Бұл топтардың ішінде 1,5,7-топтардың лексикалық бірліктері, терминдері, 2,3,7- топтағы терминдік атауларға қарағанда молынан

кездеседі. Бұл медицина саласындағы ғылыми ізденістердің жаңашылдығына, емдеу мен ауруды анықтау әдістері мен жолдарының, жаңа құрал-жабдықтарының пайда болып қолданысқа енуіне тікелей байланысты. Қазақ тіліндегі еңбектерде осылардың қатарынан ауру атауларына қатысты терминдердің қалыптасуы көбірек сөз болып жүргендігі байқалады.

Медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуын сөз еткенде, назар аударатын тағы бір мәселе – әдеби тіл нормасынан ауытқудың болуы. Тілдің өзіне тән заңдылықтары мен жалпы ұстанымдарын сақтай отырып, медицина терминін жасауда тілдің кей деңгейлерінде нормадан ауытқу ұшырасады. Бұл кезде терминологияның өзі жалпы әдеби тілдің дамуына белгілі бір дәрежеде әсер ететіндігі көрсетіліп жүр.

Бұл, әсіресе, терминологиялық сөзжасамға тән. Бұл салада арнайы терминологиялық нормалар бар, сол арнайы норма бола тұра орфографиялық, орфоэпиялық, акцентуациялық және грамматикалық нормалар жалпы әдеби тілге тән болып келеді. Терминжасамдағы дербес бағыттардың пайда болуы, яғни тек терминологияға тән бағыттардың болуы норманың кәсіби нұсқасы деген түсінікті туғызды. Норманың кәсіби нұсқасында мынаны ескеру керек: әрі ғылыми, яғни кәсіби тілге және әдеби тілге тән жалпы нормаларды назарда ұстау керек.

Норманың кәсіби нұсқасы әдеби тілде жоқ, бірақ арнайы мәнге атау беруді қажет ететін жаңа ұғым пайда болғанда туындайды. Бұл кезде жаңа ұғым әдеби тілдің нормасынан туындамайды, кәсіби мақсаттан, мамандар бағалауымен туады. Мысалы, әдеби тілде көп түбірге ие шұбалаңқы сөздер жоқ, ал терминологияда ол нормаға сай болып табылады: вектор-электрокардиоскоп, ультрасоноутахокардиоскоп. Бұларға сондай-ақ әр түрлі символдармен тіркескен, қысқартулармен біріктірілген қолданыстар жатады. Атап айтқанда, П-мезондық-образдық, ӨЖЖ ИВЛ аппараты (жасанды тыныс алдыру аппараты) М-типті прибор (магнетронноготиіпті прибор). Осылайша терминологияда тілдің жалпы әдеби тілдегі сөзжасам жүйесінде көріне алмайтын мүмкіндігі ашылады. Медицина лексикасын оқыту мәселесін қозғаған К.Аяпбергенова қазақ медицинасының қалыптасуы мен оның тілінің қазақша қалыптасуына ықпал еткен, негіз болған зерттеулер мен олардың авторларын жинақтап көрсеткен. К.Аяпбергенованың жазуына қарағанда, өзінің қалыптасуы мен даму ерекшелігіне қарай



қазақ медицина терминдік лексикасының тарихы өте ертеден басталған. Бұған дәлел – бұдан бес ғасыр бұрын өмір сүрген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының өз тәжірибесінен 1467 жылы медицина туралы жазған «Шипагерлік баян» атты еңбегі. Қазақстанда тарих пен ғылыми медицинаның революцияға дейінгі кезеңі туралы материалдарды «Түркістан уәлаятының газеті» (1870-1883), «Дала уәлаятының газеті» (1888-1902), «Қазақ» газеті (1913-1918), «Айқап» (1911-1915) журналы сияқты мерзімді баспасөз беттерінен де кездестіруге болады. Сол кездегі оқу-ағарту мәселесімен бірге, халықтың денсаулығы туралы да көптеген жұмыстарды қолға алуда Ж.Аймауытов пен М.Жұмабаев еңбектерінің орны ерекше болғаны сөзсіз. Ж.Аймауытов «Психология» атты еңбегінде ұлттық ғылыми психологиялық терминдерді бір ізге түсіріп, жалпы терминдер қорына енгізген. Республикада денсаулық сақтау ісі мен медицина ғылымының қарқынды дамуы соғыстан кейінгі жылдарда ерекшеленеді. Сол жылдары медицина ғылымының дамуына атақты ғалымдар А.Сызғанов, Х.Барлыбаев, И.Қаракұлов, С.Қарынбаев елеулі еңбек сіңірді. 1950 жылдары дәрігер-ғалымдар Г.Тарабаева, С.Омаров «Медицина ғылымының терминдері» атты сөздікте 978 медициналық терминді қамтыған. 1960-1970 жылдары анатомия терминологиясын лингвистика жағынан арнайы зерттеген диссертациялық еңбектер пайда бола бастады.

Медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуына пікір білдірген ғалымдардың ішінде біздің назарымызды аударған – Т.Зайсанбаевтың пайымдаулары. Ол өзінің мақаласында медицина ғылымында қолданылып жүрген терминдер мен терминдік тіркестердегі кемшіліктерді, оның себептерін былайша топтастырып береді:

1) халықаралық терминдердің қазақ тілінің заңдылығына сай дыбысталмауы, мақала авторының өз сөзімен келтірсек: «... Көптеген медициналық терминдердің арғы төркіні латын, грек тілдері екені белгілі. Бірақ бұлар қазақ тіліне орыс тілінің жазылу, айтылу үлгісімен енгендіктен, қазақ тілінде білім алған адамға бұлардың жазылуы да, айтылуы да айтарлықтай қиындық келтіреді, себебі Кеңес өкіметі кезінде жасалған әліпбиімізде қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігі мүлде ескерілмеген. Кеңес өкіметінің мұндай ұстанымды ұсынуындағы басты мақсаты – орыстандыру саясаты болғанын аңғармайтынымыз өкінішті. Ол үшін тілдің дыбыстық құрылымын бұзу керек болды. Тілдің дыбыстық құрылымы оны сыртқы әсерлер-

ден қорғайтын «иммунитеті» екенін, «иммунитетінен» айырылған тілдің үстем тілдің илеуіне оңай көнетінін сұңғыла саясаткерлер жақсы білген және өздерінің қитұрқы әрекеттерін байқатпау үшін басқа тілдерден орыс тіліне енген терминдерді «халықаралық терминдер» деп атап, «халықаралық терминдерді аударуға болмайды» деген ереже де шығарып қойған. Осы ережеге басы айналып қалған ғалымдарымыз «халықаралық терминдер» деп жүрген сөздеріміздің орыс тілінің заңдылығымен дыбысталып тұрғанына, тура осы сөздердің дүниежүзінің барлық тілдерінде сол тілдердің заңдылықтарымен дыбысталадынына мән бермейді. Барлық тілдерде фонетикалық заңдылық бар да, тек қазақ тілінде ғана заңдылық жоқ сияқты...»;

2) қазақша медициналық мәтіндерде кездесетін тағы бір кемшілік – кейбір сөз тіркестерінің орыс тілінің үлгісінде құрылуы;

3) дене мүшелеріне қатысты кейбір атаулардың әр тілде әрқалай айтылатынын жақсы білмеуден туындайтын қателіктер. Әрине, бұл пікір жалпы дұрыс. Дегенмен, құрамында латын, грек элементтері бар медицина терминдерінің барлығы бірдей қазақша дыбыстауға көне бермейтінін де ескеру керек деп есептейміз. Мысалы, гипоксия, гипертензия терминдерін қалай қазақша дыбыстау керек, осы сөздің құрамындағы «и» әрпінің дыбысталуы қазақ тілінің заңдылығына сай екі түрлі дыбыстала алады:

а) «и» [ый], қазақ тілі фонетика оқулықтарында бұл мына сөздердің құрамында келеді, тиын [тыйын], қиын [қыйын];

ә) «и» [ій], мысалы тиін [тійін], киін [кійін].

Оның үстіне қазақ тілінде к, г тек жіңішке дауысты дыбыстармен (көз, гүл), қ,ғ жуан дауысты дыбыстармен (қас, қағаз) келеді. Осы ережелерге сүйенсек, жоғарыдағы терминдер құрамында келетін осы дыбыстардың қайсысының таңбасы дұрыс? [гійпөгсійә] ма, [ғыйпоқсыйа] ма? Бұл қиындықтарды болдырмаудың бірден-бір жолы, біздіңше, оларға дәл аударма табу не сол күйінде пайдалану. Халықаралық терминдер қатарына саналу үшін, біріншіден, ол сөздің құрамында грек, латын элементтері болуы керек, екіншіден, ол сөздер не сөз тіркестері өзгеріссіз кем дегенде үш тілде жұмсалуды керек, сол кезде ғана оны осы санатқа қосамыз. Мұндай терминдер тілді тұтынушылардың түрлі тілде сөйлейтіндігіне тәуелсіз, сол ортақ терминдер себебімен бір-бірінің не туралы айтып отырғанын ұғуға мүмкіндік алады. Бұл тілдің кәсіби салада кеңінен қолданылуына аз болса да септігін тигізеді. Ал барлық терминдерді аударуға ұмтылу



бір кездері қазақ тілі тарихында болған пуризм бағытына апарып соғуы мүмкін.

Жалпы медицина терминдерінің қазақшалануына қатысты қоғамдық пікір оң деуге болады.

Қазір дәрігерге қаралу барысында құжаттардың қазақ тілінде толтырыла бастауы, дәрі-дәрмектерді пайдалануға берілетін нұсқаулықтардың қазақ тілінде жазылуы мен оқылуы медицина саласында қазақ тілінің қолданылу аясының кеңігенін көрсетеді. Медицина терминдерінің қалыптасуында терминжасамның барлық тәсілдері қолданылады. Дегенмен, жалпыхалықтық тілдің сөздің құрамында көпмағыналылық, синонимдес атаулар көп, олар термин таңдауда өз ықпалын тигізіп отырады. Мысалы, туберкулез атауының қазақ тіліндегі баламасы, жалпыхалықтық тілде көкірек ауру, құрт ауру, көксау, өкпе ауруы, көкірек бұзылуы, көкірек құрты болса, радикулит – бел ауруы, кұян, шойырылма, зуд – ашу, қышыма, қышып дуылдау, т.б.

Осы мысалдың өзі қазақ тілінің сөздік қоры медицина тілін қазақшалауға толық мүмкіндік бере алатындығын көрсетеді. Тек оны өз мағынасында, ғылыми мәнге ие болатындай мүмкіндік беретін тілдік ортаға бейімдеу керек. Термин ретінде бекітіп, қолданысқа енгізу керек. Қорыға айтқанда, медицинадағы қазақ тілінің бай сөздік қорынан керек сөздерді тауып, оларды ғылыми айналымға енгізу – бүгінгі уақыттың қажеттілігі болып отыр.

*Аманжолов М.К.,**«Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси
журналының тілшісі*

БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР ҚАТАРЫНДАҒЫ ТӨЛ СӨЗДЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ ТУРАЛЫ

Соңғы жылдары ұлттық ойсана мен ұлт тілі туралы көзқарас, оларға деген қарым-қатынас түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Осыған байланысты тіл біліміндегі зерттеу бағыттары да тың арналарға қарай ойысты: әсіресе қолданбалы тіл білімі саласында қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесін барынша биік сатыға көтеру мүддесінде қазақ тілінің терминжасам жүйесіне қатысты маңызды жұмыстар қолға алына бастады. Бұл ретте республикада тіл саясаты мен стратегиясына арналған нормативтік құжаттарда көрсетілетін ізгі талаптарды атап өтпеуге болмайды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 21 ақпандағы № 550 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» қазақ тілінің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мақсатында жүзеге асырылатын міндеттер қатарында «қазіргі қазақ әдеби тілінің сөзжасам процестерін, оның ішінде терминжасам принциптерін ғылыми негізде жүйеге келтіру, қазақ тілінің толыққанды терминологиялық жүйесін енгізу» [58, 85-б.], бұл үшін тілдің лексикалық және семантикалық тынысының мүмкіндіктерін кеңейту қажеттігі баса көрсетілді. Сөйтіп, қазіргі тіл стратегиясы мен тілдің корпусты жоспарлануына сәйкес терминологиялық сөздіктерді шығару, оларда ғылыми және мәдени болмысқа қатысты терминдерді қамту қарқынды сипатқа ие болды. Соңғы онжылдық көлемінде әрлуан салаларға қатысты жекелеген авторлар тарапынан жасалған шағын екітілді, түсіндірме сөздіктерді атамағанның өзінде, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен 31 томдық салалық терминологиялық сөздіктер (еңбектің алғы сөзінде «ғылым, мәдениет және экономика салаларының негізгі терминдерін қамтитын сөздіктер сериалы» деп аталады) жарық көрді [88], Мемтерминкомде сарапталып, бекітілген терминдер де жарияланды [89].

Жалпы алғанда, қазақ әдеби тілінің терминдік жүйесін қалыптастыру жұмыстары қолға алынған кезден бастап-ақ айқын байқалған бір жайт – түп негізі роман-герман, латын, грек және т.б. тілдері болып



саналатын, қазақ тілтанымында дәстүрлі түрде «орыс тілінен енген сөздер» деп аталатын өзгетілдік элементтер үшін қазіргі қазақ әдеби тілінің айналымында сирек қолданылатын, көнерген сөздер, жергілікті тіл ерекшеліктері қатарынан алынған саналуан сөздердің ұсынылуы. Бұл, әрине, бүгінгі таңда да жалғасын тауып келе жатқан оң құбылыстардың бірі. Тіл қорында бар, алайда белгілі бір кезендерде қолданыстан сыртқары қалған, мағынасы терең, төл қазақ сөздерінің терминдік айналымға сәтті түсуі – қазақ тілінің ұлт тілі ретіндегі бекемдігін, өміршендігін, тамыры тереңде екендігін дәлелдейтін фактор. Төл тілдік әлеуеттің осындай мүмкіндіктеріне иек арту жоғарыда аталған, Мемтерминком бекіткен терминдер тізбесінде де байқалады. Әдетте, осындай алқалы орган бекіткен сөздер мен сөз орамдары заң күшіне ие, олардың қолданылуы (бұрын бірнеше вариантта жұмсалып келгендерді, екіұдай мағына болғандарды ығыстырып) міндетті болып саналады. Алайда тілдің қолданымға түсу тәжірибесіне зер салсақ, бекітіліп ұсынылған аталымдардың бір тобының коммуникативтік актіге түспейтіндігін байқауға болады. Оның сырттай бақылағанда аңғарылатын бірнеше себептері бар: қазақ тілін ресми-іскери қарым-қатынаста пайдаланушылар лексикографиялық еңбектердің мәліметтерін басшылыққа алуға назар салмайды; өзінің терминдерге қатысты бар білімімен шектеледі және, ең бастысы – екітілді терминологиялық сөздіктермен таныс болғанның өзінде де оларда берілген төл тілдік сөздердің (көнерген сөздер, белгілі бір аймаққа тән сөздер және т.б.) мағынасын түсінбегендіктен, өзінің коммуникативтік сөйлеу актісінде жоқ болғандықтан, бұған дейінгі жинақтаған білім-ақпаратының қорында бұндай типтес сөздер мүлдем кездеспейтіндіктен, пайдаланудан қашқақтайды (тіпті бас тартады), олардың орнына орыс тіліндегі баламаларын немесе калька арқылы жасалған (бұлар құрылымы мен формалды мазмұны жағынан ұғынықтырақ) нұсқаларды жұмсауға бейім тұрады. Демек, қазақ әдеби тілінің терминдік жүйесін қалыптастыру процесінде тілдің сөздік қорының күллі мүмкіндіктерін толық игеру ізгі бағыт дегенді қайталап айта отырып, біз терминдердің толыққанды айналымға түсуі үшін ұсынылатын терминнің семантикасының қандайлық екендігін (термин ретінде ұсынбастан бұрын) барынша ескеру қажет деп есептейміз.

Бұл ретте алдымен лексикографиялық еңбектерде берілетін семантикалық анықтамаға (семантикалық анықтама – сөздің лексикалық мағынасын түсіндіру дегенді білдіреді) тоқталу қажет болады. Сөздің лексикалық мағынасы – тілдік бірліктің мағыналық құрылы-

мын ашады, оның барлық семантикалық компоненттерін көрсетеді, тілді пайдаланатын ұлттың, халықтың ұзақ тарих бойында жинақтаған тәжірибесінен мағлұмат береді, сөздің мағынасынан терең ақпаратты жеткізеді, сөйтіп, оны дұрыс қолдануға жол ашады. Қазақ тілтанымындағы лексикографиялық еңбектерде лексикалық мағынаны түсіндірудің бірнеше функционалдық типтері қалыптасқан; олар, біздің байқауымызша, төмендегілер:

сөзді тіркеу (яғни сөзді қолдану мен түсінудің констатациясы), нормативтік түсіндіру, формалды және мазмұны жағынан түсіндіру, аударма арқылы түсіндіру.

Ал сөздің семантикалық анықтамасын жеткізудің тәсілдеріне келсек, онда мыналарды көрсетуге болады: синонимдік қатарлары арқылы; санамалау арқылы; сипаттау арқылы; түрлік атаулардың тектік атауларын немесе, керісінше, тектік атаулардың түрлік топтарын нақтылау арқылы; антонимдеріне нұсқау арқылы.

Бұл жайттар екітілді нормативтік терминологиялық сөздіктер жасау барысында аса маңызды болып саналады.

Жоғарыда аталған 31 томдық екітілді терминологиялық сөздіктер кешенінің арасынан біз «Әскери іс» саласы бойынша (12-том) сөздіктің материалдарын мұқият қарап шықтық. Құрастырушылардың көрсетуі бойынша 5000-нан астам термин қамтылған еңбекте төл тілде байырғыдан бар сөздерге терминдік мағына үстеу жолымен жасалғандардың саны біршама; олар біздің санамалауымыз бойынша шамамен 1000-нан асады.

Әрине, терминологиялық екітілді сөздіктің міндеті мен ұстанымдары түсіндірме сөздіктен өзгеше; бұнда егжей-тегжейлі түсіндіру, стильдік немесе басқадай да бір сипаттама беру мүддесі жоқ. Бұл сөздікте көнерген сөздер, сирек қолданылатын сөздер, жергілікті тіл ерекшеліктері қатарынан алынып, термин ретінде ұсынылғандардың бірқатарының мағынасын аудармасы арқылы, сондай-ақ синонимдік сыңарлары арқылы қабылдап түсінуге болады.

Алдымен «Әскери іс» саласы бойынша терминдер жиынтығына назар аударғанымыздың себептерін түсіндіре кетелік:

Біріншіден, бұл саладағы күнделікті ресми-іскери қарым-қатынас ұзақ жылдар бойы орыс тілінде жүргізілгені белгілі. Сондықтан, екіншіден, «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» елдің Қарулы Күштеріндегі қазақ тілінің қолданылу жағдайының бәсеңдігі аталып, оны жолға қоюдың бағыттары ұсынылады. Үшіншіден, қазақ тілінің тарихы тіл

қорында әскери іске қатысты саналуан сөздер болғандығын дәлелдейді. Мысалы, ғалым Р.Сыздық сәкетер (қылыш деген мағынада), салар, аға, адырна, азамат, айбалта, дулыға, ереуіл, жебе, барымта типтес басқа да көптеген сөздердің ежелгі жырларда, XV-XIX ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармаларында кездесетіндігін нақты мысалдармен дәлелдеген [71].

Міне, осы себептерге байланысты сөздікті құрастырушылар әскери-жауынгерлік салаға қатысты байырғы сөздердің бір тобын қамтуға ұмтылыс жасаған.

Алдымен «Әскери іс» саласы бойынша сөздіктегі калька жолымен жасалған аталымдарға тоқталалық. Еңбекте саптық жарғыға қатысты терминдердің қазақша баламасын беруде түпнұсқа тілдегі формалды-мағыналық құрылым толық сақталған: Алға (орыс тілінде – Вперед); Артқа бұрыл (Кру-гом); Артқа бұрыл да-Бас (Кругом-Марш); Ретпен-Санал (По порядку-Рассчитайся); Сапқа тұр (Становись); Ту астына, Тік тұр (Под знамя, смирно); Иык-қа (На пле-чо); Оң-ға Түзел (Равнение На-право) және т.б. дегендердің ұсынылуында орыс тіліндегі сөздің абсолютті сәйкестігін таңдап алумен қатар, олардың сыртқы формалды құрылымы да (тыныс белгісі, бас әріптермен таңбалануы) тұтастай «көшірілген». Терминдердің құрамдас бөліктерін өзгертпей алуға әсер еткен экстралингвистикалық факторлардың бастысы – әскери-жауынгерлік саланың қызметін реттейтін саптық жарғы атаулары ықшам, айтылуында екпін түсетіндей, дауыс көтеріңкілігі, императив анық байқалатындай болуы қажет.

Жалпы алғанда, сөздікте аударма тәсілдері арқылы сәтті жасалған терминдер легі бір алуан. Бұнда лексикалық, семантикалық, сөзжасамдық және синтаксистік калька амалын сүйеніш еткен жайттар жиі ұшырасады (ауытқушылық – аномалия; атаулы тізім – именной список; атыс кезегі). Сонымен қатар, жоғарыда айтқанымыздай, қазақ тілінің өз сөздік қорында бұрыннан бар, әскери іс саласына топтасатын аталымдар да Сөздіктен көрініс тапқан; олардың бір легі ретінде төмендегілерді атауға болады: айдауыл (конвой), алғыншы (авангард), алтыатар, берен; дулыға; нысана; жортуыл; әскери әлеует; әскери нөкер (эскорт); карауыл; ершік (седловина); жедел ақпар (депеша); оқшантай; кіреуке (кольчуга); сауыт (кольчуга); зеңбірек; шүріппе; торуыл (засада); құндақ (цевье); сарбаз; қолбасшы; тапанша (пистолет); ұңғы (дуло, ствол); қалқан; сап; лек; семсер; зеңбірек; шеп; шолғын (дозор) және т.б.

Сөздікке енгізілген терминдердің тағы бір тобы үшін төл сөз-

дердің мағыналарындағы қандайда бір семантикалық компоненттердің ренктерін пайдалану арқылы терминдік мағына үстеу тән. Бұндай жағдайда еңбекте терминдік мағына үстемеленген сөздің тағы бір синонимі немесе орыс тіліндегі нақты ұғымдық мәнге ие баламасы қоса көрсетіледі: бұл – сөздің анықтамасын нақтылау үшін қолданылатын санамалау, сондай-ақ синонимдерін тіркеу тәсілі. Айталық, бақылау, байқау (надзор); белдік, бау; дәреже, ранг (ранг); жарак, жабдық (принадлежность); жол көрсетуші, өткізгіш (проводник); кеудеалқа, аксельбант (аксельбант); қарауыл, күзет (караул); нобай, макет (макет); қолдау, сүйемелдеу (поддержка); пәрмен, команда (команда); рұқсатнама, виза (виза); сауыттау, сақтау (забронировать); тұрақтану, негізделу, орналасу (базирование); түр, пішін, нысан (форма); түйін, торап (узел); траектория, оқ ізі (траектория); шынжыр, тізбек (цепь); ілгек, жағабелгі (петлица); ілгек бақан, багор (багор). Терминдердің бұлайша берілуінің бірнеше объективті себептері бар деп есептейміз. Біріншіден, Сөздікте кейбір жағдайда синонимдерінің қатар берілуі және олардың сандармен ресімделуі түсінікті; мыс., 1. белдік, 2. бау ретінде ұсынылу амалын осы екі сөз ұғымдық көлемі әр басқа екі терминдік ұғым ретінде жұмсалады деп қабылданады. Бір ұғым үшін бірі қазақ тіліндегі, екіншісі орыс тіліндегі баламасының ілестірілуі (мыс., нобай, макет; рұқсатнама, виза), сондай-ақ бірнеше синонимдердің көрініс табуы (мыс., тұрақтану, негізделу, орналасу – дислокация деген мағынада) олардың қай-қайсысын да жанр түрлерінде, мәтіндерде қолдануға болады дегенді білдіреді. Дегенмен біз бұл арада терминді қалыптастырудың негізгі қағидаларына, терминдік жүйенің нормалық ұстанымдарына сүйене отырып, нақты бір ұғым үшін терминнің ұғымдық көлеміне толық сәйкес келетін, оны аша алатын бір ғана баламаның ұсынылуы қазақ терминжасамының қалыптасуы мен жетілуіне игі ықпал жасайтындығын, сонда ғана бекітілген терминнің қолданысқа түсу мүмкіндігі артатындығын атап өтеміз.

Өзгетілдік ұғымдардың қазақша баламасының қолданысқа ену мүмкіндігіне барынша ықпал жасайтын жайттардың тағы бірі және ең маңыздысы – термин үшін іріктеліп алынған қазақ тілі сөзінің семантикасын терең ескеру. Нақты бір тілдік бірліктің негізгі және қосалқы мағыналары, стильдік ренктері, басқа сөздермен тіркесім жасай алатын қабілеттері толық назарға алынған жағдайда терминдік мағына иеленген сөз тіл айналымына қосыла алады, ол алдымен жазба мәтіндерде жұмсалып, қолданыс жиілігі арта түскен сайын узуал нормалық тұлғаға айналып, кейінірек ресми-іскери тілдік қарым-қа-



тынастың ауызша түрінде де игеріле бастайды. Қазақ әдеби тілінің лексикалық қорына соңғы жылдары қосылған жаңа қолданыстардың қалыптасу тарихына осындай сипат тән.

Әскери іс саласына қатысты аталымдардың қайсыбіріне лексикографиялық еңбектерде нұсқалатын семантикалық анықтамасы арқылы талдау жасап көрелік.

Семантикалық анықтаманың мақсаты – жаңа ұғым үшін игерілетін сөздің ұғымдық көлемі мен мазмұнын жалпыға таныс, түсінікті сөздер арқылы жеткізу. Бұл тұрғыдан қарағанда, әрине, семантикалық анықтама кез келген сөздің, терминнің лексикалық мағынасына, оның ішкі семантикалық құрылымына тұспа-тұс келеді. Дей тұрсақ та сөз мағыналарының семантикалық анықтамасында адам, ұжым танып-білген ақиқат дүниенің құбылыстары жинақталады. Семантикалық анықтама шоғырландыратын объективті мағыналық ақпарат алдымен адам санасында ұғым, түсінік, идея, белгілі бір заттың, құбылыстың ойда жасалған сызбасы, суреті түрінде қалыптасады. Айталық, Сөздікте кеудебелгі (нагрудный знак) деген термин бар; осы аталыммен танысқан адам (бұл арада, сөз жоқ, нағыз тіл иесі (носител ь языка дегенге балама ретінде алып отырмыз? Орыс тілінде бұл термин өз ана тілін жетік білетін, ана тілін кезкелген жағдаятта, ауызша және жазбаша түрде, әдеби нормаларға сәйкес, еркін жұмсай алатын Адам деген сөз – А.А.)) кеуде және белгі деген сөздерге қатысты сананың ақпараттық қорындағы мәліметтерді дереу еске түсіре алады, одан әрі нормативтік, энциклопедиялық лексикографиялық еңбектерде берілген анықтамаларға сүйеніп, өз білімін нақтылай түседі. Осы қатарға әмір (команда), әміртыйым (вето), бомбапана (бомбоубежище) деген сөздерді жатқызуға болады. Алдыңғы екі термин мағынасының нақты екендігін, терминдік мағынаға сәйкес келе алатындығын, мәселен, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген анықтама бекіте түседі: әміртыйым. Әмір-бұйрық, жарлық, үкім [90, II, 452-б.]; тыйым-тежеу, тоқтам [90, IX, 359-б.].

Сөздіктен бұлғақ деген терминді кездестіреміз. Ол орыс тіліндегі шатун дегеннің қазақша баламасы ретінде Мемтерминком тарапынан бекітілген (орыс тіліндегі референциалды мағынасы – деталь машины, механизма, соединяющая поршень с валом двигателя и служащая для передачи движения во время работы) [91, СРЯ, IV, С.704]. Қазақ тілі бойынша лексикографиялық еңбектер жоғарыда аталған мағынаны көрсетпейді, бір ғана санамалау, констатациялау тәсілімен берілген түсініктемемен шектеледі: Бұлғақ. Бұлғақ – бұлғаң – бұлғаң

етушілік, теңселушілік [90, II, 519-б.]. Бұл ретте нағыз тіл иесі берілген сөздің мағынасын түсінуде, оны термин ретінде шапшаң қабылдауда біршама кібіртіктейді (жазба мәтінде, сөйлеу актісінде орысша баламасын пайдалануға бейім болатындығының бір себебі осы). Нағыз тіл иесінің санасында көркем мәтіндегі коннотацияға ие қолданыстар (мыс., бойы бұлғаң...), сондай-ақ осы сөздің орыс тіліндегі ауыс мағынасы (тот, кто любит шататься) туралы ақпараты болғанда ғана қазақша баламаның ұғымдық көлемі жағынан сәйкестігі//сәйкессіздігі туралы пікір қалыптастыра алады (орыс тіліндегі затты атау үшін (машинаның тетігін) де шатун деген сөздің қосымша коннотациясы алынған).

Сөз тудырушы қосымшалар арқылы жасалған қазақ тілі терминдері де назар аудартады. Бір қарағанда, бұл топтағы терминдердің ұғымдық көлемі айқын, анық деп есептеуге болады. Дегенмен бұл арада да сөздер мен қосымшалардың мағыналары мен анықтамаларын нақтылай түсудің қажеттігі туады.

Берілген терминдердің бірі – шолғын; екіншісі – шолғыншы. Түбірі мен қосымшаларының нақтылығы арқылы (шолу – байқау, байқау; - ғын және -шы – зат есім тудырушы жұрнақтар) терминдік мағынаны қабылдауға болады, алайда өзге тілдегі терминдік ұғымның семантикалық анықтамасын талдау арқылы мыналарды аңғарамыз:

Сөздіктің көрсетуі бойынша, шолғын – дозор, шолғыншы – дозорный. Ал орыс тілінде дозор екі түрлі семантикалық анықтамамен түсіндіріледі: 1. устар. обход для осмотра. 2. небольшой отряд, высланный для охранения и разведки [91, СРЯ, IV, С.418].

Көріп отырғанымыздай, шолғын – дозор дегендердің негізгі терминдік ұғымдық көлемі субъектіге қатысты; ал шолғыншы – дозорный – предназначенный для дозора; сторожевой (Сонда). Түпнұсқа тілдегі терминнің анықтамасын егжей-тегжейлі келтіріп отырғанымыздың себебі – түбір сөз бен туынды сөздің терминдік ұғымының нақты еместігі.

Сөз тудырушы қосымша арқылы жасалған, ал түбіріне терминдік мағына үстемеленген әскери терминдердің тағы бір тобының да семантикалық анықтамасын айтуға тура келеді. Сөздікте -уыш қосымшасы арқылы жасалған бірнеше аталым бар. Бұл қосымша құрал-сайман атауын жасайтын жұрнақтар қатарына енеді [92, 129-б.]. Дәлел ретінде төмендегідей мысалдарды келтіруге болады: есептеуіш, санауыш, қырнауыш, су себелеуіш және т.б.



Осыған байланысты Сөздікте берілген айдауыш – досылатель терминінің ұғымдық көлемі сәйкес келмейді деп танымыз; өйткені түпнұсқа тілдегі досылатель термині субъектіге қатысты (дослать – выслать, послать дополнительно; продвинуть до определенного места (снаряд; патрон) [91, СРЯ, IV, С.435]. Осыдан барып адамның мамандығын белгілейтін атау жасалған (досылатель). Ал қазақ тіліндегі балама жабдық атауларының мағынасын беретін қосымша арқылы жасалғандықтан, ұғымдық көлемі жағынан сәйкессіздік танытып, тіл қолданысында орын тебу қабілеті төмендейді.

Семантикалық анықтамасын бірден түсіну қиындық тудыратын аталғандар типтес терминдердің қолданысқа түсіп, термин ретінде қалыптасуының бірнеше мүмкіндіктері бар: біріншіден, бұндай сөздер мағынасы ұғынықты болмаса да, формалды құрылым ретінде танылып, жазу практикасында қолданыс жиілігі артып, формалды таңба ретінде қалыптасуы, сөйтіп, терминдік жүйеде орныға алады (салыстырыңыз: қазақ тілінің лексикалық құрамына бұдан оншақты жыл бұрын енген, араб-парсы тілдеріндегі басты түсініктемесі мәтін – жазу болып саналатын мәтін деген сөз тіл иелеріне алғашында түсініксіз болып, әрі осы сөздің тіркесімділік, сөзжасамдық қабілеті төмен деген көп уәж айтылғанына қарамастан тіл практикасында орнықты). Екіншіден, бұндай сөздер заң құжаттары арқылы бекітілуі де мүмкін. Біздің ойларымызға тағы бір мысал өзек бола алады. Сөз тудырушы қосымша арқылы жасалған терминдердің тағы бірі – сазген – фанфарист. Қазақ тіліндегі сөз лексикографиялық еңбектерде ұшыраспайды, өйткені сазген – бұдан жарты ғасырдай уақыт бұрын жетіген сөзінің үлгісімен жасалған жаңа сөздердің бірі болды; бұл аспаптың, жабдықтың аты емес, абстрактілі ұғым (саз+ген); ал фанфарист – трубач, играющий на фанфаре – на духовом музыкальном инструменте [91, СРЯ, IV, С.553]. Ғылыми-көпшілік стильдің нормаларымен түсіндіргенде, сазген деген сөз естілгенде, оқылғанда, нағыз тіл иесінің санасында саз аспабының түрі немесе оны меңгерген адам емес, керісінше, ұлттық музыкаға қатысты абстрактілі ұғым елес береді.

Әскери іс саласына байланысты терминдер корпусының жасалу жолдары, нормаға қатысы, әсіресе олардың семантикалық анықтамаларының түпнұсқа тілдегі негізгі ұғымға тұспа-тұс келуі жөнінде талдау жасау арқылы төмендегілер тұжырымдалады:

- екітілді терминологиялық сөздіктерде балама ретінде ұсынылған сөздің түсіндірмесін, лексикалық сипаттамасын беру міндеті

көзделмейді;

- дегенмен қазіргі қазақ әдеби тілінің терминдік жүйесін оңтайлы қалыптастыру және жетілдіру үшін тиімді тәсілдердің бірі – төл сөздің ішкі мағыналық мүмкіндіктерін игеру процесінде балама ретінде ұсынылатын тілдік бірліктің референциалды мағынасымен қатар басқа да күллі қосымша мағыналарын, кей жағдайда тіпті коннотацияға ие реңктерін ескеріп отыруға тура келеді. Өйткені типологиялық құрылымы әр басқа тілдердің арасында сөз, тұрақты тіркес, яки морфема сияқты тілдік бірліктердің референциалды мағыналары толық сәйкес келетін тілдер кездеспейді. Әрине, қазақ және орыс тілдерінің арасындағы ғасырлар бойғы, тіпті бірқатар онжылдықтарда барынша қарқынды болған байланыс, халықтар арасындағы тығыз тілдік контактіні айқындайтын тілдік жағдаяттың ықпалынан қазақ тілінде орыс тіліндегі единицаларға толық сәйкес бола алатын тілдік бірліктер қалыптасты (мыс., сөз тудырушы қосымшалардың өнімділігінің артуы; сөзбе-сөз аудару арқылы жасалған күрделі тұлғалар). Дегенмен бірқатар сөздердің екі тілдегі референциалды мағыналары сөздіктерде дәлме-дәл келгенімен, тіл қолданысқа түскенде, мазмұн межесімен (план выражения) салыстырғанда, сөздер семантикалық реңктері, топтасуы, басқа тілдік бірліктермен тіркесуі арқылы жаңа мағына тудыруы жағынан алшақтап кетеді. Осы себепті қандай да бір қазақ сөзін термин ретінде ұсыну ісінде оның семантикалық анықтамасының барлық қыры толық ескерілуі қажет деп саналады.

- Мемтерминком бекітіп, лексикографиялық басылымдар арқылы ұсынылған терминдердің – оның ішінде қазіргі тілдік қауымға бейтаныстау, көнерген сөздер, диалектизмдер, сирек қолданылатын сөздер, этимологиясы көмескіленген сөздер тобынан алынған терминдік атаулардың – барлығы да бірдей семантикалық анықтамасында алшақтықтар болғандықтан, мүлдем қолданысқа ене алмайды деуге де болмас. Әдеби тілдің активті қорында жоқ тілдік бірліктердің термин ретінде қалыптасуына ықпал жасайтын факторлар – олардың тілдік таңба ретінде қолданыс жиілігінің артуы, жазба тіл арқылы қолданылуы қарқындап, ауызша әдеби тілде жұмсала бастауы, эстетикалық ұстанымға сәйкестігі, басқа функционалдық стильдерде (әсіресе баспасөз тілінде) көрініс табуы, басқаша айтқанда, таралу кеңістігінің ұлғаюы және бұл ретте мерзім параметрін де атауға болады (яғни термин біршама мерзім бойында жұмсала келіп, дағдылы нормаға айнала алады).



МУРАТБАЕВА И.С.,

Санкт-Петербург гуманитарлық
университетінің кәсіпшілер одағының
Алматыдағы филиалының доценті, ф.ғ.қ.

ТЕРМИНДЕРДІҢ БЕЙТЕРМИНДЕНУ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

Терминдердің жалпы әдеби тілге өту жолдарының бірі – бейтерминдену үдерісі. Терминдер терминологиялық жүйеде өз орнын жоғалтпайды, терминологиялық сөздікте сол қалпы беріліп отырады. Бейтерминдену дегеніміз ғылыми терминнің жалпы қолданыстағы сөзге ауысуы, яғни терминдердің жиі қолдану барысында мағыналарының кеңеюі, қосымша денотативтік немесе конотативтік мағынаға ие болуы, сол арқылы ғылыми саладан басқа өзіне тән емес контекстерде қолданылуы. Бейтерминделген терминдердің қолдану аясы кең, алайда публицистика мен ауыз-екі сөйлеу саласы басым тұрады, әдебиет саласында бейне жасауда метафоралы қолданылуы жиі кездеседі. Бейтерминделген терминдердің жасалу дерек көздеріне көптеген авторлар медицина, химия, техника саласын жатқызады, алайда осы тақырыптағы материалдарға шолу жасау барысында ғылымның барлық салаларының терминдері транстерминологизация үдерісіне ұшырауы мүмкіндігіне ие бола алатындығына көз жеткіземіз. Сондай-ақ, әртүрлі ғылым саласының терминдері түрлі мақсатта немесе түрлі функцияда қолданылатындығын байқауға болады. Мысалы, лингвистика саласының терминдерінің бейтерминдену үдерісі арқылы қолданылуы қолданушының осы сөзге ерекше назар аударатындығын көреміз, яғни қолданушы тарапынан бейтерминделген термин сөз ақпарат алушыға ерекше әсер қалдыру үшін пайдаланылған. «В паузах между ударами можно было различть скрип камешков *санскрита*, желтую песчаную мелодию *индоевропейских* ветров, нервный колотез настоящего и будущего...». (М.Кучерская. Тетя Мотя).

Бейтерминделген терминдерді қолдану, бір жағынан, аталмыш сөзді қолданушының білімді, сол сала бойынша сауатты болуын талап ететіні сөзсіз, яғни терминнің денотативтік мағынасын білу, терминдік анықтамасынан хабардар болу, коннотативтік мағынасын ажырата алу сияқты талаптарды орындау. Жоғарыда көрсетілген мысалдағы *санскрит*, *индоевропейский* сөздері лингвистика саласы бойынша білімі жоқ адамға түсініксіз болуы әбден мүмкін, себебі бұл терминдерді филология мамандығы бойынша білім алып жүрген

студенттер, осы сала мамандары жиі қолданады. Алайда мектеп қабырғасында білім алған адам көптеген терминдермен таныс, яғни прозалық немесе публицистикалық, ауыз-екі тілде қолданған бейтерминделген сөздің мағынасын еш кедергісіз түсіне алады. «Они всего лишь люди. Бедные люди. Пример *тавтологии*». (М. Степнова. Женщины Лазаря).

Терминдер бейтерминдену процестерінің өту барысында әртүрлі жолдар арқылы әдеби, публицистикалық немесе жалпы ауыз-екі тілге өтуі мүмкін. Зерттеушілердің айтуы бойынша, бейтерминдену үдерісі үш тараптан тұрады. Бірінші жолы терминнің негізгі мағынасын жоғалтпай ғылыми саладан басқа контексте қолданылуы, яғни терминнің денотативтік мағынасының сақталуы және ол номинативтік бірлік ретінде өз қызметін атқарады. «В зависимости от особенностей истории и аудитории он перескакивал с австрийского *диалекта* немецкого на сносный русский». (М.Идов). Орыс тілінде бұл тәсілді *деспециализация* деп атайды. Осы тәсілмен жасалған терминдер көркем әдебиетте қарапайым сөздерді алмастыра отырып, автордың ерекше стилін қалыптастырады, көзқарасын айқындайды.

Бейтерминделген терминдерді зерттеу барысында зерттеушілер осы тәсілмен жасалған терминдердің бірнеше қызметі бар деген пікірге саяды. Бірінші қызметі жоғарыда көрсетілгендей өз мағынасында номинативтік функцияда қолданылуы, яғни терминнің негізгі мағынасы сақтала отырып, қосымша, «жасырынды» мағыналық және стилистикалық мүмкіндіктері кеңейіп іске асырылады.

Екінші қызметі - бағалау қызметі, яғни термин басқа контексте қолдану барысында автордың бағалау тұрғысынан берген пікірін, көзқарасын білдіреді: *территория-компенсация, неопределенно-личное будущее, экономикалық террор* және т.б.

Кез-келген ойды түрлі формада, стилистикалық тұрғыдан әртүрлі сөздермен беруге болатындығы барлығына мәлім, яғни тыңдаушының ойы-санасына, пікіріне әсер ету түрлі жолдармен іске асырылады. Бір жағынан, құрастырылған сөйлем немесе мәтін автордың білім деңгейін көрсетсе, екінші жағынан, таңдалып, қолданылған сөз автор тарапынан берілген ақпараттың әлеуметтік мағыналылығын көтеру мақсатында пайлануы мүмкін. Терминдерді де осы бағытта қолану тиімді тәсіл бола алады. Көп жағдайда ана тіліндегі сөздерді ағылшын тіліндегі сөздермен алмастыру жиі кездеседі: «Жастар *флэшмоб* өткізіп жатыр». «Компании смогут заработать на сделках, если они грамотно строят свое *кэш-флоу*»



(Жаңалықтар материалдарынан). Шет тілінен алынған сөздерді қолдану, бір жағынан, жаһандану мәселесіне, осыған байланысты тілдердің жылдам таралуына, сөздердің басқа тілге тез енуіне, яғни экстарлингвистикалық себептерге байланысты болса, екінші жағынан, ана тілінде сол ұғымның болмауына, яғни эквиваленттік балама сөздің жоқтығына да байланысты болуы мүмкін.

Терминдердің өз мағынасында жалпы қолданысқа енуі қосымша бейне жасау, жағдайды немесе болмысты образды сипаттау қызметінде де кездеседі. «От диллера до киллера – один шаг». «Долой авитаминоз!». «ВИЧ не помеха!». Терминдерді осы қызметте қолдану аталмыш жағдаятқа оқырмандардың қызығушылығын арттыру үшін де іске асырылуы мүмкін.

Терминдердің кәсіби қолданыс аясынан тыс қолдануы абстрактілі ұғымдардың нақты формаға айналуына септігін тигізеді, яғни оларды түсініп қабылдауын жеңілдетеді. Екінші жағынан, термин мен жалпы қолданыстағы сөз арасындағы алшақтықты қысқартады: *уй атмосферасы, бақыт формуласы, вакуум тишины* және т.б.

Бейтерминдену үдерісінің екінші түрі – *детерминологизация*, терминдердің жалпы тілдік қорға енуі метафорлану тәсілі арқылы жүзеге асады. Аталған тәсіл де кең таралған және қолдану аясы шексіз. Терминдердің бейтерминденуінің негізінде көптеген жағдайда форма, сыртқы пішін, эмоциялық әсер алу негізінде жаңа номинативтік бірліктің пайда болуы жатыр. Метафорланған терминнің денотативтік мағынасы кейінге шегеріп, коннотативтік немесе басқа да мағыналары алдыңғы қатарға шығады, яғни кәсіби шеңбердегі мағынасы ғылыми ақпаратты тарату болса, жалпы қолданыста бейнелеу, нақтылау, салыстыру сияқты түрлі мақсатта қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, бейтерминделген терминдер авторлардың болмысқа, ситуацияларға қатысты субъективтік көзқарасын білдіруі мүмкін: *тангенс выживания, девальвация жизни, кредит доверия* және т.б.

Ғалымдар бейтерминдену мәселесін қарастыра отырып, термин мен бейтерминделген сөз мағыналарының арасындағы байланыстың үзіліп қалу фактілерін де кездестіретіндерін мәлімдеген, яғни бастапқыдағы ортақ белгіге негізделген байланыс мүлдем ажырап, екі номинативтік бірліктің пайда болуына жол ашқан. Лексикалық трансформация (ретерминологизация) барысында тілдік қор жаңа сөздермен байып, омонимдер қатарын толықтыруына жол ашады. Кейбір жағдайларда бейтерминдену барысында пайда болған сөз басқа

ғылым саласына жаңа ұғым атауы болып енуі де мүмкін. Мысалы, информатика терминдерінің ішінде басқа ғылым салаларының терминдері көптеп кездеседі: *дефиниция, грамматика-лингв, диагноз* - мед., *разряд* - физ. Бұл мәселе құранды терминдерге де қатысты. Құранды терминдер мен фразеологиялық бірліктердің ортақ белгілері көп. Олар тұрақты сөз тіркестеріне тән белгілерге ие. Алайда құранды терминдер әдеби тілге өту барысында компоненттерге бөлініп, соның ішінде тек бір бөлігі ғана бейтерминделіп қолданылуы мүмкін: *Орбита земли – орбита славы, учетный файл – файл* переполнен. *Файл* жад мағынасында қолданылып тұр.

Терминдердің метафора тәсілі арқылы бейтерминденуі қоғаммен, қоғамда болып жатқан өзгерістермен тығыз байланысты, себебі тарихтың әр кезеңдерінде метафора процесіне техника ғылымдарының немесе басқа ғылым салаларының терминдері нақты бір кезеңде өзекті болғаны байқалады. Мысалы, төңкерістен кейінгі 20-30 жылдары, бір жағынан, жалпы әдеби тілде әскери лексика мен фразеология қолданылса (*развернуть наступление*), екінші жағынан радиотехника мен өндіріс саласының терминдері кеңінен қолданысқа кірді (*ставить на новые рельсы, глубокое бурение*). 60-жылдардан бастап ғылыми-техникалық революция кезеңінде космонавтика, экология, медицина сияқты өзекті және кеңінен танымал болған ғылым салаларының терминдері бейтерминделіп қолданылуы басым болды: *экология слова, тіл географиясы, орбита славы* және т.б.

Кейбір терминдер бейтерминдену барысында эмоционалды-экспрессивті мағынаға ие болып, кезеңді, жағдайды сипаттауда немесе образды бейнелеуде қолданыс табады. Соның ішінде кейбір жағдайларда жағымсыз ситуацияны немесе мінездің теріс жақтарын сипаттауда қолданылатындығын байқаймыз: *спекулировать ценами – спекулировать прошлым, кризис в экономике – кризис идей* және т.б.

Терминдердің бейтерминдену мәселесін қарастыра отырып, бейтерминдену үдерісі жалпы тілдік қордың жаңа ұғымдармен, жаңа сөздермен толығына септігін тигізетіндігіне көз жеткіземіз. Әдеби және ауыз-екі тіл мен терминдер екі жақты қарым-қатынас орнатып, бір-бірін толықтырып отырады. Терминдер бейтерминдену барысында тар, біржақты мағына аумағынан шығып, көпмағыналы сөздер қатарын құрайды, кейбір жағдайларда бастапқы мағынасынан алшақтап омонимдер қатарына өтеді. Терминдердің бейтерминдену үдерісі көптеген жағдайда метафорлану тәсілі арқылы жүзеге асады деген қорытындыға келеміз.



1. Гутина Е.А. Детерминологизация лингвистических терминов в современной речи. [URS] <http://cutinaea.wordpress.com>. Дата обращения: 20.05.2014г.
2. Думитру Эмиль. Особенности развития и современное состояние русской геоморфологической терминологии. Автореф.Дисс. ...канд.фиол. наук. –М,. 2008. – 25 с.
3. Макарова А.А. Детерминологизация единиц языка экономики и бизнеса в современном русском языке. Автореф.Дисс. ...канд.фиол.наук. –М,. 2007. – 24 с.
4. Мишанкина Н.А. Метафора в терминологических системах: функции и модели./Вестник Томского Гос. Университета, 2012..№4 с.33-45
5. Муратбаева И.С. қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасы. Автореф. Дисс. ...канд.фиол.наук. –Алматы, 2000. – 24 с.

МАЗМҰНЫ

САҒАТБЕК МЕДЕУБЕКҰЛЫ ҰЛЫ ДАЛА ҰРПАҒЫ МӘҢГІЛІККЕ ӨЗ ТІЛІМЕН ЖОЛ ТАРТСА	3
БАЙЫНҚОЛ ҚАЛИҰЛЫ ҚАЗАҚША ТЕРМИН ЖАСАУ МӘСЕЛЕСІ	12
СҮЛЕЕВА Г. М. ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР.	18
ШҮЛЕНБАЕВ Н.Қ. ТЕРМИНЖАСАМ ҚАҒИДАТТАРЫ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРЫ	24
ШЕҢГЕЛБАЕВА Н. Т. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӘСКЕРИ ТЕРМИНДЕРДІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҮЙЕСІ	31
АХМЕТОВА Э.Т. СӨЗДІК ЖАСАУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ	53
ТҰРАРОВА Ж. М., АХМЕТОВА Т. С. ЗАҢНАМАДАҒЫ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР	57
КУЛЬМАНОВА З.Б. АУДАРМАДАҒЫ ЭКВИВАЛЕНТТІЛІК	63
ҚОЖАЕВА М. Т. АУДАРМАТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ КОГНИТИВТІК-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ	71
СҰЛТАН ЖАНБОЛАТ ҰЛТТЫҢ ТІЛІ МЕН ЖАЗУЫ ОРТАҚ БОЛМАЙ, БІРТҮТАС БОЛУЫ ҚИЫН	93



ЗАЙСАНБАЕВ Т.Қ.

ТІЛДІҢ ІШКІ МҮМКІНДІГІ ЖӘНЕ ТЕРМИН ЖАСАУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ 101

ОТАРҒАЛИЕВА Ш. А.

МЕДИЦИНА ТЕРМИНДЕРІ ҚАЛАЙ
АУДАРЫЛЫП ЖҮР 107

АМАНЖОЛОВ М.К.

БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР ҚАТАРЫНДАҒЫ ТӨЛ
СӨЗДЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ ТУРАЛЫ 112

МҰРАТБАЕВА И.С.

ТЕРМИНДЕРДІҢ БЕЙТЕРМИНДЕНУ МӘСЕЛЕСІ
ТУРАЛЫ 121

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ**№2 (50)****2015**

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Республикалық терминология комиссиясының
бюллетені*

Бас редактор - Шерубай Құрманбайұлы

Редакция мекенжайы:

**Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8,
Министрліктер үйі, 15-кіреберіс, 2-қабат
Тел.: 8 (7172) 74-05-03**

Теруге берілген күні 15.10.2015 ж. Басуға қол қойылған күні 13.11.2015 ж. Қағазы офсеттік басылыс.

Пішімі 70x100 1/16. Көлемі 10,4 шартты баспа табақ. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 230.

Бюллетень «Арт Print XXI» ЖШС баспаханасында басылды. 010000, Астана қаласы, Кенесары көшесі,
47, ВП 10. Тел.: +7 (7172) 677-544, 677-545. Факс: 200-206